өлшем бірліктері және өлшеу әдістерінің жіктемесі; деңгей өлшегіш шығынын өлшеу; қысымның айнымалы айырмасын өлшеу; қысымның тұрақты айырмасы шығынын өлшеу; электромагниттік (индукциялық) шығын өлшегіштер; сұйықтық пен газ мөлшерін өлшеу; қатты заттардың мөлшерін өлшеу; заттардың физикалық қасиеттерін өлшеу: сұйықтық пен газ тығыздығын өлшеу; сұйықтықтың тұтқырлығын өлшеу; заттардың ылғалдылығын өлшеу; заттар сапасы құрамын және көрсеткіштерін айқындауға арналған әдістер мен аспаптар: газдар құрамын газталдағыштармен анықтау; көпқұрамды газ қоспаларының талдамасы; сұйықтық талдамасының потенциометриялық әдістері (рН-метрия); сұйықтық талдамасының кондуктометриялық әдістері; сұйықтық талдамасының оптикалық әдістері.

таразылар мен дозаторлардың, тығыздық өлшегіштердің, тұтқырлық өлшеуіштердің, психометрлердің, гигрометрлердің, кондуктометрлік ылғал өлшегіштердің жұмыс қағидаларын;
 - өнеркәсіптік хроматографтардың типтерін;
 - өнеркәсіптік рН-метрдің, автоматтық фотокалориметрлердің жұмыс қағидасын.
Іскерліктер:
 - технологиялық параметрлерді өлшеу үшін автоматтық бақылау жүйенің тиімді құрылымын таңдап алу;
 - өлшеудің жалпы теориясы саласында білімді қолдану және міндеттерді шешу;
 - физикалық шаманы бірліктің бір жүйесінен екінші жүйесіне ауыстыруды жүзеге асыру,
 - өлшеу нәтижелерін бағалау,
 - электрлік және электрлік емес әртүрлі шамаларды өлшеу кезінде параметрлерді есептеу, аспаптарды іске қосу сұлбаларын құру және жинау;
 - дәлдік бойынша технологиялық процестерді өлшеудің стандартты құралдарын таңдау;
 - өзінің кәсіптік қызметінде нормативтік құжаттамаларды пайдалану;
 - тексеру сұлбаларын жинау;

		<ul style="list-style-type: none"> - аспаптың қателігін, вибрациясын, жылдам әрекет етуін, сезімталдығын анықтау; - тіркеу аспаптарының жазу сапасын бағалау; - кедергі, индуктивтілік, сыйымдылық параметрлерін өлшеу. 	
<p>АП 02</p>	<p>Электротехникалық жүйелердің талдамасы және олардың функционалдық міндеттерін тексеру. Өндірістік құрылымдар; еңбекті ұйымдастыру; өнімдердің өндірістік коммуникациясы; монтаждық сұлбаларға қызмет көрсету; техникалық жабдықтаудың электр құралдарының графикалық шартты белгіленуі; коммутацияның бас сұлбасы; функцияның негізгі электрлік шамалары және электр тогы қауіпсіздігінің құрылымдық элементтері мен функционалдық бірліктерінің сипаттамалары; қауіпсіздік техникасы, еңбекті қорғау қағидалары, өлшеу әдістері; жұмысқа</p>	<p>Білімдер:</p> <ul style="list-style-type: none"> - өз кәсібі бойынша міндеттерді, жұмысқа қойылатын талаптарды, жұмыс процестерін; - жабдықтарға, аспаптарға, түйіндер мен элементтерге арналған электротехникалық сұлбаларды, олардың өзара байланысын; - жеке элементтер мен түйіндердің қызметтерін және олардың электротехникалық сұлбалардағы рөлін; - ағылшын тіліндегі техникалық құжаттамаларды; - монтаждық сұлбаларға қызмет көрсетуді; - техникалық жабдықтаудың электр құралдарының графикалық шартты белгіленуін; - функцияның негізгі электрлік шамаларын және электр тогы қауіпсіздігінің құрылымдық элементтері мен функционалдық бірліктерінің сипаттамаларын; - қауіпсіздік техникасы ережелерін. <p>Іскерліктер:</p> <ul style="list-style-type: none"> - өлшеу және есептеу көмегімен электрлік көрсеткіштерді анықтау, оларды құжаттау және өңдеу; - жабдықтарға, аспаптарға, түйіндер мен 	

	<p>кабілеттілікті тексеру, ақауды айқындауға функционалдык тест; келісілген жұмыс, ақпаратты алу және өңдеу әдістемесі.</p>	<p>элементтерге арналған электротехникалық сұлбаларды, сонымен қатар олардың өзара байланысын талдау;</p> <ul style="list-style-type: none"> - техникалық құжаттаманы оқу және әзірлеу; - жеке элементтер мен түйіндердің қызметтерін және олардың электротехникалық сұлбалардағы рөлін анықтау; - электрлік сұлбалар мен өндірістік құралдардың қызметін тексеру; - кателіктерді талдау және жою; - қауіпсіздік техникасы аспектілерін сақтау. 	<p>БҚ 2,3,5,6,9 КҚ 3.3.1</p>
	<p>Электржабдықтарын жөнге келтіру. Кәсіпорынның электржабдықтары: құрылымы; жұмыс қағидалары; жабдықтардың немесе аспаптардың энергия тұтынуы; электржабдықтарын немесе аспаптарды</p>	<p>Білімдер:</p> <ul style="list-style-type: none"> - кәсіпорын жабдықтарының құрылымын және жұмыс қағидасын; - электр энергиясын тұтыну есебін; - электржабдықтарын монтаждау технологиясын; - жөндеу жұмыстарын; - жұмыстарды жүргізу кезіндегі қауіпсіздік техникасын. <p>Іскерліктер:</p> <ul style="list-style-type: none"> - аспаптар мен жабдықтарды энергиямен қамтамасыз ету бойынша өндірістік міндеттерді талдау; - есептеу техникасы көмегімен электржабдықтарын орнату жоспарлары мен сұлбаларын әзірлеу; - жабдықтарды орнату кезінде үлгілік процестерді жоспарлау, міндеттерді шешу тәсілдерін анықтау, материал диспозициясын анықтау, жұмыс 	

АП 03

орнатудағы монтаждау жұмыстарының технологиясы; сымдар қимасын таңдау; жабдықтарды жөндеу; кемшіліктерді жою; жабдықты пайдалануға беру; өндірістік көрсеткіштерді бақылау және құжаттама толтыру; еңбекті ұйымдастыру; шығынды есептеу, құнды ұсыныстар енгізу; жұмыстарды жүргізу кезіндегі қауіпсіздік техникасы.

құралдарын таңдау және жұмыс барысын үйлестіру;
- жабдықтарды орнатуға кететін шығындарды есептеу, қаржылық ұсыныстар әзірлеу және оны клиенттерге ұсыну;
- қауіпсіздік техникасы ережелерін сақтау және электржабдықтарымен жұмыс жасау барысындағы жазатайым жағдайларға ұйғарымдар жазып беру;
- электр тогымен жұмыс жасағанда ықтимал қатерлерді анықтау және қауіпсіздіктің тиісті шараларын сақтау;
- жабдықтарды пайдалануға беру және өндірістік көрсеткіштерді бақылап отыру, құжаттама толтыру;
- жабдықтардың функционалдығын тексеру, ақауларды табу және жөндеуді жүзеге асыру;
- клиенттерге жабдықтарды пайдалануға беру, жұмысын көрсету, қолдану бойынша нұсқаулық беру.

БҚ 2,3,5,6,9
КҚ 3.3.1

Білімдер:

- басқару және реттеу процестерін;
- автоматтық басқару жүйелерін, түйіндерді және олардың құрауыштарын;
- басқару техникасын, экономикалық аспект тұрғысынан алғанда басымдылықтары мен кемшіліктерін, қауіпсіздік техникасын;
- басқару жүйесін пайдалануға қабылдап алуды, олардың жұмыс істеуін тексеру,

АП 04

Басқарудың кешенді аппаратураларын талдау және дәлдеу.

Басқарудың кешенді аппаратуралары; блокты с ұ л б а ; " енгізу-өңдеу-шығару" қағидасы; сенсорлар, факторлар, түйіндесу; ықпал ету тізбегі; функционалдысипаттама сы; сигналды бағдарламалық өңдеу; логикалық негізгі қосылыстар; сақтау функциялары, нормалары; ұйғарымдар мен ережелер; техникалық құжаттама.

техникалық өлшеу көмегімен өндірістік көрсеткіштерді анықтауды, қажетті баптауды.

Іскерліктер:

- жабдықтар мен аспаптарды талдау, құрылымы мен құрылысын қарап шығу, функционалдық өзара байланысын;
- басқаруды анықтау және басқару мен реттеу процестерін ажырату;
- басқару техникасын айыра білу және олардың басымдылықтары мен кемшіліктерін анықтау;
- автоматтық басқару жүйесін өзгерту және түйіндер мен олардың құрауыштарын талаптарға сай таңдау;
- басқару жүйесін пайдалануға қабылдау, олардың жұмыс істеп тұруын тексеру, техникалық өлшеу көмегімен өндірістік көрсеткіштерді анықтау, қажетті баптау;
- стандартты бағдарламалар мен арнайы қолданбалы бағдарламаларды қолдану кезінде техникалық өзгерістерді құжаттау.

БҚ 3,4,5,7
КҚ 3.3.1
КҚ 3.3.2

Ақпараттық техникалық жүйелерді дайындау.

Білімдер:

- міндетті нұсқаулықпен таныстыру құрылымын және функцияларын;
- техникалық қамтамасыз етуді, өндірістік жүйелерді; стандартты және қолданбалы бағдарламаларды;
- қателер диагнозы аспаптарын және тәсілдерін.

Іскерліктер:

АП 05

Міндетті нұсқаулықпен таныстыру құрылымы және функциялары; техникалық қамтамасыз ету, өндірістік жүйелер; стандартты және қолданбалы бағдарламалар; сатып алу процесі, орнату, техникалық қамтамасыз ету және бағдарламалау конфигурациясы; жұмыс орнын эргономикалық жоспарлау; қателер диагнозы аспаптары және тәсілдері; қауіпсіздік және мәліметтерді қорғау, авторлық құқық; презентация техникасы және әдістері.

- техникалық шарттарға с а й
ақпараттық-техникалық жүйелерді кеңейтуді жоспарлау;
- жүйелерді талдау, міндеттерді орындауда техникалық және экономикалық мүмкіндіктерді тексеру, шешім ұсыну;
- бағдарламалық құрауыштарды олардың функциясына, қуатына, қолдану саласына, үйлесімділігіне, үнемділігі мен экологиялық жағдайына сәйкес таңдау;
- ақпараттық-техникалық жүйелерді, сонымен қатар стандартты қолданбалы бағдарламаларды орнату және пішімдеу, оларды қолдану;
- ақпараттық-техникалық жүйелерді дайындыққа келтіру процестері мен жұмыс нәтижелерін құжаттау және көрсету.

БҚ 3,4,5,9
КҚ 3.3.1

Электрмен жабдықтау және өндіріс құралдарының сенімділігіне кепілдеме.
Өнеркәсіптік кәсіпорындарды электрмен жабдықтау жүйелері; өнеркәсіптік кәсіпорындардың цехішілік электрмен жабдыкталуы; цехтардың күштік және жарықтандыру жабдықтары туралы жалпы мәліметтер; электрмен жабдықтаудың

Білімдер:
- энергетикалық жүйе, зауыттар мен кәсіпорындарды электрмен жабдықтау туралы негізгі мәліметтерді;
- кәсіпорынның күштік және жарықтандыру жабдықтары туралы жалпы мәліметтерді;
- электр энергиясы қабылдағыштарының жіктемесін;
- электр беріліс желілерінің және қосалқы электр станциялары электржабдықтарының құрылымдық ерекшеліктерін.
Іскерліктер:

АП 06

және жұмыс режимдерінің үздіксіздік дәрежесі бойынша электр энергиясы қабылдағыштарының жіктемесі; 1000 В. дейінгі қондырғыларда электр желісін қорғау; зауыттар мен кәсіпорындардың өнеркәсіптік алаңдарын электрмен жабдықтау; кернеуі 1000 В. жоғары өнеркәсіптік кәсіпорындарды электрмен жабдықтау; негізгі төмендеткіш қосалқы станциялар (НТҚС) және негізгі таратушы қосалқы станциялар (НТҚС); қысқа тұйықталу; электр энергиясының сапасы; кернеуді реттеу тәсілдері; кернеуі 1000 В. жоғары желідегі реактивті қуат өтемі; экологиялық қауіпсіздік; желілік жүйелер; сақтандырғыш құрылғылары; өлшеуге және бақылауға арналған құралдар; қорғаныс дәрежесі, оқшаулау дәрежесі; қорғаныс түрлері.

- жарықтандыру қондырғыларының сұлбасын оқу;
- өнеркәсіптік кәсіпорындардың электрмен жабдықтау сұлбасын оқу;
- асқан кернеуден қорғау сұлбасын оқу;
- өндірістік құралдар мен жабдықтар үшін электр энергиясын тұтынуды жоспарлау;
- функционалды, экономикалық және экологиялық аспектілерге сай ықтимал энергия тұтынуды талдау және топтау;
- жабдықтар құрауыштарын таңдау, оларды өлшеу және арнайы әдебиеттерді, мәліметтер жазылған парақтарды, жабдықтар мен аспаптар сипаттамасы жазылған парақтарды қолдана отырып, электр сұлбасын құру;
- электр тоғынан зақымданудан, сондай-ақ пайдалануға берген және іске қосқан кезде жазатайым жағдайлардан қорғану жөніндегі нормалардың, ұйғарымдардың, ережелердің, еңбек қауіпсіздігі мен еңбекті қорғау ережелерінің сақталуын бақылау.

БК 3,4,5,9
КҚ 3.3.1

Құрылғы сенімділігін тексеру және талдау.
Ажырату жоспары, коммутациялық сұлба, пневматикалық жоспар немесе гидравликалық

Білімдер:
- электрлік және электрлі емес шамаларды өлшеу әдістерін;
- гидравликалық, технологиялық, коммутационды, электр сұлбаларын;
- сенсорлық датчиктерді, атқарушы механизмді;

<p>АП 07</p>	<p>сұлба, технологиялық сұлба; MSR техникасы құрылымының элементі; электрлік және электрлі емес шамаларды өлшеу; өлшеу тізбектері; сенсорлық датчиктер; атқарушы механизм; реттеу объектісінің өткізу қызметі; жанасу құрылғысы; басқарушы және күштік тізбектер; пайдалану режимдері; старт-финиш функциялары; күтпеген іске қосылудың алдын алу; екі позициялы ауыстырып қосу; авариялық жағдайдағы әрекеттер; түйіспелерсіз жұмыс істейтін қорғаныс құрылғылары; резервтеу және алуан түрлілік; жазбаша және ауызша қатынасу.</p>	<ul style="list-style-type: none"> - реттеу объектісінің қызметін; - түйіспелерсіз жұмыс істейтін қорғаныс құрылғыларын. <p>Іскерліктер:</p> <ul style="list-style-type: none"> - автоматтандырылған жабдықтарды тексеруге дайындау; - механикалық, электрлік, пневматикалық және гидравликалық құрауыштардың көмегімен, жоспарлар мен құжаттамаларды пайдалана отырып, жабдықтарды талдау; - аспаптар мен өндірістік құралдардың қауіпсіз өндірістік қызметін бағалау; - өндірістік және жеке қауіпсіздік аспектілерін ескере отырып жеке құрауыштар мен жабдықтарға функционалды тексеру, өлшеу жүргізу; - өлшеу және тексеру үшін қажетті аспаптарды қолдану. 	<p>БҚ 3,4,5,9 КҚ 3.3.1</p>
<p>АП 08</p>	<p>Жабдықтары басқарудың к е ш е н д і аппаратураларын бағдарламалау және іске асыру.</p> <p>Шағын, модульді және базалық басқару жүйелері, жинақтау бірліктері; өрістерді тудыру деңгейіндегі шина жүйесі; сандық және ұқсас сигналдық өңдеу; құрылымдық бағдарламалау; жобалау әдістемесі; буындар тізбегі; бағдарламалау тілі, сонымен қатар ауыспалы графикалық сипаттама; дербестендіру сатысы, символдық</p>	<p>Білімдер:</p> <ul style="list-style-type: none"> - шағын, модульді және базалық басқару жүйелерін; - сандық және ұқсас сигналдық өңдеуді; - бағдарламалау тілін; - бағдарламалық модельдеуді; қателіктерді іздеуді, қателіктер талдамасын. <p>Іскерліктер:</p> <ul style="list-style-type: none"> - кітапхана қызметтерін басқару бағдарламалары нормаларына сәйкес әзірлеу және құру; - уақыт және кері санау функциясын қолдана отырып, басқаруды жалғастырушылармен бағдарламалау; 	

	жүйесі; бағдарламалық модельдеу; қателіктерді іздеу, қателіктер талдамасы; техникалық қамсыздандыруды қауіпсіз орнату және онлайн көмегімен бағдарламалау.	<ul style="list-style-type: none"> - сызықтықтық және тарамдалған басқару процестерін әртүрлі тораптық қосылыстар түрімен әзірлеу, тестілеу және құжаттау; - көп осьтік ығысу процестерін немесе көліктік-техникалық процестерді бағдарламалау. 	БҚ 3,4,5,9 КҚ 3.3.1
АП 09	<p>Жетек жүйесін таңдау және интегралдау. Құрылымдық тораптар және құрауыштары; оқшаулау класы; ұқсас, сандық және бағдарланатын сенсорлық құрылғылар; статикалық ток түрлендіргіш; тура емес әрекет клапаны; айналым сандарын реттеу; жағдайды реттеу; стандартты реттегіш; реттегішті баптау, өрістерді тудыру деңгейіндегі шина жүйесі; кинематика; қызмет көрсетуші автомат.</p>	<p>Білімдер:</p> <ul style="list-style-type: none"> - ұқсас, сандық және бағдарланатын сенсорлық құрылғыларды; - жетек жүйесін интегралдауды; - жетекті реттеу әдістерін; - реттегіш түрлерін, реттегіштерді баптауды. <p>Іскерліктер:</p> <ul style="list-style-type: none"> - электр және пневматикалық жетектерді, сонымен қатар процесс талаптарына сай жинақтаушы құрауыштарды таңдау; - экономикалық аспектіні есепке ала отырып, жетектің жарамдылығын бағалау; - электромагниттік үйлесімділік ұйғарымдарына сәйкес электржетегі жүйесін орнату; - электр және пневматикалық жетек жүйелері үшін параметрлерін белгілеу; - жетек жүйелерін басқару және реттеу жүйелеріне интегралдау, қажетті параметрлерін белгілеу. 	БҚ 3,4,5,9 КҚ 3.3.1 КҚ 3.3.2
		<p>Білімдер:</p> <ul style="list-style-type: none"> - желі конфигурациясын; - желілік адресстерді және желі тораптарының адресстерін; 	

АП 10

Коммуникативтік жүйелер мен басқару жүйелерін интегралдау.

Желі конфигурациясы; мәліметтерді беру ортасы; желілік адресстер және желі тораптарының адресстері; шина техникасы: мономастер жүйесі және мультимикропроцессорлы жүйе; мүмкіндік процедурасы және протоколдар; нақты уақыт режиміндегі мүмкіндіктер; басқару жүйелері; мүмкіндік құқығы және мәліметтерді сақтау; өлшеу нәтижелерінің кестелік және графиктік презентациясы; интерфейс "адам – машина"; жұмысты жоспарлау және басқару.

- мономастер жүйесін және мультимикропроцессорлы жүйені;
- басқару жүйелерін;
- жұмысты жоспарлауды және басқаруды.

Іскерліктер:

- басқару жүйесін және коммуникация жүйелерінің жүйелік құрауыштарын ақпараттық-техникалық жүйелермен интегралдауды жоспарлау;
- жеке жүйелер мен құрауыштар арасында мәліметтерді алмастыру және талдау;
- бағдарламалар әзірлеу және визуалдау бойынша құрал-саймандарды пайдалану;
- басты өткізгіш жүйелер көмегімен орталықсыздандыру басқару жүйелерін қосу;
- коммуникацияның тиісті жүйелері мен жалғатырушы құрауыштарды процесс талаптарына сәйкес таңдау;
- машиналармен және процестермен басқаратын жүйелер үшін өндірістік қауіпсіздікті сақтай отырып, қолданбалы бағдарламалар параметрлерін пішімдеу және белгілеу.

БҚ 3,4,5,9
КҚ 3.3.1
КҚ 3.3.2

Білімдер:

-кәсіпорынның технологиялық процестерін автоматтандыру жүйесін;
- ресурстар және мамандар менеджментін;
- автоматтандыру жүйесінің ықтимал ақаулар талдамасын;

АП 11

Кәсіпорынның автоматтандыру жүйесін тарату және пайдалануға тапсыру.

Уақыт менеджменті; ресурстар және мамандар менеджменті; техникалық құжаттама, онлайн көмегі; ықтимал ақаулар талдамасы; диагностика процестері; аппараттық және бағдарламалық қамсыздандыру компоненттерін қайта тексеру; ұқсас, сандық және бағдарламаланатын сенсорлық датчиктер; жиілікті статикалық түрлендіргіш және тұрақтандырғыш; өндірістік процесті тексеру; орнату қауіпсіздігі; пайдалану сенімділігі; пайдалануға беру протоколдары; пайдаланушыға нұсқаулық; жеткізіп беруші – клиент арасындағы өзара байланыс; кепілдік.

- диагностика процестерін, аппараттық және бағдарламалық қамсыздандыру компоненттерін қайта тексеруді;

- ұқсас, сандық және бағдарламалық бағдарламаланатын сенсорлық датчиктерді;

- автоматтандыру жүйесін пайдалану сенімділігін қамтамасыз етуді.

Іскерліктер:

- пайдалануға берілетін жүйелік компоненттердің функциясын техникалық құжаттама көмегімен тексеру;

- автоматтық жүйелерді пайдалануға қабылдау процестерін талдау және әрекет ету алгоритмін беру;

- жеке компоненттерді функционалды автоматтық жүйелерге қосу және пайдалануға енгізу;

- басқару және реттеу процестерінде қажетті өзгерістер жүргізу, диагностика жүйесі мүмкіндіктерін пайдалану және функциялар мен қателіктер протоколын интерпретациялау;

- қауіпсіздіктің құрылғыларын тексеру, орнату;

- сапа жөніндегі талаптарға сәйкес жабдықтарды тексеру, пайдалануға беру протоколын, сонымен қатар пайдалану жөніндегі нұсқаулықты әзірлеу және жабдықты пайдалануға беру.

БҚ 3,4,5,9

КҚ 3.3.1

КҚ 3.3.2

Білімдер:

АП 12

Автоматтандырылған жүйелерді орнату және оңтайландыру.

Жабдықтардың пайдалануға дайындау; тауарлық-материалдық қорлардың өтелімі; қосымша бөлшектер және қосымша бөлшектерді сатып алу; өз бетімен диагноз қою; техникалық ақауларды талдау ережесі; реттегішті орнату; модельденетін бағдарлама; сертификаттау.

- автоматтандырылған жүйелерді оңтайландыру әдістерін;
- қосымша бөлшектерді және қосымша бөлшектерді сатып алуды ;
- автоматтандырылған жүйелердің диагностикасын;
- техникалық ақауларды талдауды.

Іскерліктер:

- автоматтық жүйелерге қызмет көрсету іс-шараларын жоспарлау;
- қоршаған ортаның өндірістік қауіпсіздікке әсерін талдау және бағалау;
- қызмет көрсетудің алдын алу іс-шараларын өткізу;
- диагностикалық жүйелерді қолдану және қателіктерге жүйелі түрде шектеу қою;
- ақауларды жою, қызмет көрсетудің сыртқы және ішкі мүмкіндіктерін ескеру;
- сенсорлар мен факторлар орнату, басқару мен реттеу процестерін оңтайландыратын, өздігінен бақылайтын жүйе параметрлерін және басқару бағдарламаларын тексеру және өлшеу;
- сапаны бағалайтын аспаптар көмегімен проблемалардың және әлсіз жерлердің талдамасын жасау және статикалық деректер дайындау.

БҚ 3,4,5,9
КҚ 3.3.1
КҚ 3.3.2

Білімдер:

- жоспарлаудың нормативтік құжаттарын;
- жобалар менеджментін;
- бағдарламалық өндірісті ;

АП 13

Жүйелерді автоматтандыруды жоспарлау және іске асыру.

Нұсқаулықтар, колданбалы бағдарламалар, нормативтік құжаттар; жобалар менеджменті; міндетті бөлу журналы; бағдарламалық өндіріс; бағдарламалық тест; экономикалық тиімділік; қаржы салымы және өнімді рәсімдеу, нормалары; ұйғарым және нұсқаулық; қаражатты қайта бөлу; жоғары сапалы менеджмент; бағдарламалық іске асыру; тәжірибелі пайдалану; пайдалануға енгізу; қателіктер диагностикасы, қателіктер жиынтығы; нормалар, ұйғарымдар және нұсқаулықтар; жобалық құжаттама және презентация; бағалау және мәліметтерді қорытындылау; жобалар және жобалық талдау.

- экономикалық тиімділікті;
- қаржы салымын және өнімді рәсімдеуді.
Іскерліктер:
- олардың қолдану саласынан автоматтық жүйелерді құру және өзгерту үшін жобалар жоспарлау;
- жобалық мақсаттарды анықтау, ақпарат алу, міндеттерді орындау кезеңдерін құрылымдау және оларды іске асыру затына талдау;
- техникалық құжаттама әзірлеу, еңбек пен уақытты ұйымдастыру модельдері және онымен байланысты шығындарды есептеп шығару;
- жоспарлауда прогресс аралығын талдау және бағалау;
- жүйелерді және жабдықтар құрауыштарын автоматтандыруды іске асыру;
- пайдалануға беруді іске асыру, функцияларын жартылай және толық тексеру, ақауларға талдау жасау және қателерді жүйелік іздеу, оларды жою әдістері мен стратегиясын қолдану.

БҚ 3,4,5,7
КҚ 3.3.1
КҚ 3.3.2

Еңбекті қорғау.

Еңбекті қорғаудың құқықтық және ұйымдастырушылық мәселелері: Қазақстан Республикасында еңбекті қорғау жөніндегі негізгі заңнамалар; еңбек қауіпсіздігінің стандарттар жүйесі (ЕҚСЖ); еңбекті қорғау бойынша жұмыстарды ұйымдастыру; қауіпті және зиянды өндіріс

Білімдер:

- еңбекті қорғау жөніндегі заңнама негіздерін;
- тиімді жұмыс жағдайларын жасау бойынша іс-шараларды, өндірістік жайларға және жұмыс орындарына

<p>АП 14</p>	<p>факторлары; өндірістегі жазатайым жағдайларды зерттеу, есепке алу және талдау; жұмыс орнында еңбекті ұйымдастыру; еңбек гигиенасы және өндірістік санитария: өндірістік жайларға, жұмыс орындарына, технологиялық жабдықтарға қойылатын жалпы санитарлық-гигиеналық талаптар; өндірістік жайларды жарықтандыруға қойылатын талаптар; шудан, вибрациядан, ультрадыбыстардан, ионданған және электромагниттік сәулеленуден қорғау; қауіпсіздік техникасы: тиіп-түсіру, тасымалдау және қойма жұмыстары кезіндегі қауіпсіздік техникасы; қолмен жұмыс жасайтын құрал-саймандармен және айлабұйымдармен жұмыс жасау кезіндегі қауіпсіздік техникасы; бақылау және автоматтандыру жүйелерін монтаждау кезіндегі қауіпсіздік техникасы; электрлік қауіпсіздік негіздері; өртке қарсы қорғаныс: заттардың жануы және жарылу қауіпі қасиеттері; өртті сөндіру құралдары мен тәсілдері; кәсіпорындарда өрт күзетін ұйымдастыру.</p>	<p>қойылатын жалпы санитарлық-гигиеналық талаптарды; - электрлік қауіпсіздік негіздерін және электр тоғымен жарақаттанудан қорғау шараларын, жазатайым жағдайларда зардап шегушілерге дәрігерге дейінгі көмек көрсету жөніндегі негізгі медициналық мәліметтерді. Іскерліктер: - еңбекті қорғау жөніндегі нормативтік-техникалық құжаттаманы пайдалану; - өндірістің қарамағындағы учаскеде жұмыстарды қауіпсіз жүргізуді ұйымдастыру; - жазатайым жағдайларға зерттеу жүргізу және Н-1 формасы бойынша акт рәсімдеу; - технологиялық процестер мен жабдықтың қауіпсіздік параметрлерінен ауытқуын және бұзылуын анықтау; - адамға кері әсер ететін қауіпті және зиянды өндірістік факторларды бағалау; - ағымдағы және кезеңдік нұсқаулық өткізу, қауіптілігі жоғары жұмыстарға жоғары рұқсат-наряд рәсімдеу; - жазатайым жағдайда зардап шеккендерге алғашқы көмек көрсету.</p>	<p>БҚ 6,7,9 КҚ 3.3.2</p>
<p>ӨО ж КП 00</p>	<p>Өндірістік оқыту және кәсіптік практика</p>		
	<p>Оқу электротехникалық және электр монтаждау практикасы. Electronics Workbench құрауыштары; сұлбаларды модельдеу; электр тізбектерінің</p>		

ӨО 01

элементтері; тұрақты тоқтың электр тізбектері; айнымалы ток тізбектері; резонансты электр тізбектері; электр монтаждау қосылыстарын дәнекерлеу; коммутациялық бұйымдарда бір және көп талсымды мыс сымдарды дәнекерінен ыдырату; кеңінен қолданылатын радио элементтер типі; радио элементтерін монтаждау тәсілдері; сымдарды, шнурларды және кабельдерді өңдеу, жалғау, тарамдау және ұштау; электрлік орнату бұйымдары, тағайындалуы, құрылымы және оларды монтаждау; жарықтандырғыш сымдарды орнату және монтаждау; автоматтық емес іске қосу және қорғау аппаратуралары; автоматтық іске қосу және қорғау аппаратуралары.

Іскерліктер:

- құрал-саймандарды қолдана білу;
- сымдарды дәнекерлеу;
- сымдарды, шнурларды және кабельдерді өңдеу, жалғау, тарамдау және ұштау;
- жартылай өткізгіш аспаптарды монтаждау және пісіру;
- жарықтандырғыш желілер жүйесін монтаждау;
- іске қосу және қорғау аппараттарын жинау және бөлшектеу.

Дағдылар:

- ЭЕМ электр тізбегі элементтеріне электрмонтаждау жұмыстарын жүргізу.

БҚ 4,6,7,9,10

КҚ 3.3.1

КҚ 3.3.2

КҚ 3.3.3

Бағдарламалық қамсыздандыру технологиясы және әзірлеу бойынша оқу практикасы.

Тапсырмалар орындау; бастапқы мәліметтерді жинау; тапсырмалар деректемелерінің анықтамасы; кіріс және шығыс құжаттарының құрылымы мен түрлерінің анықтамасы; белгілері және кодтау бойынша объектілердің жіктемесі; бағдарламалар мен құжаттамаларды әзірлеу сатыларының және кезеңдерінің анықтамалары; тапсырмалар үшін тестілер әзірлеу;

Іскерліктер:

- "Техникалық тапсырмалар" бөліміне "Кіріспе" әзірлеу;
- "Кіріс және шығыс құжаттарының түрлері" қосымша әзірлеу;
- тестілік тапсырмаларды орындау;
- кіріс және шығыс мәліметтерінің құрылымын нақтылау;
- тапсырмаларды орындау алгоритмін анықтау;
- деректер базасының құрылымын анықтау;

БҚ 4,6,7,9,10

КҚ 3.3.1

	<p>Техникалық тапсырмалар " құжатын рәсімдеу; тапсырмаларды орындау алгоритмінің анықтамасы; деректер базасы файлдары құрылымының анықтамасы; бағдарлама құрылымын әзірлеу; модульдер үшін тестілер әзірлеу; түсіндірме жазба әзірлеу; негізгі бағдарламаны бағдарламалау; модульдерді бағдарламалау; кешенді тестілеу; бағдарламаларға түзету енгізу; жұмыс жобасы құжаттарын әзірлеу.</p>	<ul style="list-style-type: none"> - модульдер үшін тестілер әзірлеу; - бағдарламалар құрылымын әзірлеу; - түсіндірме жазбаны әзірлеу; - жұмыс жобасы сатыларын орындау. <p>Дағдылар:</p> <ul style="list-style-type: none"> - бағдарламалық қамсыздандыруды әзірлеу; - жұмыс жобасының құжаттарын әзірлеу. 	<p>КҚ 3.3.2 КҚ 3.3.3</p>
<p>ӨО 02</p>	<p>Оқу өндірістік практика. Электр механикалық релені және логикалық сұлбаны жөндеу; аппараттар мен тетіктерді монтаждау; қалқанды рәсімдеу; сигнал беру сұлбаларын зерттеу, жинау және сынау; реттеу сұлбасын зерттеу, жинау және сынау; резервті автоматты енгізетін қоректендіру сұлбасын зерттеу, жинау және сынау; сорғыны басқару сұлбасын зерттеу, жинау және сынау; асинхронды қозғалтқышты басқару сұлбасын монтаждау, баптау және сынау; резервті қозғалтқышты енгізу сұлбасын жинау және сынау;</p>	<p>Іскерліктер:</p> <ul style="list-style-type: none"> - аспаптардың конструктивті ерекшеліктеріне қарай орнату тәсілдерін таңдау; - аппаратураға, қалқанды рәсімдеу қысқыштары мен тетіктерінің оқшаулауына монтаждауды жүргізу; - параметрлердің технологиялық сигнал беру сұлбаларының жұмысындағы ақауларды анықтау және жою; - технологиялық параметрлерді реттеу сұлбаларының жұмыс режимдері; - резервті қозғалтқышты енгізумен қоректендіру сұлбасын жинауды және сынауды орындау; - стендте сорғыны басқару сұлбасының аппаратурасына монтаждауды орындау; - принциптік электр сұлбаларын оқу; - резервті қозғалтқышты енгізу сұлбасының тізбектеріне таңбалауды орындау; 	<p>БҚ 4,6,7,9,10 КҚ 3.3.1 КҚ 3.3.2 КҚ 3.3.3</p>

	<p>ағынды-көлік жүйесін іске қосып басқару сұлбасын жинау және сынау; температураның алғашқы өлшеу түрлендіргіштерін жөндеу; қысым мен разрядталу аспаптарын жөндеу.</p>	<ul style="list-style-type: none"> - істен шығу диагностикасын орындау; - іске қосылу сұлбасын оқу; - резервті қозғалтқышты енгізу сұлбасын оқу; - серіппелі түтікті манометрге жөндеуді орындау; иінтіректі берілістері бар манометрлерді жөндеу. <p>Дағдылар:</p> <ul style="list-style-type: none"> - реттеу және сигнал беру сұлбасын жинау және монтаждау; - қозғалтқышпен басқару сұлбасын жөндеуді монтаждау және сынау. 	
КП 03	<p>Технологиялық практика. Кіріспе әңгіме; практиканың мақсаттары мен міндеттері; кәсіпорынға рәсімделу; қауіпсіздік техникасы мен өрт қауіпсіздігі бойынша нұсқаулық; учаскелерге бөліну; кәсіпорынмен жалпы танысу; кәсіпорынға саяхат; БӨА және А цехының (қызметінің) құрылымы; бақылау және автоматтандыру жүйелеріне техникалық қызмет көрсету жөніндегі өндірістік бригададағы жұмыс; цехтың бақылау және автоматтандыру жүйелерінің, аспаптарды пайдалану және жөндеу қызметтерінің технологиялық процестері мен жұмысын зерттеу; кәсіпорында жинақталған материалдарды қорыту, күнделік жүргізу.</p>	<p>Іскерліктер:</p> <ul style="list-style-type: none"> - функционалдық, принциптік және монтаждық сұлбаларды оқу; - жұмыстарды орындауға наряд толтыру; - жұмыстардың көлеміне ведомость құру. <p>Дағдылар:</p> <ul style="list-style-type: none"> -автоматтандырылған жүйелерге техникалық қызмет көрсету; - ЭЕМ қызмет көрсету; - желілер мен негізгі жабдықтарды жобалау, монтаждау және баптау; - бағдарламалар мен бағдарламалық құралдарды енгізу және қолдап отыру. 	<p>БҚ4,5,6,7,9,10 КҚ 3.3.1 КҚ 3.3.2 КҚ 3.3.3</p>
	<p>Диплом алдындағы практика. Кіріспе әңгіме; практиканың мақсаттары мен міндеттері; практикаға рәсімделу;</p>	<p>Іскерліктер:</p> <ul style="list-style-type: none"> - аспаптарды техникалық қызмет көрсетуге және жөндеуге құжаттамалар рәсімдеу; 	

КП 04	қауіпсіздік техникасы мен өрт қауіпсіздігі бойынша нұсқаулық; жұмыс орнымен танысу; ЭЕМ қызмет көрсету бойынша міндеттерін орындау; өндірістік саяхаттар; материалдарды қорыту және есеп беруді рәсімдеу.	- жұмыстарды орындауға нарядтар рәсімдеу және жабу; - жұмыс орнында нұсқаулық өткізу. Дағдылар: - дипломдық жобаға мәліметтер жинау; - кәсіптік міндеттерді шешуде ақпараттық технологияны қолдану.	БҚ4,5,6,7,9,10 КҚ 3.3.1 КҚ 3.3.2 КҚ 3.3.3
Біліктілік: 130204 3 - Өнеркәсіп электрiгi			
ЖКП 00	Жалпы кәсіптік пәндер		
ЖКП 01	Мемлекеттік тілде іс қағаздарын жүргізу. Іс жүргізу бойынша сөздікпен жұмыс істеу; құжаттау және шаблондау мен стандарттауды құжаттармен қамтамасыз ету мәселелері бойынша нормативтік-әдістемелік құжаттар; құжаттарды шаблондаудан түсінік; әкімшілік-ұйымдастыру құжаттарының тізіміне кіретін құжаттарды құру ережелері; офистік және құжаттамалық жұмыс негіздері; техникалық құралдардың көмегімен құжаттау технологиясы.	Білімдер: - құжаттау қызметінің құрылымын, лауазымдық міндеттерді, техникалық құралдардың көмегімен құжаттау технологиясын. Іскерліктер: - әкімшілік-ұйымдастыру құжаттарын, мемлекеттік тілде қызметтік хат алысуды құру және рәсімдеу; - құжаттармен келіп түскен сәтінен, істі рәсімдеуге дейін жұмыс жасау; - анықтамалық әдебиетпен жұмыс жасау.	БҚ 4,5,6,8
ЖКП 02	Сызу. Кіріспе, КҚБЖ, МЕМСТ түсініктемесі; сызбалардың графикалық рәсімделуі; сызба сызықтары; сызба форматтары; графикалық редактордың көмегімен сызбаларға стандартты қаріптермен жазулар түсіру; масштабтар; өлшемдер түсіру; колмен және графикалық	Білімдер: - МЕМСТ 2.303-68* бойынша сызықтарды, МЕМСТ 2.301-68* бойынша форматтарды; - МЕМСТ 2.304-81 бойынша сызба қаріптерін; - МЕМСТ 2.302-68 бойынша масштабтарды, МЕМСТ 2.307-68* бойынша өлшемдер түсіру ережелерін. Іскерліктер: - стандартты сақтай отырып, әртүрлі сызықтарды сызу;	БҚ 3,5,7,9 КҚ 3.4.1

	<p>редактордың көмегімен тетіктердің контурларын түсіру тәсілдері; техникалық сызу; сызбалар мен нобайларды орындаудың жалпы ережелері; сұлбалардағы шартты, графикалық белгілеулер; мамандық бойынша сұлбалар.</p>	<ul style="list-style-type: none"> - сызбаларда стандартты қаріппен жазба жазу; графикалық редактордың көмегімен сызбаларға стандартты қаріптермен жазулар түсіру; - сызба масштабын анықтау, берілген масштабта қолмен және графикалық редактордың көмегімен тетіктердің сызбаларын орындау; - сызбада қарапайым түрдегі тетіктердің өлшемдерін түсіру; - мамандық бойынша электр сұлбаларды оқу. 	
ЖКП 03	<p>Техникалық механика негіздері. Статика; статика аксиомалары, күш жүйелері, материалдар кедергісі; деформацияланған күйдің түрлері: созылу (сығылу), ығысу, айналдыру, тура иілу, күрделі деформация; беріктікке есептеу; механизмдер мен машиналардың бөлшектері, механизмдер мен машиналардың кинематикалық сұлбаларын оқу және құру; әртүрлі берілістегі буындардың негізгі өлшемдерін геометриялық есептеу.</p>	<p>Білімдер: - статистиканың негізгі ұғымдарын, жазық күш жүйелерін, күш моменттерін, кинематика және динамика элементтерін; - материалдардың кедергілер негіздерін, машина тетіктерінің негіздерін.</p> <p>Іскерліктер: - механикалық жүйелердің беріктігіне есептеулер жүргізу; - механизмнің қажетті түрін таңдау, механизмдер мен құрылымдардың жиынтық бірліктерінің құрылымдық ерекшеліктеріне талдау жасау.</p>	БҚ 3,7,8,10 КҚ 3.4.1
	<p>Электротехниканың теориялық негіздері. Тұрақты токтың электр тізбектері; электр өрісі туралы ұғым; потенциалдар және потенциалдардың түрлілігі, электр тогы, оның физикалық мәні және есептеу әдістері; кедергі, өтімділік; электр қозғаушы күштер; электр тізбегін</p>	<p>Білімдер: - негізгі электрлік және магниттік құбылыстарды, олардың физикалық мәнін және іс-жүзінде қолдану мүмкіндігін; - электротехника негізделген физикалық заңдарды және бұл заңдардан туындайтын салдарларын; ережелерін, есептеу әдістерін;</p>	

ЖПК 04	<p>байланыстырушы электротехника заңдары; электр тізбегінің байланыстырушы параметрлері; электрмагниттік өріс және оның құрауыштары; магниттік және электрлік тізбектерде өтетін электрмагниттік процестер; магниттік тізбектерді есептеу; электрмагниттік индукция; синусоидалы токтың электр тізбектері; тұрақты және айнымалы токтың электр тізбегін есептеу; тұрақты және айнымалы токтың сызықты емес тізбектері; есептеу ұғымдары мен әдістері; синусоидалы емес токтың электр тізбектері; есептеу ұғымдары мен әдістері; электр тізбектеріндегі өтпелі процестер; тарату параметрлері бар электр тізбектері.</p>	<p>- теориялық электротехникада жиі қолданылатын терминдер мен анықтамаларды;</p> <p>- алмастыру сұлбаларында қолданылатын электр тізбектері элементтерінің шартты графикалық белгіленуін;</p> <p>- электрлік және магниттік шамалардың өлшем бірліктері мен әріптік таңбалануын.</p> <p>Іскерліктер:</p> <p>- тұрақты және айнымалы токтың электрлік тізбектеріне есептеу жүргізу;</p> <p>- электр машиналары мен трансформаторларды оқыған кезде электрмагниттік индукция заңын қолдану;</p> <p>- өтпелі процестердің электрлік шамалары мен өту уақытының параметрлерін анықтау.</p>	<p>БҚ 1,2,3,7 КҚ 3.4.1</p>
ЖКП 05	<p>Электротехникалық материалдар.</p> <p>Металдардың құрылымы мен қасиеттері, темірдің көміртекті қорытпалары; түсті металдар және олардың қорытпалары; магниттік материалдар; магнитті жұмсақ электротехникалық материалдар, өткізгіш материалдар; өткізгіш материалдарының жіктемесі; сымдар, шиналар, кабельдер; жартылай өткізгіш материалдар; қасиеттері, қолданылу саласы; электр өлшеу материалдары; диэлектриктер физикасы; физика-механикалық сипаттамалары; газ тәрізді диэлектриктер;</p>	<p>Білімдер:</p> <p>- электротехникалық материалдардың құрылымын, олардың электрлік, магниттік, жылу, механикалық және физика-химиялық сипаттамаларын;</p> <p>- электротехникалық материалдарды қолдану саласын және алу тәсілдерін.</p> <p>Іскерліктер:</p> <p>- өткізгіш материалдарды жіктеу;</p> <p>- сымдар мен кабельдердің маркаларын ашып оқу;</p>	

	<p>поляризациялық материалдар; электр оқшаулау материалдары және компаундтар; резеңкелер; электр оқшаулағыш слюда, керамика, шыны, қабатты пластмасса.</p>	<p>- өндіріс талаптарына сай электротехникалық материалдарды таңдау.</p>	<p>БҚ 1,2,7,9 КҚ 3.4.1</p>
ЖКП 06	<p>Электрлік өлшемдер. Метрология негіздері; электрлік шамаларды өлшеу құралдары; ұқсас электрлік өлшеу аспаптары, өлшеу тізбектері; өлшеу аспаптары туралы және өлшеу шектерін кеңейту тәсілдері туралы ұғым; электрлік және магниттік көлемдерді өлшеу; электр тізбектері параметрлерін өлшеу, электр энергиясы қуатын өлшеу; салыстыру аспаптары: компенсаторлар, потенциометрлер, электронды және сандық аспаптар; электр козғаушы күштері, кернеуді үлгілік әдіспен өлшеу әдістері туралы түсінік; электрлік емес шамаларды өлшеу; тіркеу құралдары; электрлік емес шамаларды түрлендіргіштермен өлшеу; тіркеу әдістері, өздігінен жазатын құралдар, температураны өлшеу тәсілдері туралы түсінік.</p>	<p>Білімдер: - метрологияның негізгі қағидаларын; типтерін, құрылғыларын, қызмет принциптерін, сипаттамаларын және электрлік өлшеу аспаптарын қолдану саласын; өлшеу қателіктерін анықтау әдістемесін; электрлік, магниттік және электрлік емес шамаларды өлшеу тәсілдерін; өлшеу шектерін кеңейту тәсілдерін. Іскерліктер: - зертханалық жұмыстарды орындау кезінде өлшеу бірліктерін және формулаларды қолдану; - шунт кедергісін және үстеме кедергілерді анықтау; - ө л ш е у трансформаторларын таңдау; -электр тізбектерінің параметрлерінің анықтау; - дәлдік аспаптарын қолдану және іске қосу сұлбасын орындау; - тіркеу құралдарын таңдау.</p>	<p>БҚ 5,7,8 КҚ 3.4.1</p>
	<p>Өнеркәсіптік электроника негіздері. Электр вакуумдық және ионды аспаптар; жартылай өткізгіш аспаптар: диодтар,</p>	<p>Білімдер: - терминологияны, шаманың өлшемділігін және олардың негізгі қатынастарын; - электронды, ионды, жартылай өткізгіш аспаптар құрылғыларын және сипаттамаларын;</p>	

ЖКП 07	<p>транзисторлар, тиристорлар; интегралды микросұлбалар; күшейткіштер; қорек көздері: түзеткіштер, жазу сүзгілері, кернеу көбейткіштері, тұрақтандырғыштар, инверторлар мен жиілік түрлендіргіштер; желілік тербеліс генераторлары; импульстік және сандық құрылғы элементтері; микропроцессорлық техника элементтері.</p>	<p>- өнеркәсіптік электроника аспаптары мен құрылғыларын пайдалану шарттарын және қолданылу саласын.</p> <p>Іскерліктер:</p> <ul style="list-style-type: none"> - үлгілік электронды сұлбаларды оқу; - электронды аспаптар мен құрылғыларды зертханалық зерттеу бойынша эксперименттер жүргізу, техникалық және анықтамалық әдебиетті пайдалану; - негізгі есептік арақатынастар бойынша есептер шығару. 	БҚ 5,7,8 КҚ 3.4.1
ЖКП 08	<p>Электр машиналары және трансформаторлар.</p> <p>Тұрақты ток машиналарының конструкциялары және жұмыс принциптері; тұрақты ток машиналарының магниттік тізбегі; коммутация; тұрақты ток генераторлары; қоздыру тәсілдері; генераторлар сипаттамалары; тұрақты ток қозғалтқыштары; жұмыс принципі, қозғалтқышты іске қосу; жұмыс сипаттамалары; айналу жиілігін реттеу; трансформаторлардың конструкциясы және жұмыс принципі; жұмыс р е ж и м і ; трансформаторлар топтары және қосу сұлбалары; автотрансформаторлар, үш орамды және арнайы трансформаторлар; синхронды генераторлардың конструкциясы және жұмыс принципі; қоздыру тәсілдері;</p>	<p>Білімдер:</p> <ul style="list-style-type: none"> - электр машиналары мен трансформаторлардың жұмыс принципі негізіне сүйенетін электрмагниттік және электр механикалық процестерді; - электр машиналары мен трансформаторлардың негізгі қасиеттерін, құрылымдық ерекшеліктерін және сипаттамаларын; олардың қолданылу саласын. <p>Іскерліктер:</p> <ul style="list-style-type: none"> - электр машиналары мен трансформаторлардың типін конструкциялары және паспорттық мәліметтері бойынша анықтау; - қозғалтқыш сұлбаларын жинау және сипаттамаларын алу; - зәкір орамдарының толық сұлбалары параметрлерін есептеу және орындау бойынша есептер шығару; тұрақты токтың магниттік тізбегін есептеу бойынша есептер шығару; коллекторлы 	

	<p>активті және реактивті қуатты реттеу; синхронды генераторлардың желідегі параллель жұмысы; синхрондау әдістері; арнайы тағайындаудағы синхронды қозғалтқыштардың жұмыс принципі және конструкциясы; асинхронды қозғалтқыштардың жұмыс принципі және құрылымы; физикалық процестер, іске қосу, асинхронды қозғалтқыштардың жұмыс сипаттамалары.</p>	<p>машиналардың ЭҚК, электрмагниттік моменттерін және жиілігін есептеу; бұл машиналар сипаттамаларын есептеу; - трансформаторлар параметрлері және сипаттамаларын есептеу арқылы параллель қосылған трансформаторлар арасындағы жүктемелерді тарату бойынша есептер шығару; үш фазалы асинхронды қозғалтқыштардың жұмыс сипаттамасын есептеу және құрау; синхронды машиналар шығынын есептеу және ПӘК.</p>	<p>БҚ 5,7,8 КҚ 3.4.1</p>
ЖКП 09	<p>Компьютерлік технология негіздері. Windows АЖ; Microsoft Word мәтіндік редактор; Excel электронды кесте; деректер базасы; компьютерлік желілер; Auto Cad графикалық редактор; ЭЕМ және курстық жобалауда қолдану; автоматтандырылған жұмыс орындары.</p>	<p>Білімдер: - жоғары деңгей тілінде алгоритмдеу және бағдарламалау негіздерін; - пайдаланушыға компьютерді жөнге келтіруді; желіде жұмыс жасауды; - офистік бағдарламалармен жұмыс жасауды. Іскерліктер: - АЖ баптау; - мәтінді пішімдеу және түзету енгізу; кестелер құру және түзету енгізу; - ақпаратты алу және жөнелту үшін жергілікті желі мен жаһандық желіні пайдалану; - сызбалар құру және түзету енгізу.</p>	<p>БҚ 5,7,8 КҚ 3.4.1</p>
		<p>Білімдер: - өлшеудің негізгі түрлерін және әдістерін; - аспаптар қателіктерінің түрлерін; - автоматтық бақылау жүйесінің негізгі элементтерін;</p>	

Стандарттау, метрология және сертификаттау негіздері.

Метрология негіздері және өлшеу құралдары: метрология негіздері; өлшеу жүйелері және құралдары; қысымды өлшеу; қысымды өлшеу бірліктері; аспаптардың жіктемесі; сұйықтық манометрлері; деформациялық манометрлер; қысым мен зарядтауды өлшеу түрлендіргіштері; жүкпоршенді манометрлер; температураны өлшеу: температура шкаласы; аспаптар жіктемесі; кеңейту термометрлері: манометрлік термометрлер; кедергінің электрлік термометрлері; жылулық сәулелену бойынша температураны өлшеу; сұйықтықтар мен сусымалы материалдардың деңгейін өлшеу: сұйықтық деңгейін өлшеу; сусымалы материалдардың деңгейін өлшеу; заттар шығынын және мөлшерін өлшеу: өлшем бірліктері және өлшеу әдістерінің жіктемесі; деңгей өлшегіш шығынын өлшеу; қысымның

- СИ жүйесінде қысымды өлшеу бірліктерін;
 - қысымды өлшеуге арналған аспаптардың жіктемесін;
 - сұйықтық манометрлерінің алуан түрлерін, олардың басымдылықтарын, қолдану саласын;
 - нығыз сезімтал элементтердің түрлерін және олардың статикалық сипаттамаларын;
 - өлшеу түрлендіргіштерінің, жүкпоршенді манометрлердің, кеңейту термометрлерінің, манометрлік термометрлердің міндеттері мен жұмыс қағидаларын;
 - жылу булармен бірлесе жұмыс істейтін аспаптардың жұмыс қағидаларын;
 - кедергінің электрлік термометрлерінің жұмыс қағидаларын және құрылғыларын;
 - пирометрлердің жұмыс қағидаларын және құрылғыларын;
 - барлық деңгейдегі деңгей өлшегіштердің жұмыс қағидаларын және құрылғыларын;
 - өлшеу тәсілдері бойынша шығын өлшегіштердің жіктемесін;
 - сұйықтықтар мен газдар мөлшерін өлшейтін есептеуіштердің, таразылар мен дозаторлардың, тығыздық өлшегіштердің, тұтқырлық өлшеуіштердің, психометрлердің, гигрометрлердің,

айнымалы айырмасын өлшеу; қысымның тұрақты айырмасы шығынын өлшеу; (электрмагниттік индукциялық) шығын өлшегіштер; сұйықтық пен газ мөлшерін өлшеу; қатты заттардың мөлшерін өлшеу; заттардың физикалық қасиеттерін өлшеу: сұйықтық пен газ тығыздығын өлшеу; сұйықтықтың тұтқырлығын өлшеу; заттардың ылғалдылығын өлшеу; заттар сапасы құрамын және көрсеткіштерін айқындауға арналған әдістер мен аспаптар: газдар құрамын газталдағыштармен анықтау; көпқұрамды газ қоспаларының талдамасы; сұйықтық талдамасының потенциометриялық әдістері (рН-метрия); сұйықтық талдамасының кондуктометриялық әдістері; сұйықтық талдамасының оптикалық әдістері.

кондуктометрлік ылғал өлшегіштердің жұмыс қағидаларын;
- өнеркәсіптік (хроматографтардың типтерін;
- өнеркәсіптік рН-метрдің , автоматтық фотокалориметрлердің жұмыс қағидасын.

Іскерліктер:

- технологиялық параметрлерді өлшеу үшін автоматтық бақылау жүйесінің тиімді құрылымын таңдап алу;
- өлшеудің жалпы теориясы саласында білімді қолдану және міндеттерді шешу;
- физикалық шаманы бірліктің бір жүйесінен екінші жүйесіне ауыстыруды жүзеге асыру,
- өлшеу нәтижелерін бағалау,
- электрлік және электрлік емес әртүрлі шамаларды өлшеу кезінде параметрлерді есептеу, аспаптарды іске қосу сұлбаларын құру және жинау;
- дәлдік бойынша технологиялық процестерді өлшеудің стандартты құралдарын таңдау;
- өзінің кәсіптік қызметінде нормативтік құжаттамаларды пайдалану;
- тексеру сұлбаларын жинау;
- аспаптың қателігін, вибрациясын, жылдам әрекет етуін, сезімталдығын анықтау;
- тіркеу аспаптарының жазу сапасын бағалау;

		- кедергі, индуктивтілік, сыйымдылық параметрлерін өлшеу.
АП 00	Арнайы пәндер	
АП 01	<p>Өнеркәсіптік кәсіпорындардың электржабдықтары.</p> <p>Электрмен жабдықтау – жарық техникасының негіздері, жарық көздері; жарықтандыру аспаптары, олардың типтері, сипаттамалары; жарықтехникалық есептеу; жарықтандырудың электр желісін есептеу; электртермикалық қондырғылар: электртермикалық қондырғылардың жіктемесі; кедергі пештері; қыздырғыш элементтерді есептеу; температураны автоматты реттеу; доғал пештердің электржабдықтары, доғал қуатын автоматты реттеу; конструкциялық пештердің электржабдықтары және қондырғылары; айнымалы және тұрақты токтың пісіру қондырғыларының электржабдықтары; көтеру-көліктік қондырғылардың, крандардың, жүк және жолаушылар лифтілерінің, тоқтаусыз істейтін көлік механизмдерінің, компрессорлардың, сорғылардың, металл кесетін сорғылардың электржабдықтары; жарылу және өрт қауіпті жайлардағы электржабдықтар; автоматтық ғимараттардың</p>	<p>Білімдер:</p> <ul style="list-style-type: none"> - электржабдықтарының негізгі жабдықтарын; - жабдықтар құрылымын. <p>Іскерліктер:</p> <ul style="list-style-type: none"> - электрмен жабдықтауға арналған аппаратураларды таңдау, сымдар қимасын, сымдарды төсеу тәсілдерін таңдау; - электржабдығы типін, температураны реттеу тәсілін таңдау; - дәнекерлеу аппаратының және электржабдығының типін таңдау; - крандар мен лифтілердің барлық механизмдеріне электр қозғалтқыштарды есептеу, таңдау және тексеру; - электржетегін, басқару, қорғау, коммутация аппараттарын есептеу және таңдау; - ЭОҚ бойынша В немесе П категориясына сәйкес электр машиналарды және электржабдықтарды таңдау; - күрделі емес сұлбаларды құру; түйіспесіз электржетегін қолдану; - әрбір механизм үшін электрқозғалтқышының типі мен қуатын таңдау.

	<p>электржабдықтары; тарату құрылғыларының және кернеуі 35 кВ. дейінгі трансформаторлы қосалқы станциялардың электржабдықтары.</p>		<p>БҚ 5,7,8 КҚ 3.4.1</p>
<p>АП 02</p>	<p>Өнеркәсіптік кәсіпорындардың электржабдықтарын пайдалану және жөндеу. Электржабдықтарын пайдалану: кәсіпорынның жөнделген электржабдықтарын пайдалануды және қабылдауды ұйымдастыру; кәсіпорынның ішкі электр желілерін және жарықтандырылуын, кернеуі 35кВ. дейінгі әуе желілерін, кабельдік желілерді, трансформаторлы қосалқы станцияларды, таратушы құрылғыларды, электржетектерін, электрпештерін, электрдәнекерлеу қондырғыларын, крандар мен көтеру механизмдерінің электржабдықтарын пайдалану; электржабдықтарын жедел басқару; кәсіпорынның ішкі электр желілерін және жарықтандырылуын, кернеуі 35кВ. дейінгі әуе желілерін, кернеуі 10 кВ. кабельдік желілерді, трансформаторлар мен қосалқы станциялардың электржабдықтарын, тұрақты және айнымалы токтың электр машиналарын, іске қосуды реттейтін аппаратураларды жөндеу; кәсіпорынның ішкі электр желілерін, кернеуі 10кВ. дейінгі әуе желілерін, кернеуі 10кВ.</p>	<p>Білімдер:</p> <ul style="list-style-type: none"> - жеке элементтерді түйіндік сыннан өткізу, қабылдау туралы; сынамалық іске қосу және кешенді тексеру туралы негізгі мәліметтерді; - кабельдік желілерге техникалық құжаттарды; - жедел ауыстырып қосқыштардың жұмыс тәртібін; - кәсіпорын электржабдықтарын монтаждауға қойылатын талаптарды; - жөндеу және монтаждау жұмыстарының технологиясын; - электржабдықтарын пайдалану ережесін; - жеке жұмыс түрлерін жүргізу кезіндегі қауіпсіздік шараларын; - жөндеу түрлерін; жөндеу циклдерін; жөндеу жүйелері мен жоспарларын; жөндеу құжаттамаларын; жөндеуді ұйымдастыру жүйесін; электрлік жөндеу цехының құрылымын. <p>Іскерліктер:</p> <ul style="list-style-type: none"> - жоғары кернеуде оқшаулағышқа сынау жүргізу; - машинаның ток жүктемесін және кернеуін өлшеу; діріл мен саңылауға өлшеу жүргізу; 	

	кабельдік желілерді, трансформаторлы қосалқы станциялардың электржабдықтарын, электрқозғалтқыштарды, басқару аппаратураларын, крандар мен көтеру механизмдерінің электржабдықтарын монтаждау.	- тренажерда жедел ауыстырып қосуды орындау; - электржабдықтарын жөндеуге желілік графиктер құру.	БҚ 5,7,8 КҚ 3.4.1
АП 03	Электржетегінің негіздері . Электржетегінің механикасы: электржетегінің механикалық бөлігінің құрылымы және есептік сұлбасы; электржетегінің орнықпаған механикалық қозғалысы; электржетегі координатын реттеу ұғымы; тұрақты ток қозғалтқышы бар электржетегі; тәуелсіз қоздырғышты тұрақты ток қозғалтқышы бар электржетегі; асинхронды және синхронды қозғалтқышты тізбекті тұрақты ток қозғалтқышы бар электржетегі; электржетек энергетикасы: қуатты есептеу, электрқозғалтқыштарды таңдау және тексеру.	Білімдер: - электржетегін басқару сұлбасын; - механизм қозғалтқыштарын таңдау және тексеру шарттарын; - электржетегі жұмысының жылдамдығын реттеу және тұрақтылығын анықтау тәсілдерін. Іскерліктер: - электржетектерінің электрлік және электрмеханикалық параметрлеріне есептеу жүргізу; - ЭЖ кинематикалық сұлба құрау; - инерция сәттерін анықтау; - электржетегін қосудың қарапайым сұлбасын монтаждау; - қозғалтқышты электржетегіне қосудың қарапайым сұлбасын монтаждау; - желіге электрқозғалтқыштарын қосу.	БҚ 5,7,9 КҚ 3.4.1
	Электржетегін автоматтық басқару. Электржетектерінің алшаққұрылымдары: электржетектерімен алшақбасқару жүйесінің элементтері және құрылысы; тұрақты және айнымалы токтың	Білімдер: - электржетектерін басқару сұлбасын; - автоматтандырылған электржетегінің құрылымдық сұлбасын; - кері байланыстың негізгі түрлерін; - ұқсас және дискреттік басқару сұлбасының элементтерін;	

<p>АП 04</p>	<p>электржетектерімен алшақбасқару жүйесі; электржетектерінің тұйықталған құрылымы: электржетектерімен басқару жүйесінің элементтері және құрылысы; тұрақты және айнымалы токтың электржетектерімен тұйықталған басқару жүйесі; бағдарламалық басқарылатын электржетектері: электр жетектерімен бағдарламалық басқару жүйесінің жіктемесі; электржетектерімен сандық бағдарламалау басқару жүйесінің жіктемесі; электржетектері сенімділігінің негізгі ұғымдары және анықтамасы: сенімділіктің негізгі ұғымдары мен анықтамалары; есептеу және сенімділікті арттыру әдістері.</p>	<p>- басқару сұлбасының үлгілік тораптарын; жартылай өткізгішті күштік түрлендіргіштері бар электржетегінің тұйық сұлбаларын; байқау электржетегінің құрылу принципін.</p> <p>Іскерліктер:</p> <ul style="list-style-type: none"> - негізгі параметрлері бойынша аппараттарды таңдау; - тұрақты және айнымалы токты іске қосу қозғалтқыштарының күрделі емес принциптік сұлбаларын құру; - монтаждық сұлбалар құру; - күрделі емес ЭЖ АБЖ сенімділігін есептеу; - әрбір элементтің тоқтаусыз жұмыс коэффициентін анықтау; - күрделі емес сұлбалардың монтажын орындау; - ақауларды жою; - электржетегі сенімділігін арттырудың практикалық әдістерін қолдану. 	<p>БҚ 5,7,8 КҚ 3.4.1</p>
	<p>Өнеркәсіптік кәсіпорындарды электрмен жабдықтау. Электр станцияларының міндеттері мен типтері, олардың жұмыс режимдері; электрэнергиясын тұтынушыларға берудің құрылымдық сұлбалары; кернеуі 1000 В. жоғары электр станциялары мен қосалқы станциялардың негізгі жабдықтары; кернеуі 1000 В. жоғары электр станциялары мен қосалқы станциялардан электр энергиясын тарату; 1000 В. дейінгі кернеудегі күштік және жарықтандырғыш</p>	<p>Білімдер:</p>	

АП 05

электржабдықтары туралы жалпы мәліметтер; электрмен жабдықтау және жұмыс режимінің қажетті үздіксіздік деңгейі бойынша электр энергиясы қабылдағыштарының жіктемесі; 1000 В. дейінгі кернеудегі негізгі қорғаныс және коммутациялық жабдықтар; электр желілерін орындау және конструкциялық құрылымы; электр жүктемесінің графиктері; негізгі физикалық шамаларды анықтау және белгіленуі; кернеуі 1000В . дейінгі электрқондырғылардағы электр жүктемені есептеу ; жарықтандыру желілерінің электр жүктемесін есептеу; реактивті қуаттың кернеуін реттеу және өтемі; рұқсат етілген қыздыру бойынша электр тогымен және токтың экономикалық тығыздығымен сымдар мен кабельдердің қимасын таңдау; кернеуі 1000В. дейінгі қондырғыларда электр желісін қорғау; кернеу шығыны бойынша электр желісін таңдау және есептеу; кәсіпорынның зауытішілік электрмен жабдықталуы, қысқа тұйықталу, қысқа тұйықталу шамаларын есептеу; қосалқы станциялардағы жоғары вольтты ток өткізгіш бөлшектер мен аппараттарды қысқа тұйықталу токтарының әрекетін есепке ала отыра таңдау; жүктемелер

- энергетикалық жүйелер туралы негізгі мәліметтерді;
- электр энергиясын тұтынушылардың электр жүктемесін анықтау әдістерін;
- кернеуі 1000В. дейінгі және одан да жоғары қорғаныс коммутациялық аппаратураларды орнатуды;
- электр станциялары мен қосалқы станциялардың электр жабдықтарын және электр беріліс желілердің құрылымдық ерекшеліктерін; - релелік қорғаныстың және энергожүйедегі автоматиканың теориялық негіздерін;
- ішкі атмосфералық асқын кернеуді және асқын кернеуден қорғауды.

Іскерліктер:

- техникалық шарттарына байланысты қажетті жабдықтарды таңдау;
- техникалық шарттарына байланысты жетекті таңдау;
- жарықтандыру қондырғыларының электр сұлбаларын құру;
- қажетті өтемдік қуатты есептеу және каталог бойынша оны таңдау;
- орта жағдайына, температураға және қасында жатқан сымдар мен кабельдердің санына байланысты коэффициентті анықтау;
- өткізгіш өнімдердің қимасын таңдау арқылы рұқсат етілген ток және токтың экономикалық тығыздығы бойынша есептеу жүргізу;
- электр желідегі кернеу шығынын анықтау;

БҚ 5,7,8
КҚ 3.4.1

<p>картограммасы, қосалқы станцияларды сапасына қарай және орналасқан жерлеріне тәуелді таңдау; жоғары кернеулі электр жүктемелерін есептеу; қосалқы станциялардағы трансформаторлардың санын және қуатын таңдау; цехтық және трансформаторлық қосалқы станциялар; негізгі төмендеткіш және таратушы қосалқы станциялар; электр қондырғыларын жерге орналастыру және нөлдеу; релелік қорғаныс және электрмен жабдықтау жүйесін автоматтандыру; негізгі анықтамалары және релелік қорғаныс түрлері, электрмен жабдықтау жүйесінің жеке элементтерін қорғау, басқару сұлбасы, электрмен жабдықтау жүйесін есепке алу және сигнал орнату; энергиямен жабдықтау жүйелеріндегі жоғары кернеу техникасының элементтері: жоғары вольтты электржабдықтарының және электр желілерінің оқшаулануын зерттеу; ішкі атмосфералық асқын кернеу және асқын кернеуден қорғау.</p>	<p>- цехтық трансформаторлық қосалқы станцияларға электрмен жабдықтау сұлбасына тәуелді құрылымдау жүргізу;</p> <p>- негізгі төмендеткіш қосалқы станцияларға құрылымдау жүргізу;</p> <p>- жерге орнату құрылымына есептеу жүргізу және оларды орындау;</p> <p>- әртүрлілі электржабдықтарының оқшаулағышын сынау;</p> <p>- асқын кернеуден қорғау сұлбасын құру, жайдың тікелей соққысынан қорғануға есептеу жүргізу.</p>	
<p>Электржабдықтарын баптау.</p> <p>Іске қосу және баптау жұмыстарына дайындау және ұйымдастыру; электрқондырғыларды баптау кезіндегі өлшеу техникасы; электрқондырғыларын сынау көлемі; кернеуі 1000В. дейінгі аппараттарды баптау: контакторлар, магниттік іске қосқыштар,</p>	<p>Білімдер:</p> <p>- қолданыстағы электржабдықтардың іске қосу және баптау жұмыстарын</p>	

АП 06

электрмагниттік және жылу релесі, автоматты ажыратқыштар, түйіспесіз автоматты ажыратқыштар мен магнитті күшейткіштер; қосалқы станциялардың электржабдықтарын баптау: күштік трансформаторларды, күштік кабельдік желілерді, ток пен кернеуді өлшеу трансформаторларын, майлы ажыратқыштарды, әуе ажыратқыштарын, кернеуі 1000В. жоғары таратушы қондырғылар жиынтығын сынау және баптау; релелік қорғаныс сұлбасын тексеру және ретке келтіру; электржетегін баптау: электр машиналарын тексеру және сынау, асинхронды және синхронды қозғалтқыштары бар реттелетін электржетектерін баптау; тұрақты ток қозғалтқышы бар жетектерді баптау; айнымалы токтың жиі реттелетін тиристорлы электржетектерін баптау; сандық басқару жүйесін және бағдарламаланатын басқару құрылғыларын баптау.

ұйымдастыруды және құрамын;
- жұмыс барысындағы қауіпсіздік техникасын; электрқондырғыларды баптау кезіндегі өлшеу техникасын;
- электрқондырғыларын сынау көлемін.
Іскерліктер:
- сынау және баптау үшін жұмыс орнын ұйымдастыру;
- оқушаулау кедергісіне өлшеу жүргізу; диэлектрлік шығын бұрышының тангенсіне есептеу жүргізу; жоғары кернеуде оқшаулауды сынау;
ажыратқыштардың уақытша және жылдамдық сипаттамаларына алу жүргізу;
- жоғары кернеуде күштік кабельге сынау жүргізу; күштік кабельдің бүлінген жерін анықтау; сынау хаттамасын рәсімдеу.

БҚ 5,7,8
КҚ 3.4.1

Сала экономикасы.
Нарықтық қатынас жүйесіндегі сала кәсіпорыны; менеджмент; басқарудың негізгі қағидалары және әдістері; маркетинг; сала кәсіпорнының өндірістік қорлары; сала кәсіпорындарының күрделі қаржы жұмсалымы күрделі құрылыстары; негізгі және қосымша өндірісті

Білімдер:
- өнеркәсіп және энергетика кәсіпорындарын және олардың құрылымдарын басқаруды;
- кәсіпорын құрамын, мүлік қозғалысын және есепке алуды;
- ұйымдастыру және еңбекақы саласында

<p>АП 07</p>	<p>ұйымдастыру; еңбекті ғылыми түрде ұйымдастыру; сала кәсіпорындарындағы техникалық нормалау негіздері; еңбек өнімділігі; кәсіпорын саласындағы еңбекақы төлемін ұйымдастыру; нарықтық экономика жағдайындағы Қазақстан Республикасының салық жүйесі; кәсіпорынның қаржы қызметін банктік реттеу; сала кәсіпорындарындағы жоспарлауды ұйымдастыру; сала кәсіпорнының өндірістік-шаруашылық қызметін есепке алу және талдау негіздері.</p>	<p>кәсіпорынды басқаруға экономикалық механизмнің ықпалын; - өнеркәсіп және энергетика кәсіпорындарындағы есепке алуды және есеп беруді; - өнеркәсіп және энергетика кәсіпорындарының өндірістік-шаруашылық қызметін талдау негізін. Іскерліктер: - техника-экономикалық негіздеме және жұмыс жобаларының сметалық құжаттарын құру үшін экономикалық есептеулер жүргізу.</p>	<p>БҚ5,7,8,10 КҚ 3.4.1</p>
<p>АП 08</p>	<p>Еңбекті қорғау. Еңбекті қорғаудың құқықтық және ұйымдастырушылық мәселелері; еңбек заңнамасының негіздері; өндірісте және жұмыс орнында еңбекті қорғау бойынша жұмыстар ұйымдастыру; электр қауіпсіздігі; электрлік және электрмагниттік өрістердің, электр тогының адамға әсері; электр тогымен зақымданудан, электрлік және электрмагниттік өрістердің ықпалынан қорғау шаралары; кадамдық кернеу; түйісу кернеуі; қорғаныс құралдары; түсіру-тиеу жұмыстары кезіндегі қауіпсіздік шаралары; өндірістік санитария; жалпы талаптар; сумен жабдықтау, кәріз, жұмыс аймағының ауасы; жарықтандыру; діріл; шуыл; жазатайым жағдайда дәрігерге дейінгі көмек көрсету;</p>	<p>Білімдер: - еңбекті қорғаудың негізгі міндеттерін және құқықтық негіздерін; - электрқондырғыларына қызмет көрсету кезіндегі қауіпсіздік техника ережесін; - өрт техникасы және өндірістік санитария ережелерін; - нұсқаулық түрлерін. Іскерліктер: - электрқондырғыларында 1000В. дейін негізгі және қосымша құралдарды қолдану; - желіде электр тогының адамға әсер ету деңгейін анықтау;</p>	<p>БҚ 5,7,8,9</p>

	<p>өрт қауіпсіздігі негіздері; энергетикадағы жанғыш заттар; жарылуы қауіпті заттар; өрт-жарылыс қауіпсіздігі; өрт дабылдары; өрт сөндіру құралдары; электрқондырғыларда және электрмен жабдықтау жүйесінде жұмыс жасаған кезде қауіпсіздік техникасына қойылатын негізгі талаптар.</p>	<p>- зардап шегушінің жағдайын анықтау және алғашқы көмек көрсету; - кернеу жоқтығын тексеру және тасымалданатын жерге орнату төсеу.</p>	<p>КҚЗ.4.1 КҚЗ.4.2</p>
<p>АП 09</p>	<p>Есептеу техникасының негіздері. ЭЕМ арифметикалық және логикалық негіздері : есептеу жүйелері; екілік арифметика; ЭЕМ логикалық негіздері; логикалық функциялар; ЭЕМ ақпаратты бейнелеу : ЭЕМ-да ақпаратты бейнелеу нысандары мен тәсілдері; есте сақтау құрылғылары: есте сақтау құрылғыларының (ЕК) жіктелуі және жалпы мәліметтер; жедел есте сақтау құрылғысы (ЖЕК); тұрақты есте сақтау құрылғысы (ТЕК); жалпы қолданыстағы ЭЕМ: сәулет, ерекшеліктері, қолданылу саласы; енгізу-шығару каналдары ; микропроцессорлар: микропроцессорлардың негізгі шектеулері, сәулет ; микропроцессорлық жинақтар ; микропроцессор командаларының жүйесі; микроЭЕМ: функционалдық шектеулер, микроЭЕМ сәулеті; микроЭЕМ-ның енгізу-шығару жүйесі; перифериялық құрылғылар: дисплей және таңба басатын құрылғылар;</p>	<p>Білімдер: - жалпы қолданыстағы есептеу машиналарын ұйымдастыру қағидасын; - перифериялық құрылғылардың жұмыс қағидасы мен номенклатурасын; - микропроцессорлар мен микроЭЕМ базасында есептеу басқару жүйелерін ұйымдастыру қағидасын; - мамандық бойынша техника-экономикалық жедел есептеулерде ЭЕМ пайдалану негіздерін. Іскерліктер: - сандарды бір жүйеден екіншіге ауыстыру; - қарапайым дискретті автоматтық құрылғылардың жұмыс алгоритмдерінің логикалық функцияларын құру; - МК бағдарламалауға арналған бағдарламалар құру, бір реттік автоматтардың ақиқаттық кестелерін құру және анықтау; - пернетақта және монитордың көмегімен ЭЕМ-мен сұхбат жүргізу; - микропроцессорлық құрылғыларды қолданатын, автоматтандырылған</p>	

	технологиялық процестерді басқарудың автоматтандырылған жүйесінде (ТП БАЖ) ЭЕМ қолдану: мамандық бойынша техника-экономикалық және жедел есептеулерде ЭЕМ қолдану.	жүйелердің құрылымдық сұлбаларын құру; - мамандық бойынша бағдарламалар пакетін қолдану; - мамандық бойынша техника-экономикалық есептеулерде ЭЕМ пайдалану.	БҚ 5,7,9 КҚ 3.4.3
ӨО ж КП 00	Өндірістік оқыту және кәсіптік практика		
ӨО 01	<p>Оқу практикасы. Материалдарды слесарлы-механикалық өңдеу; қауіпсіздік техникасы және өнеркәсіптік санитария; технологиялық өлшеу негіздері; жазықтықтық таңбалау; материалдарды кию; металдарды кесу; дайындамаларды түзету және ию; егеу; бұрғылау және үңгілеу; бұранда кесу; сымдарды қалайылау; мойынтіректі қыру, сүрту, қалайылау және құю; электрмен имектеп пісіру тәсілдері, аппаратуралар және құрылғылар; жонғыш және фрезер білдегінде материалдарды өңдеу; такелаж жұмыстары; жаншып қосу; қолдану саласы; құрал-саймандар; қауіпсіздік техникасы.</p>	<p>Іскерліктер: - сызғышты, штангенциркульді, деңгейді, бұранда өлшеуішті, шуптарды қолдану; - таңбалау құралдарын пайдалану; - металды егеумен кесу; - қысқыштарда, плитада немесе темір соғатын плитада металды шабу; - құбыр игіштерде құбырды ию; - егеуді қолдану; - бұрғылау және үңгілеу; - бұранда кестесін пайдалану. Дағдылар: - материалдарды слесарлы-механикалық өңдеу; - слесарлық құралдармен жұмыс жасау.</p>	БҚ 4,6,7,9,10 ПК 3.4.1 КҚ 3.4.2 КҚ 3.4.3
	<p>Оқу-өндірістік практика. Құбыр және жалпақ дайындамалар шеттерін өңдеу; резеңкеден және параниттен қол құрал-саймадарымен диаметрі 150 мм. дейін төсемдер дайындау; өңдеу, ақауларды көзбен тексеріп анықтау, жауып тұрған құралды алмастыру, ершікті ажарлау, тығыздағышты айырбастау, шұраны жинау, гидравликалық сынау; ысырманы</p>	<p>Іскерліктер:</p>	

ӨО 02

тексеру; ақауларды көзбен тексеріп анықтау; тарелкелер мен жауып тұрған құралдың ершігін қол құрылғыларымен сұрту; штрельді ажарлау; тығыздаманы толтыру; ысырманы жинау; гидравликалық сынау; кері қапакты тексеру; ақауларды анықтау; тарелкелер мен жауып тұрған құралдың ершігін сұрту; платада сұрту сапасын тексеру; иінтіректі және серіппелі сақтандырғыш қапакты бөлшектеу; ақауларды көзбен тексеріп анықтау; деңгейдің қалқымалы реттегішін бөлшектеу; конденсат бұрғышты бөлшектеу және тексеру; механикалық түйіндерді жөндеу; бу қазандарының қыздыру бетін жөндеу; барабандар мен қызған бу температурасын реттеу құрылғыларын жөндеу; ауа қыздырғыш құбырды жөндеу; оттықты, гарнитураларды және үрлеу аппараттарын жөндеу; айналдырушы механизмдердің құрастыру бірліктерін жөндеу; тартып үрлеу механизмдерін жөндеу; регенеративті ауа қыздырғыштарды жөндеу; шаң дайындау жүйесі жабдықтарын жөндеу; күлұстағыш және күл шығару жүйесі жабдықтарын жөндеу.

- құбыр аралығын және құбыр ұштарын жаншылудан қорғау;
- құбыр шеттерін және жазық дайындамаларды бөлшектеу;
- ақауларды анықтау мақсатында механизмдер мен жабдықтарға тексеру жүргізу;
- мойынтіректі түйіндерге бөлшектеу және монтаждау;
- біліктерге жартылай муфталармен центрлеу, роторларға статикалық және динамикалық теңдестіру жүргізу.
Дағдылар:
- кернеуі 1000В. дейінгі көрсеткіште жұмыстар;
- кернеудің жоқтығын тексеру;
- тасымалданатын жерге орналастыруды төсеу;
- кәсіпорынның негізгі және қосымша жабдықтарына монтаждау және жөндеу жұмыстарын жүргізу.

БК 4,6,7,9,10
КҚ 3.4.1
КҚ 3.4.2
КҚ 3.4.3

Технологиялық практика.
Кіріспе әңгіме;
практиканың мақсаттары мен міндеттері;
кәсіпорынға рәсімделу; қауіпсіздік техникасы мен өрт қауіпсіздігі бойынша нұсқаулық;

Іскерліктер:
- функционалдык, принциптік және монтаждық сұлбаларды оқу;

КП 03	учаскелерге бөліну; кәсіпорынмен жалпы танысу; кәсіпорынға саяхат; цехтың (қызметтің) құрылымы; электрлі механикалық жабдықтарға техникалық қызмет көрсету (жөндеу, монтаждау және баптау) жөніндегі өндірістік бригададағы жұмыс; кәсіпорында жинақталған материалдарды қорыту, күнделік жүргізу.	- жұмыстарды орындауға наряд толтыру; - жұмыстардың көлеміне ведомость құру. Дағдылар: - бригадамен жұмыс жасай білу; - электрлік және электрлі механикалық жабдықтарға техникалық қызмет көрсету.	БҚ4,5,6,7,9,10 КҚ 3.4.1 КҚ 3.4.2 КҚ 3.4.3
КП 04	Диплом алдындағы практика. Кіріспе әңгіме; практиканың мақсаттары мен міндеттері; практикаға рәсімделу; қауіпсіздік техникасы мен өрт қауіпсіздігі бойынша нұсқаулық; жұмыс орнымен танысу; шебер дублерінің міндеттерін орындау; өндірістік саяхаттар; материалдарды қорыту және есеп беруді рәсімдеу.	Іскерліктер: - аспаптарды техникалық қызмет көрсетуге және жөндеуге құжаттамалар рәсімдеу; - жұмыстарды орындауға нарядтар рәсімдеу және жабу; - жұмыс орнында нұсқаулық өткізу. Дағдылар: - дипломдық жобаға мәліметтер жинау; - техникалық құжаттаманы рәсімдеу.	БҚ4,5,6,7,9,10 КҚ 3.4.1 КҚ 3.4.2 КҚ 3.4.3

2. 1302000 –Автоматтандыру және басқару (Мұнай мен газ өндірудің технологиялық процестерін автоматтандыру және басқару) мамандығы бойынша техникалық және кәсіптік білім берудің үлгілік білім беретін оқу бағдарламалары

Пәндер циклі және кәсіптік практика бойынша білім беретін оқу бағдарламасының мазмұны (*біліктіліктің жоғары деңгейі*)

Циклдің (пәннің) индексі	Пәннің, практиканың атауы және негізгі бөлімдері	Қалыптасатын білім, іскерліктер мен дағдылар	Қалыптасатын құзырет коды
ЖБП 00	Жалпы білім беретін пәндер		
ЖГП 00	Жалпы гуманитарлық пәндер		
ЖГП 01	Кәсіптік қазақ (орыс) тілі. Кәсіптік тілдің рөлі: мамандық бойынша терминология; кәсіптік бағдарлы мәтіндерді оқу және аудару техникасы (сөздікпен); кәсіптік қарым-қатынас;	Білімдер: - қазақ (орыс) тілінде және кәсіптік бағдарлы мәтіндерді оқып, аудару үшін (сөздікпен) қажетті лексикалық (1200-1400 лексикалық бірлік) және грамматикалық минимумды меңгеру.	БҚ 3,4,6

	мамандыққа бағытталған мәтіндер бойынша әңгімелер, сұхбаттар құрастыру.	Іскерліктер: - кәсіптік лексиканы сауатты пайдалану, өзінің кәсіптік қызметінде қазақ (орыс) тілінен білімдерін пайдалану.	
ЖГП 02	Кәсіптік шет тілі. Мамандық бойынша кәсіптік қарым-қатынас жасауға қажетті лексика-грамматикалық материалдар; сөйлесудің әртүрлі түрлері мен тілдік нысандарды (ауызша, жазбаша, монологтік, диалогтік); кәсіптік бағдарлы мәтіндерді аудару техникасы.	Білімдер: - мамандық бойынша кәсіптік қарым-қатынас жасауға қажетті мамандық бойынша лексика-грамматикалық материалдарды. Іскерліктер: - тілдік іс-әрекет түрлерін және сөйлеу нысандарын ажырату (ауызша, жазбаша, монологтік, диалогтік).	БҚ 3,4,6
ЖГП 03	Қазақстан тарихы.		
ЖГП 04	Дене тәрбиесі. Маман дайындауда дене тәрбиесінің рөлі, оның салауатты өмір салтын қалыптастыру; дене тәрбиесінің әлеуметтік-экономикалық және психофизиологиялық негіздері; дене және спорттық өзін-өзі жетілдіру негіздері; кәсіптік-қолданбалы дене дайындығы.	Білімдер: - дене тәрбиесінің әлеуметтік-экономикалық және психофизиологиялық негіздерін; - дене және спорттық өзін-өзі жетілдіру негіздерін. Іскерліктер: - денсаулықты сақтау және нығайтуда дене тәрбиесі білімдерін қолдану.	БҚ 8
ЖКП 00	Жалпы кәсіптік пәндер		
ЖКП 01	Мемлекеттік тілде іс қағаздарын жүргізу. Іс жүргізу бойынша сөздікпен жұмыс істеу; құжаттау және шаблондау мен стандарттауды құжаттармен қамтамасыз ету мәселелері бойынша нормативтік-әдістемелік құжаттар; құжаттарды шаблондаудан түсінік; әкімшілік-ұйымдастыру құжаттарының тізіміне кіретін құжаттарды құру ережелері; офистік және құжаттамалық жұмыс	Білімдер: - құжаттау қызметінің құрылымы, лауазымдық міндеттер, техникалық құралдардың көмегімен құжаттау технологиясын. Іскерліктер: - әкімшілік-ұйымдастыру құжаттарын, мемлекеттік тілде қызметтік хат алысуды құру және рәсімдеу; - құжаттармен келіп түскен сәтінен, істі рәсімдеуге дейін жұмыс жасау;	БҚ 4,5,6,8

	негіздері; техникалық құралдардың көмегімен құжаттау технологиясы.	- анықтамалық әдебиетпен жұмыс жасау.	
ЖКП 02	<p>Сызу. Кіріспе, КҚБЖ, МЕМСТ, түсініктемесі; сызбалардың графикалық рәсімделуі; сызба сызықтары; сызба форматтары; сызбаларда жазулар жазу; масштабтар; өлшемдер түсіру; қолмен және графикалық редактордың көмегімен тетіктердің контурларын түсіру тәсілдері; техникалық сызу; сызбалар мен нобайларды орындаудың жалпы ережелері; сұлбалардағы шартты, графикалық белгілеулер; мамандық бойынша сұлбалар.</p>	<p>Білімдер: - МЕМСТ 2.303-68* бойынша сызықтарды, МЕМСТ 2.301-68* бойынша форматтарды; - МЕМСТ 2.304-81 бойынша сызба қаріптерін; - МЕМСТ 2.302-68 бойынша масштабтарды, МЕМСТ 2.307-68* бойынша өлшемдер түсіру ережелерін, жанау түрлерін. Іскерліктер: - стандартты сақтай отырып, әртүрлі сызықтарды сызу; - сызбаларда стандартты қаріппен жазу жазу; - сызба масштабын анықтау, берілген масштабта тетіктердің сызбаларын орындау; - сызда қарапайым түрдегі тетіктердің өлшемдерін түсіру; - электр сұлбаларды оқу.</p>	БҚ 3,5,7
ЖКП 03	<p>Техникалық механика негіздері. Материалдар кедергісі; деформацияланған күйдің түрлері: созылу (сығылу), ығысу, айналдыру, тура иілу, беріктікке есептеу; механизмдер мен машиналардың бөлшектері, механизмдер мен машиналардың кинематикалық сұлбаларын оқу және құру.</p>	<p>Білімдер: - материалдардың кедергілер негіздерін, машина тетіктерінің негіздерін. Іскерліктер: - беріліс механизмдерінің кинематикалық сұлбаларын оқу.</p>	БҚ 3,7,8,10
	<p>Электротехниканың теориялық негіздері. Тұрақты токтың электр тізбектері; электр өрісі</p>	<p>Білімдер: - негізгі электрлік және магниттік құбылыстарды; - теориялық электротехникада жиі</p>	

ЖКП 04	<p>туралы ұғым; электр тогы , оның физикалық мәні және есептеу әдістері; кедергі, өтімділік; электр тізбегінің параметрлерін байланыстырушы электротехника заңдары; тұрақты және айнымалы токтың электр тізбегін есептеу; есептеу ұғымдары мен әдістері; синусоидалы емес токтың электр тізбектері; электр тізбектеріндегі өтпелі процестер; тарату параметрлерімен электр тізбектері.</p>	<p>қолданылатын терминдері мен анықтамаларын; - электрлік есептік сұлбаларда (алмастыру сұлбалаларында) қолданылатын электр тізбектері элементтерінің шартты графикалық белгіленулерін; - электрлік және магниттік шамалардың өлшем бірліктері мен әріптік таңбалануын. Іскерліктер: - электрлік сұлбаларды оқу; - электрлік шамалардың параметрлерін анықтау.</p>	БҚ 1,2,3,4
ЖКП 05	<p>Электрматериалтану. Металдардың қасиеттері, темірдің көміртекті қорытпалары; түсті металдар және олардың қорытпалары; электротехникалық материалдар, магниттік қатты материалдар; өткізгіш материалдар; сымдар, шиналар, кабельдер; жартылай өткізгіш материалдар: қасиеттері, қолданылу саласы; электр оқшаулағыш материалдар; газ тәрізді диэлектриктер; поляризациялық материалдар; электр оқшаулағыш материалдар және компаундтар; резеңкелер; электр оқшаулағыш слюда, керамика, шыны, қабатты пластмасса.</p>	<p>Білімдер: - электротехникалық материалдардың құрылымын; - электротехникалық материалдардың қолданылу саласын. Іскерліктер: - сымдар мен кабельдердің таңбалануын ашып оқу.</p>	БҚ 1,2
	<p>Электроника және микроэлектроника негіздері. Электрвакуумды және ионды аспаптар; жартылай өткізгішті аспаптар: диодтар, транзисторлар,</p>	<p>Білімдер: - терминологияны, шамалардың өлшемділігін және олардың негізгі арақатынастарын; - өнеркәсіптік электроника аспаптары</p>	

ЖКП 06	тиристорлар; интегралды микросұлбалар; кернеулер, тұрақтандырғыштар, инверторлар және жиілік түрлендіргіштер; сызықтық тербеліс генераторлары; микропроцессорлық техника элементтері.	мен құрылғыларын пайдалану шарттарын және қолданылу саласын. Іскерліктер: - типтік электронды сұлбаларды оқу; - техникалық және анықтамалық әдебиетті пайдалану.	БҚ 1,3,7
АП 00		Арнайы пәндер	
Біліктілігі: 130201 2 - Бақылау-өлшеу аспаптары мен автоматика слесарі			
АП 01	Метрология негіздері және өлшеу құралдары. Метрология негіздері: негізгі ұғымдар мен анықтамалар; өлшеу құралдары және олардың негізгі сипаттамалары; бірінші және екінші өлшеу түрлендіргіштері; электр өлшеу аспаптары және электрлік өлшемдер; электр аспаптары; электрлік өлшемдер; қысымды және қысым айырмасын өлшеу аспаптары; заттардың физикалық-химиялық қасиеттерін өлшеу аспаптары; ГПС ақпаратты бейнелеу құрылғылары: аналогты көрсететін және қайталап тіркеу аспаптары; сандық көрсетуші екінші аспаптар; орталықтандырылған бақылау құралдары.	Білімдер: - өлшеу құралдарының негізгі метрологиялық сипаттамаларын; - электр өлшеу аспаптары мен өлшеу тізбектерінің негізгі түрлерін және жұмыс принциптерін; - электрлік өлшеу әдістемесін; - технологиялық процестердің әр түрлі параметрлерін өлшеуге арналған аспаптардың жинағын. Іскерліктер: - өлшенетін шаманың ең дұрыс мәнін анықтау; - өлшеу құралдарын іске қосу.	БҚ 1,3,4 КҚ 2.1.1
	Технологиялық процестерді автоматтандыру. Технологиялық процестерді автоматтандыру жөніндегі жалпы мәліметтер: технологиялық процестер; негізгі ұғымдар мен анықтамалар; жалпы зауыттық қондырғыларды автоматтандыру;	Білімдер: - оқытылатын процестердің технологиясын және жабдықтардың жұмыс режимдерін; - автоматтандыру жүйелеріндегі апаттық	

<p>АП 02</p>	<p>қағидалық сұлбаларға техникалық құжаттама; компрессорлық станцияларды автоматтандыру; сорғы станцияларын автоматтандыру; өнеркәсіптік тазарту құрылыстарын автоматтандыру; қазандық қондырғыларды автоматтандыру; желдету жүйелерін және ауаны желдету қондырғыларын автоматтандыру; суықпен және жылумен қамсыздандыру қондырғыларын автоматтандыру; саланың технологиялық процестерін автоматтандыру; домналық және болат балқыту өндірісін автоматтандыру; өндірісті басқаруды автоматтандыру; басқарудың автоматтандырылған жүйелері; телемеханика жүйелері туралы ұғым; робот техникасы: өнеркәсіптік роботтарды дайындау және жасау; бейімді автоматтандырылған өндірісте (БАӨ) роботтарды пайдалану.</p>	<p>және технологиялық қорғаныс пен шектеуді; - бағдарламамен басқарылатын (роботтардың) манипуляторлардың құрылғысы мен қолданылуын. Іскерліктер: - автоматтандырылған электржетегінің сұлбасын оқу, технологиялық сигналды реттеу; козғалтқыштарды және атқарушы механизмдерді басқару; - компрессорларды басқару сұлбасын және агрегаттарды қорғау сұлбаларын оқу; сорғыларды және резерв кірмелерін басқару сұлбаларын оқу; - технологиялық процестерді автоматтандырудың функционалдық сұлбаларын оқу; - сандық және цифрлық бағдарламалық басқару сұлбаларын оқу; - ТПА функционалдық сұлбаларына өнеркәсіптік роботтарды енгізу.</p>	<p>БҚ 1,2,3,4,5,7 КҚ 2.1.1 КҚ 2.1.3</p>
	<p>Автоматтандырылған жүйелерді монтаждау және пайдалану. Монтаждау жұмыстарын ұйымдастыру: жобалық құжаттаманың құрамы; автоматтандырылған жүйелердің монтаждау жұмыстарын ұйымдастыру туралы жалпы мәліметтер; монтаждау жұмыстарын жүргізуді дайындау; монтаждау жүргізетін ұйымдардың өндірістік</p>	<p>Білімдер: - автоматтандырылған жүйелерді монтаждаудың жобалық құжаттамасының құрамы мен мазмұнын; - автоматтандырылған жүйелерді монтаждаудың озық әдістерін;</p>	

АП 03

базалары; индустриалды монтаж; монтажда жұмыстарының ұйымдастырушылық-техникалық деңгейінің көрсеткіштері; автоматтандырылған жүйелерді монтаждау: құбыр сымдарын дайындау және монтаждау; электр сымдарын монтаждау; байланыстың талшықты-оптикалық желілерін монтаждау; қалқандар мен пульттарды монтаждау; температураны өлшеу жүйелерін монтаждау; қысым мен разрядталуды өлшеу жүйелері мен құрылғыларын монтаждау; шығынды өлшеу жүйелерін және құрылғыларын монтаждау; деңгейді өлшеу жүйелері мен құрылғыларын монтаждау; заттардың құрамы мен мөлшерін өлшеу жүйелерін монтаждау; автоматтық реттеуіштерді монтаждау; атқарушы механизмдер мен реттеуші органдарды монтаждау; басқарушы есептеу кешендерін монтаждау; автоматтандыру жүйелерін пайдалану және жөндеу; өлшеу құралдары мен автоматтандыру жүйелерді пайдалану және жөндеу.

- автоматтандырылған жүйелерді монтаждаудың, пайдаланудың және жөндеудің негізгі мәселелерін.

Іскерліктер:

- қалқандар мен пульттардың жалпы түрлерінің сызбаларын, сыртқы сымдардың жалғану сұлбаларын, жабдықтар мен сымдарды орналастыру жоспарларын оқуды;
- құбыр сымдарын монтаждаудың шығыс техникалық құжаттамасын оқуды; құбыр сымдарын сымдарын жинауды;
- электр сымдарын ұштауды, жалғауды, қосуды орындау;
- монтаждау жұмыстарында айлабұйымдарды дұрыс пайдалануды;
- қалқанның коммутациясын орындауды;
- әртүрлі атқару механизмдерін монтаждауды; оларды жобалық құжаттамаға сәйкес қосуды;
- аспаптар мен реттеуіштердің ақауын жоюды;
- өлшеу құралдарына және автоматтандыру жүйелеріне жөндеу жүргізуді.

БҚ 1,2,3,4
КҚ 2.1.1
КҚ 2.1.3

Автоматтандырылған жүйелердегі есептеу техникасы.

ЭЕМ ақпаратты көру: ЭЕМ-ғы ақпаратты бейнелеу нысандары мен тәсілдері; есте сақтау құрылғылары: есте сақтау құрылғылары (ЕК)

Білімдер:

<p>АП 04</p>	<p>туралы жалпы мәліметтер және жіктелуі ; жалпы қолданыстағы ЭЕМ: сәулет, ерекшеліктері, қолданылу саласы; енгізу-шығару каналдары ; микропроцессорлар: микропроцессорлардың негізгі шектеулері, сәулет ; микропроцессорлық жинақтар ; микропроцессор командаларының жүйесі; микроЭЕМ: функционалдық шектеулер, микроЭЕМ сәулеті; микроЭЕМ-ның енгізу-шығару жүйесі; перифериялық құрылғылары: дисплей және таңба басатын құрылғылар; технологиялық процестерді басқарудың автоматтандырылған жүйесінде (ТП БАЖ) ЭЕМ қолдану.</p>	<p>- жалпы қолданыстағы есептеу машиналарын ұйымдастыру қағидасын; - перифериялық құрылғылардың жұмыс қағидасы мен номенклатурасын; - микропроцессорлар мен микроЭЕМ базасында есептеу басқару жүйелерін ұйымдастыру қағидасын. Іскерліктер: - пернетақта мен монитордың көмегімен ЭЕМ-мен сұхбат жүргізу; - мамандық бойынша қолданбалы бағдарламаларды қолдану.</p>	<p>БҚ 5,7 КҚ 2.1.3</p>
<p>АП 05</p>	<p>Еңбекті қорғау. Еңбекті қорғаудың құқықтық және ұйымдастырушылық мәселелері; қауіпті және зиянды өндіріс факторлары; өндірістегі жазатайым жағдайларды зерттеу, есепке алу және талдау; жұмыс орнында еңбекті ұйымдастыру; еңбек гигиенасы және өндірістік санитария: өндірістік жайларға, жұмыс орындарына, технологиялық жабдықтарға қойылатын жалпы санитарлық-гигиеналық талаптар; өндірістік жайларды жарықтандыруға қойылатын талаптар; шудан, дірілден, ультрадыбыстардан, ионданған және электр магниттік сәулеленуден</p>	<p>Білімдер: - еңбекті қорғау жөніндегі заңнама негіздерін; - электрлік қауіпсіздік негіздерін және электр тогымен жаракаттанудан қорғау шараларын, жазатайым жағдайларда зардап шегушілерге дәрігерге дейінгі көмек көрсету жөніндегі негізгі медициналық мәліметтерді. Іскерліктер: - еңбекті қорғау жөніндегі</p>	

	<p>қорғау; қауіпсіздік техникасы: тиіп-түсіру, тасымалдау және қойма жұмыстары кезіндегі қауіпсіздік техникасы; қолмен жұмыс жасайтын құрал-саймандармен және айлабұйымдармен жұмыс жасау кезіндегі қауіпсіздік техникасы; бақылау және автоматтандыру жүйелерін монтаждау кезіндегі қауіпсіздік техникасы; электрлік қауіпсіздік негіздері; өртке қарсы қорғаныс: заттардың жануы және жарылу қауіп қасиеттері; өртті сөндіру құралдары мен тәсілдері; кәсіпорындарда өрт күзетін ұйымдастыру.</p>	<p>нормативтік-техникалық құжаттаманы пайдалану; - өндірістің қарамағындағы учаскеде жұмыстарды қауіпсіз жүргізуді ұйымдастыру; - адамға кері әсер ететін қауіпті және зиянды өндірістік факторларды бағалау; - жазатайым жағдайда зардап шеккендерге алғашқы көмек көрсету.</p>	<p>БҚ 4,6,7,9 КҚ 2.1.2</p>
<p>АП 06</p>	<p>Экономика және өндірісті басқару. Нарықтық қатынас жүйесіндегі сала кәсіпорыны; еңбекті ғылыми ұйымдастыру; сала кәсіпорындарында техникалық нормалау негіздері; еңбек өнімділігі; сала кәсіпорындарында еңбек төлемін ұйымдастыру; нарықтық экономика жағдайларында Қазақстан Республикасының салық жүйесі; сала кәсіпорындарының өндірістік-шаруашылық қызметін есепке алу және талдау негіздері.</p>	<p>Білімдер: - ұйымдастыру және еңбек төлемі саласында кәсіпорындарды басқарудың экономикалық механизмінің жұмысын. Іскерліктер: - өндірісті ұйымдастырудың тиімді тәсілдерін таңдау, кәсіпорын жұмысының негізгі көрсеткіштерін есептеу.</p>	<p>БҚ 7,10 КҚ 2.1.3</p>
<p>ӨО ж КП 00</p>	<p>Өндірістік оқыту және кәсіптік практика</p>		
	<p>Оқу практикасы. Материалдарды слесарлы-механикалық</p>	<p>Іскерліктер: - сызғышты, штангенциркульді, деңгейді, бұранда өлшеуішті, шуптарды қолдану; - таңбалау құралдарын пайдалану;</p>	

ӨО 01

өңдеу; қауіпсіздік техникасы және өнеркәсіптік санитария; технологиялық өлшеу негіздері; жазықтықтық танбалау; материалдарды кию; металдарды кесу; дайындамаларды түзету және ию; егеу; бұрғылау және үңгілеу; бұранда кесу; сымдарды қалайылау; электр монтаждық жалғанымдарды дәнекерлеу; сымдарды тарқату, жалғау, тарамдау және ұштау; радио элементтерімен жұмыс жасау; баспалы монтаждауа электр монтаждау жұмыстары; активті және реактивті энергияны өлшеуге арналған үш фазалы есептеуіштерді қосу; ток пен кернеудің өлшеу трансформаторларын тексеру; реттеу және жүктеу құрылғылары; асинхронды қозғалтқыштардың құрылғысы; автоматтық ажыратқыштар және балқымалы сақтандырғыштар; магниттік іске қосқыштар; басқару батырмалары, ауыстырып қосқыштар, соңғы ажыратқыштар; жылу релесінің құрылғысы; электр жарығын басқару сұлбаларын құрастыру және жинақтау.

- металды егеумен кесу;
- қысқыштарда, плитада немесе темір соғатын плитада металды шабу;
- құбыр игіштерде құбырды ию;
- егеуді қолдану;
- бұрғылау және үңгілеу;
- бұранда кестесін пайдалану;
- сұлбаларды жинау;
- тізбек бөлігінде болатын ток пен кернеуді есептеу;
- ток пен кернеуді реттеуде қолданылатын реостаттарды есептеу және таңдау.
Дағдылар:
- трансформатор орамдарының полярлылығын анықтау;
- кедергінің температуралық коэффициентін анықтау;
- аспаптар мен аппараттарды коректендіру сұлбасында ажыратқыштар мен сақтандырғыштарды қосу;
- реверсивті емес магниттік іске қосқыштардың жұмысын тексеру;
- ауыстырып қосқыш түйіспелерінің тұйықталу диаграммасын құру;
- қарапайым басқару сұлбасын жинақтау және электрлік жарықтандырумен тексеру;
- монтаждау жұмыстарын және материалдарды слесарлық өңдеу жұмыстарын орындау.

БҚ 4,6,7,9,10

КҚ 2.1.1

КҚ 2.1.2

КҚ 2.1.3

Іскерліктер:

- аспаптардың конструктивті ерекшеліктеріне қарай орнату тәсілдерін таңдау;

ӨО 02

Оқу-өндірістік практика.

Электр механикалық релені және логикалық сұлбаны жөндеу; аппараттар мен тетіктерді монтаждау; қалқанды рәсімдеу; сигнал беру сұлбаларын зерттеу, жинау және сынау; реттеу сұлбасын зерттеу, жинау және сынау; резервті автоматты енгізетін қоректендіру сұлбасын зерттеу, жинау және сынау; сорғыны басқару сұлбасын зерттеу, жинау және сынау; асинхронды қозғалтқышты басқару сұлбасын монтаждау, баптау және сынау; резервті қозғалтқышты енгізу сұлбасын жинау және сынау; ағынды-көлік жүйесін іске қосып басқару сұлбасын жинау және сынау; температураның алғашқы өлшеу түрлендіргіштерін жөндеу; қысым мен разрядталу аспаптарын жөндеу.

- аппаратураға, қалқанды рәсімдеу қысқыштары мен тетіктерінің оқшаулауына монтаждауды жүргізу;
 - параметрлердің технологиялық сигнал беру сұлбаларының жұмысындағы ақауларды анықтау және жою;
 - технологиялық параметрлерді реттеу сұлбаларының жұмыс режимдері;
 - резервті қозғалтқышты енгізумен қоректендіру сұлбасын жинауды және сынауды орындау;
 - стендте сорғыны басқару сұлбасының аппаратурасына монтаждауды орындау;
 - принциптік электр сұлбаларын оқу;
 - резервті қозғалтқышты енгізу сұлбасының тізбектеріне таңбалауды орындау;
 - істен шығу диагностикасын орындау;
 - іске қосылу сұлбасын оқу;
 - резервті қозғалтқышты енгізу сұлбасын оқу;
 - серіппелі түтікті манометрге жөндеуді орындау; иінтіректі берілістері бар манометрлерді жөндеу.
- Дағдылар:**
- қалқанша ішіне электрлік және түтікті сымдарды төсеу;
 - монтаждық-коммутациялық сұлбаларды құру;
 - асинхронды қозғалтқышпен басқару сұлбасын жинау және сынау;
 - резервті қозғалтқышты енгізу сұлбасын жинау және сынау;

БҚ 4,6,7,9,10
КҚ 2.1.1

		<ul style="list-style-type: none"> - автоматты басқару жүйесіне жөндеу жұмыстарын жүргізу; - қозғалтқышпен басқару сұлбасына монтаждау және баптау бойынша жұмыстарды орындау. 	<p>КҚ 2.1.2 КҚ 2.1.3</p>
КП 03	<p>Технологиялық практика. Кіріспе әңгіме; практиканың мақсаттары мен міндеттері; кәсіпорынға рәсімделу; қауіпсіздік техникасы мен өрт қауіпсіздігі бойынша нұсқаулық; учаскелерге бөліну; кәсіпорынмен жалпы танысу; кәсіпорынға саяхат; БӨА және А цехының (қызметінің) құрылымы; бақылау және автоматтандыру жүйелеріне техникалық қызмет көрсету (жөндеу, монтаждау және баптау) жөніндегі өндірістік бригададағы жұмыс; цехтың бақылау және автоматтандыру жүйелерінің, аспаптарды пайдалану және жөндеу қызметтерінің технологиялық процестері мен жұмысын зерттеу; кәсіпорында жинақталған материалдарды қорыту, күнделік жүргізу.</p>	<p>Іскерліктер:</p> <ul style="list-style-type: none"> - функционалдык, принциптік және монтаждық сұлбаларды оқу; - жұмыстарды орындауға наряд толтыру; - жұмыстардың көлеміне ведомость құру. <p>Дағдылар:</p> <ul style="list-style-type: none"> -автоматтандырылған жүйелерге қызмет көрсету; - аспаптар мен реттегіштерді жөндеу; - құбыр және электр сымдарын, аспаптарды, қалқан ішіндегі аппаратураларды монтаждау. 	<p>БҚ 5,6,7,9,10 КҚ 2.1.1 КҚ 2.1.2 КҚ 2.1.3</p>

5.2 Пәндер циклі және кәсіптік практика бойынша білім беретін оқу бағдарламасының мазмұны (*орта буын маманы*)

Циклдің (пәннің) индексі	Пәннің, практиканың атауы және негізгі бөлімдері	Қалыптасатын білім, іскерліктер мен дағдылар	Қалыптасатын құзырет коды
ЖБП 00	Жалпы білім беретін пәндер		
ЖГП 00	Жалпы гуманитарлық пәндер		
		<p>Білімдер:</p> <ul style="list-style-type: none"> - қазақ (орыс) тілінде және кәсіптік 	

ЖГП 01	<p>Кәсіптік қазақ (орыс) тілі. Кәсіптік тілдің рөлі: мамандық бойынша терминология; кәсіптік бағдарлы мәтіндерді оқу және аудару техникасы (сөздікпен); кәсіптік қарым-қатынас; мамандыққа бағытталған мәтіндер бойынша әңгімелер, сұхбаттар құрастыру.</p>	<p>бағдарлы мәтіндерді оқып, аудару үшін (сөздікпен) қажетті лексикалық (1200-1400 лексикалық бірлік) және грамматикалық минимумды меңгеру. Іскерліктер: - кәсіптік лексиканы сауатты пайдалану, өзінің кәсіптік қызметінде қазақ (орыс) тілінен білімдерін пайдалану.</p>	БҚ 3,4,6
ЖГП 02	<p>Кәсіптік шет тілі. Мамандық бойынша кәсіптік қарым-қатынас жасауға қажетті лексика-грамматикалық материалдар; сөйлесудің әртүрлі түрлері мен тілдік нысандарды (ауызша, жазбаша, монологтік, диалогтік); кәсіптік бағдарлы мәтіндерді аудару техникасы.</p>	<p>Білімдер: - мамандық бойынша кәсіптік қарым-қатынас жасауға қажетті мамандық бойынша лексика-грамматикалық материал. Іскерліктер: - тілдік іс-әрекет түрлерін және сөйлеу нысандарын ажырату (ауызша, жазбаша, монологтік, диалогтік).</p>	БҚ 3,4,6
ЖГП 03	<p>Қазақстан тарихы.</p>		
	<p>Дене тәрбиесі. Маман дайындауда дене тәрбиесінің рөлі, оның салауатты</p>	<p>Білімдер: - дене тәрбиесінің әлеуметтік-экономикалық және психофизиологиялық негіздерін;</p>	

ЖГП 04	<p>өмір салтын қалыптастыру; дене тәрбиесінің әлеуметтік-экономикалық және психофизиологиялық негіздері; дене және спорттық өзін-өзі жетілдіру негіздері; кәсіптік-қолданбалы дене дайындығы.</p>	<p>- дене және спорттық өзін-өзі жетілдіру негіздері. Іскерліктер: - денсаулықты сақтау және нығайтуда дене тәрбиесі білімдерін қолдану.</p>	БҚ 8
ӘЭП 00	Әлеуметтік-экономикалық пәндер		
ӘЭП 01	<p>Мәдениеттану. Мәдениеттану және оның қоғамдық өмірдегі рөлі; мәдениетті зерттеудегі көзқарстардың алуан түрлілігі; мәдениет және өркениет; мәдениеттің орнауы; мәдениеттің конфуциан-даосистік түрі; мәдениеттің индо-буддалық түрі; ислам мәдениеті әлемі; мәдениеттің христиандық түрі; батыс еуропалық мәдениет және оның</p>	<p>Білімдер: - негізгі ұғымдарды; - конфуцийшілдік; даосизм ұғымдарын; Қытайдың өнерін; иероглифін; Қытайдың пейзаж суреттерін; - индия мәдениетінің ерекшеліктерін және оның негізгі жетістіктерін; - ислам; курайш ұғымдарын; Мұхаммед; Құран; Аллах; Мекке ұғымдарын; - христиан оқуларының негізгі принциптерін және оның құндылық бағыттарын; - Франция мәдениетін; Ашель мәдениетін; проманындар, галлалар,</p>	БҚ 4,7,8

	<p>қазіргі әлемнің дамуына ықпалы; африка мәдениетінің ерекшелігі мен бірегейлігі; расизм проблемасы; көшпенді өркениеттің пайда болуы және бірегейлігі; Орта ғасырдағы Қазақстан мәдениеті; 17-19 ғасырдағы казактардың мәдени салттары; қазіргі Қазақстанның мәдениеті.</p>	<p>франктар әдебиеті, философиясы;</p> <ul style="list-style-type: none"> - көшпенділердің өмір сүрулері мен құндылық жүйесі туралы; - орта ғасыр кезеңінде казак этносының мәдени негізі туралы білімдерін; - түрік және араб мәдениетінің орта ғасырдағы Қазақстан мәдениетіне әсері туралы. <p>Іскерліктер:</p> <ul style="list-style-type: none"> - қытай мәдениетінің ерекшеліктерін ашу; - мәдениеттану ұғымдарын еркін пайдалану; - көшпенділердің материалдық және рухани мәдениетінің ерекшелігін, оның қоғамдық мәдени өмірдегі орнын көрсету. 	
		<p>Білімдер:</p> <ul style="list-style-type: none"> - негізгі философиялық ұғымдарды: материя, философияның негізгі сұрақтары, диалектика, диалектика заңдары, сана, таным, болмыс; - болмыстың жалпы мәселелерін, 	

<p>ӘЭП 02</p>	<p>Философия негіздері. Философия және оның қоғамдағы рөлі; философияның тарихи типтері; материя және сана; диалектика және оның баламасы; қоғамның философиялық ұғымы; таным теориясы; қоғамдық сана және оның нысандарының алуан түрлілігі; адам болмысы философия проблемалары ретінде; адам қоғамдық қарым-қатынастар объектісі және субъектісі ретінде.</p>	<p>танымның жалпы мәселелерін, қоғамның қалыптасуын және дамуын, адамның ортақ және маңызды проблемаларын. Іскерліктер: - негізгі философиялық ұғымдарға еркін сүйене білу, сол немесе басқа сындарды дәлелдеу және сынға алу, ақиқаттың әртүрлі құбылыстары арасындағы өзара байланысты аша білу, қоршаған шындықтың қарама-қайшылықтарын талдау.</p>	<p>БҚ 6,7,8</p>
<p>ӘЭП 03</p>	<p>Экономика негіздері. Мақсаттары, негізгі ұғымдары, функциялары, мәні, қағидалары; меншік нысандары мен түрлері, меншікті басқару; жоспарлардың түрлері, олардың негізгі кезеңдері, мазмұны, стратегиялық жоспарлау; жоспарлаудың және болжам жасаудың экономикалық негіздеу әдістері; бизнес-жоспарлау; экономикалық талдау; халық тұтынатын нарық тауарлары мен қызметтердің жағдайына талдау жасау; нарықтық инфрақұрылым.</p>	<p>Білімдер: - экономикалық теорияның жалпы ережелерін; - елдегі және шетелдердегі экономикалық жағдайларды; - макро және микро экономика негіздерін, салық, ақша-несиелік, әлеуметтік және инвестициялық саясат туралы. Іскерліктер: - өзінің кәсіптік қызметінде бағдары үшін қажетті</p>	<p>БҚ 1,7,9</p>

		экономикалық ақпаратты тауып , қолдана білу.	
ӘЭП 04	<p>Саясаттану және әлеуметтану негіздері.</p> <p>Саясаттану пәні; саясаттану білімінің құрылымы; саяси ойдың тарихы; билік адамдар арасындағы еркін қарым-қатынас ретінде; үкіметті заңды деп танушылық және қағидалары; саяси жүйе үкімет механизмі ретінде; саяси тәртіп; мемлекет саяси институт ретінде; саяси партиялар және партия жүйелері; саяси элита; саяси көшбасшылық; саяси идеологиялар; дүние жүзілік саяси процесс; Қазақстан Республикасының сыртқы саяси стратегиясы; әлеуметтану ғылым ретінде; негізгі әлеуметтік ұғымдар.</p>	<p>Білімдер:</p> <p>- негізгі саяси ұғымдарды: билік, билік ресурстары, биліктің заңдылығы, саяси жүйе, саяси тәртіп, мемлекет, мемлекетті басқару нысандары, мемлекеттің орналасу нысандары, саяси партиялар, партия жүйелері , саяси элита, с а я с и көшбасшылық, геосаясат;</p> <p>- саяси ғылым пәні мен әдісін.</p> <p>Іскерліктер:</p> <p>- халықаралық с а я с и процестерді талдау, геосаяси жағдай, Қазақстанның қазіргі өмірдегі орны мен рөлі;</p> <p>- саяси мәдениет дағдыларын меңгеру;</p> <p>- күнделікті өмірде және кәсіптік қызметте саясаттану білімдерді қолдану.</p>	БҚ 6,8
		<p>Білімдер:</p> <p>- адам мен азаматтың құқықтарын ж ә н е бостандық-тарын; оларды іске</p>	

ӘЭП 05	<p>Құқық негіздері. Құқық, ұғым, жүйе, көздер, Қазақстан Республикасының Конституциясы – құқықтық жүйе ядросы; адам құқығының жалпы қоғамдық декларациясы, тұлға, құқық, құқықтық мемлекет, заңды жауапкершілік және оның түрлері, құқықтың негізгі салалары, Қазақстан Республикасының сот жүйесі, құқық қорғау органдары.</p>	<p>а с ы р у механиздерін; - кәсіптік қызметі саласындағы құқықтық және адамгершілік - этикалық нормаларын. Іскерліктер: - маманның кәсіптік қызметін регламенттейтін нормативтік-құқықтық құжаттарды пайдалану.</p>	БҚ 3,4,8
--------	---	---	----------

Біліктілігі: 130202 3 – Электромеханик

Мамандандыру: "Мұнай мен газ өндірудің технологиялық процестерін автоматтандыру және басқару"

ЖКП 00	Жалпы кәсіптік пәндер		
ЖКП 01	<p>Мемлекеттік тілде іс қағаздарын жүргізу. Іс жүргізу бойынша сөздікпен жұмыс істеу; құжаттау және шаблондау мен стандарттауды құжаттармен қамтамасыз ету мәселелері бойынша нормативтік-әдістемелік құжаттар; құжаттарды шаблондаудан түсінік; әкімшілік-ұйымдастыру құжаттарының тізіміне кіретін құжаттарды құру ережелері; офистік және құжаттамалық жұмыс негіздері; техникалық құралдардың көмегімен құжаттау технологиясы.</p>	<p>Білімдер: - құжаттау қызметінің құрылымын, лауазымдық міндеттерді, техникалық құралдардың көмегімен құжаттау технологиясын. Іскерліктер: - әкімшілік-ұйымдастыру құжаттарын, мемлекеттік тілде қызметтік хат алысуды құру және рәсімдеу; - құжаттармен келіп түскен сәтінен, істі рәсімдеуге дейін жұмыс жасау; - анықтамалық әдебиетпен жұмыс жасау.</p>	БҚ 4,5,6,8
ЖКП 02	<p>Сызу. Кіріспе, КҚБЖ, МЕМСТ түсініктемесі; сызбалардың графикалық рәсімделуі; сызба сызықтары; сызба форматтары; графикалық редактордың көмегімен сызбаларға стандартты қаріптермен жазулар түсіру; масштабтар; өлшемдер түсіру; қолмен және графикалық редактордың көмегімен</p>	<p>Білімдер: - МЕМСТ 2.303-68* бойынша сызықтарды, МЕМСТ 2.301-68* бойынша форматтарды; - МЕМСТ 2.304-81 бойынша сызба қаріптерін; - МЕМСТ 2.302-68 бойынша масштабтарды, МЕМСТ 2.307-68* бойынша өлшемдер түсіру ережелерін. Іскерліктер: - стандартты сақтай отырып, әртүрлі сызықтарды сызу; - сызбаларда стандартты қаріппен жазба жазу;</p>	

	тетіктердің контурларын түсіру тәсілдері; техникалық сызу; сызбалар мен нобайларды орындаудың жалпы ережелері; сұлбалардағы шартты, графикалық белгілеулер; мамандық бойынша сұлбалар.	графикалық редактордың көмегімен сызбаларға стандартты қаріптермен жазулар түсіру; - сызба масштабын анықтау, берілген масштабта қолмен және графикалық редактордың көмегімен тетіктердің сызбаларын орындау; - сызбада қарапайым түрдегі тетіктердің өлшемдерін түсіру; - мамандық бойынша электр сұлбаларды оқу.	БҚ 3,5,7,9 КҚ 3.2.1
ЖКП 03	Техникалық механика негіздері. Статика; статика аксиомалары, күш жүйелері, материалдар кедергісі; деформацияланған күйдің түрлері: созылу (сығылу), ығысу, айналдыру, тура иілу, күрделі деформация; беріктікке есептеу; механизмдер мен машиналардың бөлшектері, механизмдер мен машиналардың кинематикалық сұлбаларын оқу және құру; әртүрлі берілістегі буындардың негізгі өлшемдерін геометриялық есептеу.	Білімдер: - статистиканың негізгі ұғымдарын, жазық күш жүйелерін, күш моменттерін, кинематика және динамика элементтерін; - материалдардың кедергілер негіздерін, машина тетіктерінің негіздерін. Іскерліктер: - механикалық жүйелердің беріктігіне есептеулер жүргізу; - механизмнің қажетті түрін таңдау, механизмдер мен құрылымдардың жиынтық бірліктерінің құрылымдық ерекшеліктеріне талдау жасау.	БҚ 3,7,8,10 КҚ 3.2.1
ЖПК 04	Электрматериалтану. Металдардың құрылымы мен қасиеттері, темірдің көміртекті қорытпалары; түсті металдар және олардың қорытпалары; магниттік материалдар; магниттіжұмсақ электротехникалық материалдар, өткізгіш материалдар; өткізгіш материалдарының жіктелуі; сымдар, шиналар, кабельдер; жартылай өткізгіш материалдар; қасиеттері, қолданылу саласы; электр өлшеу материалдары; диэлектриктер физикасы; физика-механикалық сипаттамалары; газ тәрізді диэлектриктер; поляризациялық материалдар; электр оқшаулау материалдары және компаундтар; резеңкелер; электр оқшаулағыш слюда, керамика, шыны, қабатты пластмасса.	Білімдер: - электротехникалық материалдардың құрылымын, олардың электрлік, магниттік, жылу, механикалық және физика-химиялық сипаттамаларын; - электротехникалық материалдарды қолдану саласын және алу тәсілдерін. Іскерліктер: - өткізгіш материалдарды жіктеу; - сымдар мен кабельдердің маркаларын ашып оқу; - өндіріс талаптарына сай электротехникалық материалдарды таңдау.	БҚ 1,2,7,9 КҚ 3.2.1
		Білімдер:	

ЖКП 05	<p>Электротехниканың теориялық негіздері. Тұрақты токтың электр тізбектері; электр өрісі туралы ұғым; потенциалдар және потенциалдардың түрлілігі, электр тогы, оның физикалық мәні және есептеу әдістері; кедергі, өтімділік; электр қозғаушы күштер; электр тізбегін байланыстырушы электротехника заңдары; электр тізбегінің байланыстырушы параметрлері; электрмагниттік өріс және оның құрауыштары; магниттік және электрлік тізбектерде өтетін электрмагниттік процестер; магниттік тізбектерді есептеу; электрмагниттік индукция; синусоидалы токтың электр тізбектері; тұрақты және айнымалы токтың электр тізбегін есептеу; тұрақты және айнымалы токтың сызықты емес тізбектері; есептеу ұғымдары мен әдістері; синусоидалы емес токтың электр тізбектері; есептеу ұғымдары мен әдістері; электр тізбектеріндегі өтпелі процестер; тарату параметрлері бар электр тізбектері.</p>	<ul style="list-style-type: none"> - негізгі электрлік және магниттік құбылыстарды, олардың физикалық мәнін және іс-жүзінде қолдану мүмкіндігін; - электротехника негізделген физикалық заңдарды және бұл заңдардан туындайтын салдарларын; ережелерін, есептеу әдістерін; - теориялық электротехникада жиі қолданылатын терминдер мен анықтамаларды; - алмастыру сұлбаларында қолданылатын электр тізбектері элементтерінің шартты графикалық белгіленуін; - электрлік және магниттік шамалардың өлшем бірліктері мен әріптік таңбалануын. <p>Іскерліктер:</p> <ul style="list-style-type: none"> - тұрақты және айнымалы токтың электрлік тізбектеріне есептеу жүргізу; - электр машиналары мен трансформаторларды оқыған кезде электрмагниттік индукция заңын қолдану; - өтпелі процестердің электрлік шамалары мен өту уақытының параметрлерін анықтау. 	БҚ 1,2,3,7 КҚ 3.2.1
ЖКП 06	<p>Гидравлика, пневматика және жылу техникасының негіздері. Гидравлика негіздері: сұйықтықтардың физикалық қасиеттері; гидростатика негіздері; гидродинамика негіздері; гидравликалық кедергілер; жылу техникасы және пневматика негіздері; термодинамика негіздері; су буы; жылу берілісі негіздері; энергетикалық қондырғылардағы жылу процестері; пневматика негіздері: газ бен буды сығу туралы ұғымдар; көлемді компрессорлардың жұмыс принципі, үш сатылы компрессорлардың теориялық индикаторлық диаграммасы; поршенді компрессордың жұмысын зерттеу.</p>	<p>Білімдер:</p> <ul style="list-style-type: none"> - гидравлика мен жылу техникасы заңдарының физикалық мәнін; - гидравликалық және жылу энергиясын өнеркәсіптік пайдалануды; - компрессорлардың, қазандық және тоңазытқыш қондырғылардың құрылғысы мен жұмысын. <p>Іскерліктер:</p> <ul style="list-style-type: none"> - физикалық қасиеттерді анықтау үшін кестелер мен формулаларды пайдалану; - газ қоспалары күйінің параметрлерін және газ бен газ қоспаларының жылу сыйымдылығын анықтау. 	БҚ 5,7,9 КҚ 3.2.1
	<p>Автоматтық құрылғылардың электр машиналары.</p>	<p>Білімдер:</p>	

ЖКП 07	<p>Тұрақты ток машиналары: тұрақты ток машиналарының (ТТМ) қайтымдылығы; жұмыс принципі, конструкциясы; ТТМ магниттік тізбегі; параллель қоздыру қозғалтқышы; ТТМ қуат шығыны мен ПӘК: арнайы машиналар; трансформаторлардың міндеті; жұмыс принципі; трансформаторларды жалғау сұлбалары мен топтары; трансформаторлардың бос жүріс және тұйықталу режимдері; трансформаторлардың қуат шығындары мен ПӘК; трансформаторлардың параллель жұмысы; синхронды генераторлардың жұмыс принципі мен конструкциясы; синхронды қозғалтқыштардың жұмыс принципі мен конструкциясы; синхронды қозғалтқыштарды іске қосу; синхронды қозғалтқыштардың векторлық диаграммасы мен бұрыштық сипаттамасы; синхронды қозғалтқыштардың жұмыс сипаттамалары; асинхронды машиналар; асинхронды машиналардың жұмыс принципі мен конструкциясы; асинхронды қозғалтқыштардың жұмыс сипаттамалары; асинхронды қозғалтқыштарды іске қосу; АҚ жиілігін реттеу; іске қосу сипаттамалары жақсартылған қозғалтқыштар.</p>	<ul style="list-style-type: none"> - электр машиналары мен трансформаторлардың жұмыс принципі негізіне сүйенетін электр магниттік және электр механикалық процестерді; - электр машиналары мен трансформаторлардың негізгі қасиеттерін, құрылымдық ерекшеліктерін және сипаттамаларын; олардың қолданылу саласын. <p>Іскерліктер:</p> <ul style="list-style-type: none"> - электр машиналары мен трансформаторлардың типін конструкциялары және паспорттық мәліметтері бойынша анықтау; - қозғалтқыш сұлбаларын жұлбаларын және сипаттамаларын алу; - зәкір орамдарының толық сұлбалары параметрлерін есептеу және орындау бойынша есептер шығару; тұрақты токтың магниттік тізбегін есептеу бойынша есептер шығару; коллекторлы машиналардың ЭҚК, электр магниттік моменттерін және жиілігін есептеу; бұл машиналар сипаттамаларын есептеу; - трансформаторлардың, синхронды, асинхронды машиналардың параметрлері мен сипаттамаларын есептеу бойынша есептер шығару. 	БҚ 5,7,9 КҚ 3.2.1
ЖКП 08	<p>Электржетегінің негіздері. Электржетегінің механикасы: электржетегінің механикалық бөлігінің құрылымы және есептік сұлбасы; электржетегінің орнықпаған механикалық қозғалысы; электржетегі координатын реттеу ұғымы; тұрақты ток қозғалтқышы бар электржетегі; тәуелсіз қоздырғышты тұрақты ток қозғалтқышы бар электржетегі; асинхронды және синхронды қозғалтқыштары тізбекті тұрақты ток қозғалтқышы бар электржетегі ;</p>	<p>Білімдер:</p> <ul style="list-style-type: none"> - электржетегін басқару сұлбасын; - механизм қозғалтқыштарын таңдау және тексеру шарттарын; - электржетегі жұмысының жылдамдығын реттеу және тұрақтылығын анықтау тәсілдерін. <p>Іскерліктер:</p> <ul style="list-style-type: none"> - электржетегінің электрлік және электр механикалық параметрлерін есептеу. 	

	электржетек энергетикасы: қуатты есептеу, электрқозғалтқыштарды таңдау және тексеру.		БҚ 5,7,9 КҚ 3.2.1
ЖКП 09	<p>Электроника және микроэлектроника негіздері.</p> <p>Электр вакуумдық және ионды аспаптар; жартылай өткізгіш аспаптар: диодтар, транзисторлар, тиристорлар; интегралды микросұлбалар; микроэлектронды құрылғылар жіктемесі; таңбалануы; микроинтегралды орындауда элементтер мен сұлбаларды дайындау технологиясы; күшейткіштер; қорек көздері: түзеткіштер, жазу сүзгілері, кернеу көбейткіштері, тұрақтандырғыштар, инверторлар мен жиілік түрлендіргіштер; желілік тербеліс генераторлары; импульстік және сандық құрылғы элементтері; микропроцессорлық техника элементтері: санауыштар, тіркеуіштер, дешифраторлар, компараторлар, информаторлар; импульс қалыптастырғыштар мен түрлендіргіштер.</p>	<p>Білімдер:</p> <ul style="list-style-type: none"> - электроника элементтерінің құрылысын, жұмыс принципін, вольтамперлік сипаттамаларын және негізгі параметрлерін; - микропроцессорлық техниканың электронды құрылғылары мен элементтерінің құрылу принципін, типтік түйіндерін және сұлбаларын; - өнеркәсіптік электрониканы пайдалану шарттары мен қолданылу саласын. <p>Іскерліктер:</p> <ul style="list-style-type: none"> - үлгілік электронды сұлбаларды оқу; - электронды аспаптар мен құрылғыларды зертханалық зерттеу бойынша эксперименттер жүргізу, техникалық және анықтамалық әдебиетті пайдалану; - негізгі есептік арақатынастар бойынша есептер шығару. 	БҚ 1,3,5,7,9 КҚ 3.2.1
АП 00	Арнайы пәндер		
	<p>Метрология негіздері және өлшеу құралдары.</p> <p>Метрология негіздері: негізгі ұғымдар мен анықтамалар; өлшеу құралдары және олардың негізгі сипаттамалары; АМЖ өлшеу түрлендіргіштері: бастапқы өлшеу түрлендіргіштері; электр өлшеу тізбектері; АМЖ сигналдарының түрлендіргіштері; электр өлшеу аспаптары және электрлік өлшеу; кеңейту термометрлері; кедергіні жылу түрлендіргіштер; термоэлектрлік жылу түрлендіргіштер; пирометрлер; қайталама түрлендіргіш аспаптары; қысым мен қысым айырмасын өлшеу аспаптары: сұйықтық аспаптары; серіппелі аспаптар; мембраналы аспаптар; сиффонды аспаптар; деформациялы шкаласыз аспаптар және қашықтан беру түрлері; зат шығыны мен мөлшерін өлшеу аспаптары: шығынды айнымалы</p>	<p>Білімде:</p> <ul style="list-style-type: none"> - өлшеу құралдарының негізгі метрологиялық сипаттамаларын; - өлшеу құралдарының құрылымын; - өнеркәсіптік аспаптар мен автоматтандыру құралдарының мемлекеттік жүйе құрылымын; - электр өлшеу аспаптарының және өлшеу тізбектерінің негізгі түрлері мен жұмыс қағидаларын; - электрлік өлшеу әдістемесін; - өлшеу нәтижелерін талдау әдістемесін; - электрлік емес шамаларды өлшеуге арналған аспаптардың негізгі түрлері мен жұмыс қағидасын; - АМЖ ұқсас және сандық аспаптарының негізгі түрлері мен жұмыс қағидаларын; - технологиялық процестердің әртүрлі параметрлерін өлшеуге арналған аспаптардың жинағын; 	

<p>АП 01</p>	<p>қысым айырмасыәдісімен өлшеу; жедел шығын өлшеуіштер мен санауыштар; көлемді шығын өлшеуіштер; тахометриялық шығын өлшеуіштер; гидростатикалық және акустикалық деңгей өлшеуіштер; заттардың физика-химиялық қасиеттерін өлшеу аспаптары: ауа ылғалдылығын және тозаңдануын өлшеу аспаптары; тығыздықты өлшеу аспаптары; тұтқырлықты өлшеу аспаптары; сұйық ортаның электр өтімділігін өлшеу аспаптары; химиялық құрамды өлшеу аспаптары; деңгейді өлшеу аспаптары: қалтқымалы және буйкалы деңгей өлшеуіштер; сыйымды, кондуктометриялық және радиоактивті деңгей өлшеуіштер; АМЖ ақпаратын бейнелеу құрылғылары: ұксас көрсететін және қайталама тіркеу аспаптары; сандық қайталама көрсететін аспаптар; орталықтандырылған бақылау құралдары.</p>	<p>- орталықтандырылған бақылау жүйесінің құрылымын.</p> <p>Іскерліктер:</p> <ul style="list-style-type: none"> - өлшенетін шаманың ең ақиқат мәнін анықтау; - әртүрлі физикалық шамаларды өлшеу үшін алғашқы өлшеу түрлендіргіштеріне таңдау жүргізу ; - жинақты таңдауды жүзеге асыру: жылу түрлендіргіш – қайталама аспап; - жылу түрлендіргіштердің статикалық сипаттамаларын алу және талдау; - температураны өлшеу аспаптарын іске қосу; - аспаптардың статикалық сипаттамаларын алу және талдау; аспаптарға баптау жүргізу; - дифманометрлерді іске қосу; - газ талдауыштың және сұйықтық талдауыштың сипаттамаларын алу және талдау; - қайталама аспаптарға баптау жүргізу. 	<p>БҚ 1,3,4,5,7,9 КҚ 3.2.1</p>
<p>АП 02</p>	<p>Сала технологиясының негіздері. Мұнай және газ ұңғымаларын бұрғылау туралы негізгі мәліметтер; ұңғымаларды бұрғылау режимдері; бұрғылау режимі мен оның параметрлері туралы түсінік; бұрғылау режимдерінің алуан түрлілігі; бұрғылаудың әртүрлі тәсілдерінде бұрғылау режимдерінің технологиялық ерекшеліктері; мұнай мен газды өндіру технологиясы және техникасы; фонтанды ұңғымалар ернеуінің жабдығы; МЕМСТ бойынша фонтанды арматураның жіктелуі; көтеру желілері бар фонтанды ұңғымалардыңбекітпесі; манифольдтің міндеті мен құрамы ; фонтанды ұңғыма жұмысын реттеу; мұнайды фонтанды өндіру ; фонтандыұңғымаларды автоматтандыру; пайдалану режимі бұзылған кезде және е р н е у л і жабдықтыңгерметизациясының жойылуы</p>	<p>Білімдер:</p> <ul style="list-style-type: none"> - фонтанды ұңғымалардың жабдығы мен бекітілуін; - ұңғыма жұмысының технологиялық режимін орнатуды және реттеуді; - газлифт жұмысының принципін; - компрессорлы және компрессорсыз газлифтінің технологиялық сұлбаларын; - компрессорлы ұңғымаларды пайдалануға беруді және іске қосу қысымын төмендету әдісін; - ұңғымаларда газды реттеу тәсілдерін; 	

	<p>фонтанды ұңғыманы жабуға арналған құрылғы; бөлгіш клапандар және ұңғымаішілік жабдық; мұнайды газлифтті жолмен өндіру; компрессорлық көтергіштердің жүйесі және құрылымдары; газлифттілі ұңғымалар ернеуінің жабдығы; компрессорлық және компрессорсыз газлифт, технологиялық сұлба; мұнайды ұңғымалы-штангалы сорғылармен өндіру; ұңғымалы-штангалы сорғы қондырғысы жұмысының сұлбасы; сорғы ұңғымалары ернеуінің жабдығы; мұнайды штангасыз сорғылармен өндіру; жүктеу электрлік центрден тепкіш сорғыларды орнату сұлбасы (ЭЦСО), қолданылу саласы; пайдалану процесінде қондырғының жұмыс параметрлерін бақылау; жабдықталған ЭЦСО ұңғымаларды автоматтандыру.</p>	<p>- штангалы ұңғыма қондырғыларының жұмыс қағидасын. Іскерліктер: - компрессорлы және компрессорсыз газлифтінің технологиялық сұлбаларын оқу; - ұңғымалы-штангалы сорғы қондырғыларының жұмысын; жүктеу электрлік центрден тепкіш сорғыларды орнату сұлбасының (ЭЦСО) жұмысы.</p>	<p>БҚ 5,7,9 КҚ 3.2.1</p>
	<p>Сала процесі мен аппараттары. Сорғылар; көлемді сорғылар; көлемді сорғылар; көлемді сорғылар мен динамикалық сорғылардың жұмыс қағидасы, жіктелуі және қолданылу саласы, олардың негізгі техникалық параметрлері; сорғыларды бекіту сұлбалары; монтаж негіздері және пайдалану ережелері; мұнай және газ өнеркәсібінде қолданылатын жаңа сорғылардың құрылымы мен техникалық мәліметтері: консолды, екі жақты кіретін сорғылар, көп секциялы; ұңғымаларды фонтанды пайдалануға арналған жабдық; ұңғымаішілік жабдық; фонтанды ұңғыма ернеулерінің жабдығы; штангалы сорғылық пайдалануға арналған жабдық; электр центрден тепкіш сорғыны орнату; электр центрден тепкіш сорғыны орнатудың (ЭЦСО) принциптік сұлбасы; қондырғылар жинақтылығы, қолданылу саласы</p>	<p>Білімдер: - сорғыларды орнатуды және жұмыс қағидасын, олардың қолданылу саласын; - сорғыларды бекіту сұлбаларын және пайдалану ережесін; - пайдаланатын ұңғымалардың құрылымын және фонтанды арматураның негізгі элементтерін, фонтанды арматураның сұлбаларын, қолданылу саласын; - әртүрлі типті ұңғыма сорғылардың құрылымы мен қолданылу саласын; - жетек құрылымын, МЕМСТ сәйкес білдек-тербеткіштің шартты таңбалануын, негізгі параметрлерін; - жүктеу центрден тепкіш электр сорғыларын пайдалану кезінде ұңғымалардың жабдығын, қолданылу саласын; - қондырғылардың негізгі элементтерінің құрылымы мен техникалық сипаттамасын; - қондырғылардың шартты таңбалануын ашып оқуды;</p>	

және жіктелуі; жүктеу центрден тепкіш сорғылар, олардың типтері және құрылымы; жүктеу бұрандамалы сорғыларды орнату, принциптік сұлбасы, қолданылу саласы, орнату жинақтылығы; мұнай және газ өнеркәсібінде компрессорлардың қолданылу саласы; компрессорлардың түрлері мен жіктелуі; поршенді компрессордың жұмыс қағидасы мен құрылғысы, оның жұмысының термодинамикалық негіздері; центрден тепкіш компрессорлардың жұмыс қағидасы мен қолданылу саласы; ұңғымаларды жууға арналған сорғы қондырғылары, олардың типтері, кинематикалық сұлбалары, құрылғысы мен техникалық сипаттамалары; ППУА-1200/100 жылжымалы бу генераторларын орнату және ұңғымаларды (АДП типті) депарафиндеуге арналған агрегаттар, олардың принциптік сұлбалары, техникалық мәліметтері, негізгі түйіндердің құрылымы.

- винтті, гидропоршенді, диафрагмалы және шапшымалы сорғыларды пайдалану кезіндегі ұңғымалардың жабдығын;
- компрессорлардың құрылымы мен жұмыс қағидасын;
- кәсіптік компрессорлық станциялардың технологиялық сұлбасын;
- компрессор жұмысына бақылауды ұйымдастыруды;
- компрессорлардың құрылымы мен жұмыс қағидасын, поршенді компрессорлармен салыстырғанда олардың артықшылықтары мен кемшіліктерін, қолданылу саласын ;
- сорғылық қондырғылардың, вертлюгтердің және ернеу жабдықтарының негізгі түрлерінің құрылымын, олардың тағайындауын;
- бу генераторларлы қондырғылардың құрылымын, олардың техникалық мәліметтерін , пайдалану ережелерін.

Іскерліктер:

- компрессорлық станциялар мен сорғылық қондырғылардың технологиялық сұлбасын оқу.

БҚ 5,7,9
КҚ 3.2.1

Автоматтық реттеу.

Автоматтандырылған жүйелердің элементтері: автоматтандырылған жүйе элементтерінің жалпы сипаттамалары; электр механикалық элементтер; ферромагниттік элементтер; пневматикалық және гидравликалық элементтер; атқарушы механизмдер (электрлік , пневматикалық, гидравликалық); реттеуші органдар; автоматтық реттеу теориясының негіздері: автоматтық реттеудің негізгі ұғымдары мен анықтамалары; автоматтық реттеу жүйелерінің типтік динамикалық буындары; реттеудің автоматтандырылған

Білімдер:

- автоматтандырылған жүйе элементтерінің жалпы сипаттамаларын;
- автоматтық реттеу теориясының негіздерін;
- автоматтық реттеуіштердің типтері мен сипаттамаларын;
- бақылау мен реттеудің микропроцессорлық құралдарын.

Іскерліктер:

- абсолюттік статикалық, қатыстық және келтірілген қателіктерді анықтау;
- қарапайым релелік басқару сұлбаларын оқу;
- магниттік күшейткіштердің сипаттамаларын зерттеу кезінде алған білімдерін қолдану;
- автоматтық реттеу жүйелерін жобалау кезінде алған білімдерін қолдану;

<p>АП 04</p>	<p>жүйелері (РАЖ); реттеудің автоматтандырылған жүйелерінің беріктігін талдау (РАЖ); реттеу процестерінің сапасын талдау; автоматтық реттеуіштер: автоматтық реттеуіштердің типтері мен сипаттамалары; тура әрекетті автоматтық реттеуіштер; электрлік позициялық реттеуіштер; "Контур" приборлары мен құрылғыларының жиынтығы; "Каскад-2" микроэлектронды базадағы реттеуіш және функционалды оқшаулау жиынтығы; пневматикалық реттеуіштер; экстремалды реттеу; реттеуіш түрін таңдау және параметрлерін баптау; технологиялық процестерді басқару жүйесіндегі микропроцессорлар; технологиялық процестерге арналған микропроцессорлық бақылау және реттеу құралдары.</p>	<ul style="list-style-type: none"> - автоматтық реттеу жүйелерінің құрылымдық сұлбаларын моделдеу; - практикалық жолмен қисық екпіннен параметрлерін пайдаланып, реттеу объектілерінің теңдеуін құру; - буындар мен жүйелердің жиілік сипаттамаларын құру; - төртінші реттегі реттеудің автоматтандырылған жүйелерін беріктікке есептеу; - реттеу сапасын Наквист және Михайлов критерийлері бойынша бағалау; - әртүрлі типті реттеуіштердің салыстырмалы сипаттамасын жасау; - зерттелген реттеуішті пайдаланып, реттеу контурының құрылымдық сұлбасын жасау; - автоматтандырылған жүйелерді жобалау кезінде микропроцессорлық жүйелерді қолдану; - ТПА функционалды сұлбаларына өнеркәсіптік роботтарды енгізу. 	<p>БҚ 5,7,9 КҚ 3.2.1</p>
<p>АП 05</p>	<p>Автоматтандырылған жүйелердегі есептеу техникасы. ЭЕМ арифметикалық және логикалық негіздері: есептеу жүйелері; екілік арифметика; ЭЕМ логикалық негіздері; логикалық функциялар; ЭЕМ ақпаратты бейнелеу: ЭЕМ-да ақпаратты бейнелеу нысандары мен тәсілдері; есте сақтау құрылғылары: есте сақтау құрылғыларының (ЕК) жіктелуі және жалпы мәліметтер; жедел есте сақтау құрылғысы (ЖЕК); тұрақты есте сақтау құрылғысы (ТЕҚ); жалпы қолданыстағы ЭЕМ: сәулет, ерекшеліктері, қолданылу саласы; енгізу-шығару каналдары; микропроцессорлар: микропроцессорлардың негізгі шектеулері, сәулет; микропроцессорлық жинақтар; микропроцессор командаларының жүйесі; микроЭЕМ:</p>	<p>Білімдер:</p> <ul style="list-style-type: none"> - жалпы қолданыстағы есептеу машиналарын ұйымдастыру қағидасын; - перифериялы құрылғылардың жұмыс қағидасы мен номенклатурасын; - микропроцессорлар мен микроЭЕМ базасында есептеу басқару жүйелерін ұйымдастыру қағидасын; - мамандық бойынша техника-экономикалық жедел есептеулерде ЭЕМ пайдалану негіздерін. <p>Іскерліктер:</p> <ul style="list-style-type: none"> - сандарды бір жүйеден екіншіге ауыстыру; - қарапайым дискретті автоматтық құрылғылардың жұмыс алгоритмдерінің логикалық функцияларын құру; - МК бағдарламалауға арналған бағдарламалар құру, бір реттік 	<p>БҚ 5,7,9 КҚ 3.2.3</p>

	<p>функционалдық шектеулер, микроЭЕМ сәулеті; микроЭЕМ-ның енгізу-шығару жүйесі; перифериялық құрылғылар: дисплей және таңба басатын құрылғылар; технологиялық процестерді басқарудың автоматтандырылған жүйесінде (ТП БАЖ) ЭЕМ қолдану: мамандық бойынша техника-экономикалық және жедел есептеулерде ЭЕМ қолдану.</p>	<p>автоматтардың ақиқаттық кестелерін құру және анықтау;</p> <ul style="list-style-type: none"> - пернетақта және монитордың көмегімен ЭЕМ-мен сұхбат жүргізу; - микропроцессорлық құрылғыларды қолдана отырып, автоматтандырылған жүйелердің құрылымдық сұлбаларын құру; - мамандық бойынша бағдарламалар пакетін қолдану; - мамандық бойынша техника-экономикалық есептеулерде ЭЕМ пайдалану. 	
<p>АП 06</p>	<p>Автоматтандырылған жүйелерді монтаждау және пайдалану.</p> <p>Технологиялық процестерді автоматтандыру жүйелерін жобалау; монтаждау жұмыстарын ұйымдастыру; жобалық құжаттаманың құрамы; жобалау сатылары: жоба материалдары; автоматтандырылған жүйелердің монтаждау жұмыстарын ұйымдастыру туралы жалпы мәліметтер; өндірісті монтаждау жұмыстарына дайындау; монтаждау ұйымдарының өндірістік базалары; индустриалды монтаж; монтаждау жұмыстарының ұйымдастырушылық-техникалық деңгейінің көрсеткіштері; автоматтандырылған жүйелерді монтаждау: монтаждау жұмыстарының сапасын қамтамасыз етуде стандарттаудың рөлі; құбыр сымдарын дайындау және монтаждау; электр сымдарын монтаждау; байланыстың талшықты-оптикалық желілерін монтаждау; қалқандар мен пульттарды монтаждау; температураны өлшеу жүйелерін монтаждау; қысым мен разрядталуды өлшеу жүйелерін және құрылғыларын монтаждау; шығынды өлшеу жүйелерін және құрылғыларын монтаждау; деңгейді өлшеу жүйелерін және құрылғыларын монтаждау; заттың құрамы мен мөлшерін өлшеу</p>	<p>Білімдер:</p> <ul style="list-style-type: none"> - автоматтандырылған жүйелерді монтаждауға арналған жобалық құжаттаманың құрамы мен мазмұнын; - автоматтандырылған жүйелерді монтаждаудың озық әдістерін; - автоматтандырылған жүйелерді монтаждау, пайдалану және жөндеудің негізгі сұрақтарын; - БӨА мен А цехының міндеттері мен функцияларын; - жеке уческелер мен топтардың белгіленуін; жүргізілетін жұмыстардың көлемін; БӨА мен А цехтары зертханалары мен шеберханаларында жүргізілетін жұмыс түрлерін; - БӨА және А зертханалары жайларына қойылатын талаптарды; - техникалық қызмет көрсету, бақылау және автоматика жүйелерін жөндеу және баптау жөніндегі жұмыстардың кезеңдігі мен мазмұнын. <p>Іскерліктер:</p> <ul style="list-style-type: none"> - қалқандар мен пульттардың жалпы түрлерінің сызбаларын, сыртқы сымдар жалғанымдарының сұлбаларын, жабдық пен сымдардың орналасу жоспарларын оқу; - жұмыстарды жүргізу жобаларын жасау; - құбыр сымдарын жинау; - құбыр сымдарын монтаждаудың техникалық шығыс құжаттамасын оқу; 	

	<p>жүйелерін монтаждау; автоматтық реттеуіштерді монтаждау; атқарушы механизмдер мен реттеуші органдарды монтаждау; басқарушы есептеу кешендерін монтаждау; автоматтандыру жүйелерін пайдалану және жөндеу :</p> <p>цехтың құрылымы, міндеттері және функциялары; БӨАжәнеА; автоматтандыру жүйелерін пайдалану қызметтерінің өзге де қызметтермен және ұйымдармен өзара қарым қатынастары; БӨА және А цехының зертханалары мен шеберханаларын ұйымдастыру; техникалық қызмет көрсету және жоспарлы-алдын алу жөндеу жұмыстарының мазмұны мен кезеңдігі; өлшеу құралдары мен автоматтандыру жүйелерін пайдалану; аспаптар мен реттеуіштерді жөндеу: температураны өлшеу аспаптарын жөндеу және реттеу; қысым аспаптарын жөндеу және реттеу; шығын аспаптарын жөндеу және реттеу; деңгей аспаптарын жөндеу және реттеу; заттың құрамы мен мөлшерін өлшеу аспаптарын жөндеу және реттеу; реттеуіштер мен реттеу аппаратурасын жөндеу және реттеу.</p>	<ul style="list-style-type: none"> - электр сымдарын ұштауды, жалғауды, қосуды және таңбалауды орындау; - монтаждау жұмыстарында айлабұйымдарды дұрыс пайдалану; - қалқанның коммутациясын орындау; - сымдарды жалғау және ауыстырып қосу кестелерін құру; - температураны өлшеу жүйелерінің жалғастырушы желілерді таңдау; - импульсті жалғастырушы желілерін таңдау; - аспаптарды орнатуға арналған бірегей типтік конструкциялар; - шығынды өлшеу жүйелеріне арналған импульсті желіні таңдау; - деңгей өлшеуіштерді орнатуға арналған төсеу конструкцияларын таңдау; - реттеуші органдарға бөлшектеу жүргізу және әртүрлі атқарушы механизмдерін монтаждау; оларды жобалық құжаттамаға сәйкес іске қосу; - аспаптар мен реттеуіштердің ақауларын жою; - аспаптар мен реттеуіштердің жеке бөлшектерін және тетіктерін ауыстыру. 	<p>БҚ 1,2,3,5,7,9 КҚ 3.2.1</p>
	<p>Еңбекті қорғау.</p> <p>Еңбекті қорғаудың құқықтық және ұйымдастырушылық мәселелері: Қазақстан Республикасында еңбекті қорғау жөніндегі негізгі заңнамалар; еңбек қауіпсіздігінің стандарттар жүйесі (ЕҚСЖ); еңбекті қорғау бойынша жұмыстарды ұйымдастыру; қауіпті және зиянды өндіріс факторлары; өндірістегі жазатайым жағдайларды зерттеу, есепке алу және талдау; жұмыс орнында еңбекті ұйымдастыру; еңбек гигиенасы және өндірістік санитария: өндірістік жайларға, жұмыс орындарына, технологиялық жабдықтарға қойылатын жалпы санитарлық-гигиеналық талаптар;</p>	<p>Білімдер:</p> <ul style="list-style-type: none"> - еңбекті қорғау жөніндегі заңнама негіздерін; - тиімді жұмыс жағдайларын жасау бойынша іс-шараларды, өндірістік жайларға және жұмыс орындарына қойылатын жалпы санитарлық-гигиеналық талаптарды; - электрлік қауіпсіздік негіздерін және электр тогымен жарақаттанудан қорғау шараларын, жазатайым жағдайларда зардап шегушілерге дәрігерге дейінгі көмек көрсету жөніндегі негізгі медициналық мәліметтерді. <p>Іскерліктер:</p>	

<p>АП 07</p>	<p>өндірістік жайларды жарықтандыруға қойылатын талаптар; шудан, вибрациядан, ультрадыбыстардан, ионданған және электр магниттік сәулеленуден қорғау; қауіпсіздік техникасы: тиеп-түсіру, тасымалдау және қойма жұмыстары кезіндегі қауіпсіздік техникасы; қолмен жұмыс жасайтын құрал-саймандармен және айлабұйымдармен жұмыс жасау кезіндегі қауіпсіздік техникасы; бақылау және автоматтандыру жүйелерін монтаждау кезіндегі қауіпсіздік техникасы; электрлік қауіпсіздік негіздері; өртке қарсы қорғаныс: заттардың жануы және жарылу қаупі қасиеттері; өртті сөндіру құралдары мен тәсілдері; кәсіпорындарда өрт күзетін ұйымдастыру.</p>	<ul style="list-style-type: none"> - еңбекті қорғау жөніндегі нормативтік-техникалық құжаттаманы пайдалану; - өндірістің қарамағындағы учаскеде жұмыстарды қауіпсіз жүргізуді ұйымдастыру; - жазатайым жағдайларға зерттеу жүргізу және Н-1 формасы бойынша акт рәсімдеу; - технологиялық процестер мен жабдықтың қауіпсіздік параметрлерінен ауытқуын және бұзылуын анықтау; - адамға кері әсер ететін қауіпті және зиянды өндірістік факторларды бағалау; - ағымдағы және кезеңдік нұсқаулық өткізу, қауіптілігі жоғары жұмыстарға жоғары рұқсат-наряд рәсімдеу; - жазатайым жағдайда зардап шеккендерге алғашқы көмек көрсету. 	<p>БҚ 4,6,7,9 КҚ 3.2.2</p>
<p>АП 08</p>	<p>Экономика және өндірісті басқару .</p> <p>Мұнай және газ өндіру кәсіпорындары, оны нарықтық экономика жүйесінде басқару: өнеркәсіптің салаға бөлінуі; нарықтық экономика жүйесіндегі кәсіпорын; мұнай және газ өндіру кәсіпорындарын басқару негіздері; кәсіпорын қызметкерлерін басқару; мұнай және газ өндіру кәсіпорындарының өндірістік қызмет факторлары: мұнай және газ өндіру кәсіпорындарының мүлкі; кәсіпорындардағы жаңалықтар мен инвестициялар; мұнай және газ өндіру кәсіпорындарын басқарудың экономикалық механизмі: техникалық нормалау негіздері; еңбек өнімділігі; еңбек төлемі және ұйымдастыру; фирмаішілік жоспарлау; кәсіпорынның автоматтандырылған ақпараттық жүйесі; жалға алу, лизинг, франчайзинг; өндіріс шығындары,</p>	<p>Білімдер:</p> <ul style="list-style-type: none"> - мұнай және газ өндіру кәсіпорындарын басқару негіздерін; олардың құрылымын; кәсіпорын құрамын, қозғалысын және мүлкін есепке алуды; - еңбекті ұйымдастыру және еңбекақы төлеу саласында кәсіпорындарды басқаруға экономикалық механизмнің ықпалын; - мұнай және газ өндіру кәсіпорындарындағы есеп және есеп беру түрлерін; - мұнай және газ өндіру кәсіпорындарының өндірістік-шаруашылық қызметіне талдау жасау негіздерін. <p>Іскерліктер:</p> <ul style="list-style-type: none"> - салалық кәсіпорынның өндірістік сипаттамасына бейімделу; - мұнай және газ өндіру кәсіпорындарының құрылымына бейімделу; - әрбір қызметкердің жеке ерекшеліктерін ескере отырып, өндірістік ұжым қалыптастыру; - кәсіпорынның негізгі өндірістік қорларын пайдаланатын көрсеткіштерге және мүлік 	

	<p>табыс және кіріс; мұнай өндіру өндірісінің рентабельділігі; мұнай және газ өндіру кәсіпорындарының өндірістік-шаруашылық қызметін есепке алу және талдау.</p>	<p>қозғалысының көрсеткіштеріне есептеу жүргізу; - инновациялардың ақпараттық ағымдарына бейімделу; - кәсіпорын табыстарының барлық түрлерін және тиімділігін анықтау; ; - кәсіпорын қызметінде экономикалық талдау нәтижелерін қолдану.</p>	<p>БҚ 7,10 КҚЗ.2.3</p>
<p>АП 09</p>	<p>Басқарудың автоматтандырылған жүйелерін баптау. Автоматтандырылған жүйелерді баптау жұмыстарын жүргізуге дайындау және ұйымдастыру: автоматтандырылған жүйелерді баптау жұмыстарын жүргізуге дайындау және ұйымдастыру; сенімділік туралы ұғым; іске қосу-баптау жұмыстарына арналған аспаптар мен құрылғылар; автоматтандыру жүйелерінің байланыс желілері мен сымдарын баптау: технологиялық процестерді автоматтандыру жүйелерінің сұлбалары мен сымдарын баптау кезінде жұмыстарды ұйымдастыру; сымдар мен кабельдердің бүлінген жерін анықтау; технологиялық процестерді автоматтандыру жүйелерінің сұлбалары мен сымдарын баптау кезіндегі жұмыстардың құрамы; температураны өлшеу жүйелерін баптау: температураны өлшеу жүйелерін баптау жұмыстарының құрамы; монтаждау алдындағы тексеру және манометриялық жылу түрлендіргіштермен өлшеу жүйелерін баптау; ақаулықтар диагностикасы; қысымды, шығынды және деңгейді өлшеу жүйелерін баптау: қысымды өлшеу жүйелерін және құрылғыларын баптау; ақаулықтар диагностикасы; шығын мен деңгейді өлшеу жүйелерін және құрылғыларын баптау: қысым мен разрядталуды өлшеу жүйелерін және құрылғыларын баптау жұмыстарының құрамы; ақаулықтар диагностикасы; заттардың құрамы мен мөлшерін</p>	<p>Білімдер: - автоматтандырылған жүйелерді баптау жұмыстарының міндеттері мен мақсаттарын; - автоматтандырылған жүйелерді баптауға арналған техникалық құжаттаманың құрамы мен мазмұнын; - автоматтандырылған жүйелерді баптауға арналған құрылыс нормалары мен ережелерін; - автоматтандырылған жүйелердің баптау жұмыстарын жүргізуге қажетті жабдықтарды, айлабұйымдар мен құралдарды; - өлшеу және автоматтандыру құралдарын монтаждау алдында тексеру әдістерін; - технологиялық бақылау мен автоматты басқару жүйелерін баптауды және жұмысқа қосу әдістерін; - автоматтық реттеуіштерді баптаудың тиімді параметрлерін есептеуді және анықтау әдістерін, автоматтық реттеу жүйелерін баптау, технологиялық сигнал беру, қорғаныс және шектеу жүйелерін. Іскерліктер: - автоматтандыру жобасының сызбаларын және басқа да құжаттамаларды оқу; - жұмыс күшіне, материалдар мен жабдықтарға қажеттілікті анықтау; ; - автоматтандырылған жүйелерді монтаждау алдындағы тексеруге және баптауға арналған үлгідегі аппаратураға тандау жүргізу;</p>	

	өлшеу жүйесін баптау; автоматтық реттеуіштер мен атқарушы механизмдерді баптау; технологиялық процестерді реттеудің автоматтық жүйелерін баптау; сигнал беру және шектеу жүйелері мен құрылғыларын баптау; автоматтандырылған жүйелердің басқарушы есептеу жинақтарын баптау.	<ul style="list-style-type: none"> - электр сымның және құбыр сымдарының дұрыс монтаждалуына тексеру жүргізу; - электр сымын және құбыр сымдарын сынау; - аспаптардағы ақаулылықтарды анықтау. 	БҚ 5,7,9 КҚ 3.2.1
АП 10	<p>Саланың технологиялық процестерін автоматтандыру.</p> <p>Технологиялық процестерді автоматтандыру жөніндегі жалпы мәліметтер: технологиялық процестер; негізгі ұғымдар мен анықтамалар; жалпы зауыттық қондырғыларды автоматтандыру; қағидалық сұлбаларға техникалық құжаттама: технологиялық процестерді автоматтандыруды сұлбаларын құру қағидасы; басқару және сигнал беру сұлбаларын құру қағидасы; компрессорлық станцияларды автоматтандыру; сорғы станцияларын автоматтандыру; өнеркәсіптік тазарту құрылыстарын автоматтандыру; қазандық қондырғыларды автоматтандыру; желдету жүйелерін және ауаны баптау қондырғыларын автоматтандыру; суықпен және жылумен жабдықтау қондырғыларын автоматтандыру; саланың технологиялық процестерін автоматтандыру: домналық және болат балкыту өндірісін автоматтандыру; өндірісті басқаруды автоматтандыру: басқарудың автоматтандырылған жүйелері; телемеханика жүйелері туралы ұғым; робот техникасы: өнеркәсіптік роботтарды әзірлеу және жасау; бейімді автоматтандырылған өндірісте (БАО) роботтарды пайдалану.</p>	<p>Білімдер:</p> <ul style="list-style-type: none"> - зерттелетін процестердің технологиясы мен жабдықтың жұмыс режимдерін; - автоматтандыру жүйелеріндегі апаттық және технологиялық қорғанысты, шектеуді; - бағдарламамен басқарылатын манипуляторлардың (роботтардың) құрылғысы мен қолданылуын. <p>Іскерліктер:</p> <ul style="list-style-type: none"> - автоматтандыру процестері мен объектілерін жіктеу; - автоматтандырылған электржетегінің сұлбаларын оқу, технологиялық сигнал беруді реттеу, қозғалтқыштар мен атқарушы механизмдерді басқару; - әртүрлі технологиялық процестердің параметрлерін реттеу контурларын құру; - компрессорларды басқару және агрегаттарды қорғау сұлбаларын оқу; сорғыларды басқару және резервті енгізу сұлбаларын оқу; - өнеркәсіптік ағындарды бейтараптандыру станцияларын автоматтандыру кезіндегі реттеу контурларын құру; - технологиялық процестерді автоматтандырудың функционалдық сұлбасын оқу; автоматика аспаптары мен құралдарын тандау; - сандық және цифрлық бағдарламалық басқару сұлбасын оқу. 	БҚ 1,2,3,5,7,9 КҚ 3.2.1
ӨО ж КП 00	Өндірістік оқыту және кәсіптік практика		
	Оқу практикасы.	<p>Іскерліктер:</p> <ul style="list-style-type: none"> - сызғышты, штангенциркульді, деңгейді, бұранда өлшеуішті, щуптарды қолдану; 	

<p>ӨО 01</p>	<p>Материалдарды слесарлы-механикалық өңдеу; қауіпсіздік техникасы және өнеркәсіптік санитария; технологиялық өлшеу негіздері; жазықтықтық таңбалау; материалдарды қию; металдарды кесу; дайындамаларды түзету және ию; егеу; бұрғылау және үңгілеу; бұранда кесу; сымдарды қалайылау; электр монтаждық жалғанымдарды дәнекерлеу; сымдарды тарқату, жалғау, тарамдау және ұштау; радио элементтерімен жұмыс жасау; баспалы монтаждауда электр монтаждау жұмыстары; активті және реактивті энергияны өлшеуге арналған үш фазалы есептеуіштерді қосу; ток пен кернеудің өлшеу трансформаторларын тексеру; реттеу және жүктеу құрылғылары; асинхронды қозғалтқыштардың құрылғысы; автоматтық ажыратқыштар және балкымалы сақтандырғыштар; магниттік іске қосқыштар; басқару батырмалары, ауыстырып қосқыштар, соңғы ажыратқыштар; жылу релесінің құрылғысы; электр жарығын басқару сұлбаларын құрастыру және жинақтау.</p>	<ul style="list-style-type: none"> - таңбалау құралдарын пайдалану; - металды егеумен кесу; - қысқыштарда, плитада немесе наковальнада металды шабу; - құбыр игіштерде құбырды ию; - егеуді қолдану; - бұрғылау және үңгілеу; - бұранда кестесін пайдалану; - сұлбаларды жинау; - тізбек бөлігінде болатын ток пен кернеуді есептеу; - ток пен кернеуді реттеуде қолданылатын реостаттарды есептеу және таңдау. <p>Дағдылар:</p> <ul style="list-style-type: none"> -трансформатор орамдарының полярлығын анықтау; - кедергінің температуралық коэффициентін анықтау; - аспаптар мен аппараттарды коректендіру сұлбасында ажыратқыштар мен сақтандырғыштарды қосу; - реверсивті емес магниттік іске қосқыштардың жұмысын тексеру; - ауыстырып қосқыш түйіспелерінің түйықталу диаграммасын құру; - қарапайым басқару сұлбасын жинақтау және электрлік жарықтандырумен тексеру; - монтаждау жұмыстарын және материалдарды слесарлық өңдеу жұмыстарын орындау. 	<p>БҚ4,6,7,9,10 КҚ 3.2.1 КҚ 3.2.2 КҚ 3.2.3</p>
	<p>Оқу-өндірістік практика. Электр механикалық релені және логикалық сұлбаны жөндеу; аппараттар мен тетіктерді монтаждау; қалқанды рәсімдеу;</p>	<p>Іскерліктер:</p> <ul style="list-style-type: none"> - аспаптардың конструктивті ерекшеліктеріне қарай орнату тәсілдерін таңдау; - аппаратураға, қалқанды рәсімдеу қысқыштары мен тетіктерінің оқшаулауына монтаждауды жүргізу; - параметрлердің технологиялық сигнал беру сұлбаларының жұмысындағы ақауларды анықтау және жою; - технологиялық параметрлерді реттеу сұлбаларының жұмыс режимдері; - резервті қозғалтқышты енгізумен коректендіру сұлбасын жинауды және сынауды орындау; 	

ӨО 02	<p>сигнал беру сұлбаларын зерттеу, жинау және сынау; реттеу сұлбасын зерттеу, жинау және сынау; резервті автоматты енгізетін қоректендіру сұлбасын зерттеу, жинау және сынау; сорғыны басқару сұлбасын зерттеу, жинау және сынау; асинхронды қозғалтқышты басқару сұлбасын монтаждау, баптау және сынау; резервті қозғалтқышты енгізу сұлбасын жинау және сынау; ағынды-көлік жүйесін іске қосып басқару сұлбасын жинау және сынау; температураның алғашқы өлшеу түрлендіргіштерін жөндеу; қысым мен разрядталу аспаптарын жөндеу.</p>	<ul style="list-style-type: none"> - стендте сорғыны басқару сұлбасының аппаратурасына монтаждауды орындау; - принциптік электр сұлбаларын оқу; - резервті қозғалтқышты енгізу сұлбасының тізбектеріне таңбалауды орындау; - істен шығу диагностикасын орындау; - іске қосылу сұлбасын оқу; - резервті қозғалтқышты енгізу сұлбасын оқу; - серіппелі түікті манометрге жөндеуді орындау; иініректі берілістері бар манометрлерді жөндеу. <p>Дағдылар:</p> <ul style="list-style-type: none"> - қалқанша ішіне электрлік және түікті сымдарды төсеу; - монтаждық-коммутациялық сұлбаларды құру; - асинхронды қозғалтқышпен басқару сұлбасын жинау және сынау; - резервті қозғалтқышты енгізу сұлбасын жинау және сынау; - автоматты басқару жүйесіне жөндеу жұмыстарын жүргізу; - қозғалтқышпен басқару сұлбасына монтаждау және баптау бойынша жұмыстарды орындау. 	<p>БҚ4,6,7,9,10 КҚ 3.2.1 КҚ 3.2.2 КҚ 3.2.3</p>
КП 03	<p>Технологиялық практика. Кіріспе әңгіме; практиканың мақсаттары мен міндеттері; кәсіпорынға рәсімделу; қауіпсіздік техникасы мен өрт қауіпсіздігі бойынша нұсқаулық; учаскелерге бөліну; кәсіпорынмен жалпы танысу; кәсіпорынға саяхат; БӨА және А цехының (қызметінің) құрылымы; бақылау және автоматтандыру жүйелеріне техникалық қызмет көрсету (жөндеу, монтаждау және баптау) жөніндегі өндірістік бригадалағы жұмыс; цехтың бақылау және автоматтандыру жүйелерінің, аспаптарды пайдалану және жөндеу қызметтерінің технологиялық процестері мен</p>	<p>Іскерліктер:</p> <ul style="list-style-type: none"> - функционалдык, принциптік және монтаждық сұлбаларды оқу; - жұмыстарды орындауға наряд толтыру; - жұмыстардың көлеміне ведомость құру. <p>Дағдылар:</p> <ul style="list-style-type: none"> -автоматтандырылған жүйелерге қызмет көрсету; - аспаптар мен реттегіштерді жөндеу; - құбыр және электр сымдарын, аспаптарды, қалқан ішіндегі аппаратураларды монтаждау. 	<p>БҚ4,5,6,7,9,10 КҚ 3.2.1</p>

	жұмысын зерттеу; кәсіпорында жинақталған материалдарды қорыту, күнделік жүргізу.		КҚ 3.2.2 КҚ 3.2.3
КП 04	Диплом алдындағы практика. Кіріспе әңгіме; практиканың мақсаттары мен міндеттері; практикаға рәсімделу; қауіпсіздік техникасы мен өрт қауіпсіздігі бойынша нұсқаулық; жұмыс орнымен танысу; шебер дублерінің міндеттерін орындау; өндірістік саяхаттар; материалдарды қорыту және есеп беруді рәсімдеу.	Іскерліктер: - аспаптарды техникалық қызмет көрсетуге және жөндеуге құжаттамалар рәсімдеу; - жұмыстарды орындауға нарядтар рәсімдеу және жабу; - жұмыс орнында нұсқаулық өткізу. Дағдылар: - дипломдық жобаға мәліметтер жинау; - техникалық құжаттаманы рәсімдеу.	БҚ4,5,6,7,9,10 КҚ 3.2.1 КҚ 3.2.2 КҚ 3.2.3
Біліктілігі: 130203 3 - Өнеркәсіп электроншысы			
ЖКП 00	Жалпы кәсіптік пәндер		
ЖКП 01	Мемлекеттік тілде іс қағаздарын жүргізу. Іс жүргізу бойынша сөздікпен жұмыс істеу; құжаттау және шаблондау мен стандарттауды құжаттармен қамтамасыз ету мәселелері бойынша нормативтік-әдістемелік құжаттар; құжаттарды шаблондаудан түсінік; әкімшілік-ұйымдастыру құжаттарының тізіміне кіретін құжаттарды құру ережелері; офистік және құжаттамалық жұмыс негіздері; техникалық құралдардың көмегімен құжаттау технологиясы.	Білімдер: - құжаттау қызметінің құрылымын, лауазымдық міндеттерді, техникалық құралдардың көмегімен құжаттау технологиясын. Іскерліктер: - әкімшілік-ұйымдастыру құжаттарын, мемлекеттік тілде қызметтік хат алысуды құру және рәсімдеу; - құжаттармен келіп түскен сәтінен, істі рәсімдеуге дейін жұмыс жасау; - анықтамалық әдебиетпен жұмыс жасау.	БҚ 4,5,6,8
ЖКП 02	Арнайы циклдер математикасы. Математикалық индукция әдісі; кеңістікте түзулерді және жазықтарды теңестіру; екінші қатардағы қисықтар; шектік теориясы және функциялардың үздіксіздігі; туынды және дифференциал; туынды қосымшасы; белгісіз интеграл; белгілі интеграл; бірнеше айнымалының функциялары; кешенді айнымалылар функциялары; дифференциалды теңдеу; шамаланған және нақты сандар мен олардың қателіктері; матрицалар алгебрасы; сызықтық теңдеулер жүйесін шешу; интерполяциялау және	Білімдер: - шектік теориясын, туындыны және оның қосымшаларын; - ұқсастық белгілерін дифференциалдау техникасын, кешенді айнымалы функциясын; - функция мәндерін табудың негізгі сандық әдістерін; - жоспарлаудың математикалық әдістерін; - минимумды табу әдістерін. Іскерліктер: - ЭЕМ-да міндеттерді қоюдан нәтижесін алғанға дейінгі барлық кезеңдерде математикалық әдістер мен есептеу техникасын пайдалану;	БҚ 4,5,6,8

	экстраполяциялау; ең аз шаршылар әдісі; сандық дифференциалдау; сандық интегралдау; бір өлшемді оңтайландыру.	- практикалық есептерді шешуде аналитикалық геометрияны, дифференциалды теңдеуді және интегралды қолдану.	
ЖКП 03	<p>Алгоритмдеу және бағдарламалау негіздері.</p> <p>Бағдарламалау негіздері; Delphi консольдық режимде жұмыс істеу; объектілік-бағдарлы бағдарламалау негіздері; Delphi ЭАО; Delphi кластары; Delphi негізгі құрауыштары; файлдар, файлдардың жіктелуі; сыртқы рәсімдеу құрауыштары; процедуралар және функциялар; динамикалық ауыспалы және құрылымдар; деректер базасы қосымшаларын өңдеу.</p>	<p>Білімдер:</p> <ul style="list-style-type: none"> - бағдарламалау технологиясын; - негізгі құрауыштарды; - қосымшаларды ретке келтіруді; - Delphi визуалды бағдарламалау жағдайында бағдарламалар құруды; - стандартты кластарды; - динамикалық құрылымдарды. <p>Іскерліктер:</p> <ul style="list-style-type: none"> - бағдарламаларға трансляция және ретке келтіру жүргізу; - басты және контексті мәзір құру; - жергілікті және қашықтағы деректер базасын құру және жұмыс жасау; - ақпараттарды өңдеудің автоматтандырылған жүйелерін қолдану; - қолданбалы есептерді талдау, жобалау және бағдарламалау. 	<p>БҚ 5,7,9 КҚ 3.3.1 КҚ 3.3.2 КҚ 3.3.3</p>
ЖКП 04	<p>Электр радиоматериалдары және радио элементтері.</p> <p>Металдардың құрылымы мен қасиеттері, темірдің көміртекті қорытпалары; түсті металдар және олардың қорытпалары; магниттік материалдар; магнитті жұмсақ электротехникалық материалдар, өткізгіш материалдар; өткізгіш материалдарының жіктелуі; сымдар, шиналар, кабельдер; жартылай өткізгіш материалдар; қасиеттері, қолданылу саласы; электр өлшеу материалдары; диэлектриктер физикасы; физика-механикалық сипаттамалары; газ тәрізді диэлектриктер; поляризациялық материалдар; электр оқшаулау материалдары және компаундтар; резеңкелер; электр оқшаулағыш слюда, керамика, шыны, қабатты пластмасса.</p>	<p>Білімдер:</p> <ul style="list-style-type: none"> - электротехникалық материалдардың құрылымын, олардың электрлік, магниттік, жылу, механикалық және физика-химиялық сипаттамаларын; - электротехникалық материалдарды қолдану саласын және алу тәсілдерін. <p>Іскерліктер:</p> <ul style="list-style-type: none"> - өткізгіш материалдарды жіктеу; - сымдар мен кабельдердің маркаларын ашып оқу; - өндіріс талаптарына сай электротехникалық материалдарды таңдау. 	<p>БҚ 1,2,7,9,10 КҚ 3.3.1</p>
		Білімдер:	

ЖКП 05	<p>Электротехниканың теориялық негіздері. Тұрақты токтың электр тізбектері; электр өрісі туралы ұғым; потенциалдар және потенциалдардың түрлілігі, электр тогы, оның физикалық мәні және есептеу әдістері; кедергі, өтімділік; электр қозғаушы күштер; электр тізбегін байланыстырушы электротехника заңдары; электр тізбегінің байланыстырушы параметрлері; электрмагниттік өріс және оның құрауыштары; магниттік және электрлік тізбектерде өтетін электрмагниттік процестер; магниттік тізбектерді есептеу; электрмагниттік индукция; синусоидалы токтың электр тізбектері; тұрақты және айнымалы токтың электр тізбегін есептеу; тұрақты және айнымалы токтың сызықты емес тізбектері; есептеу ұғымдары мен әдістері; синусоидалы емес токтың электр тізбектері; есептеу ұғымдары мен әдістері; электр тізбектеріндегі өтпелі процестер; тарату параметрлері бар электр тізбектері.</p>	<ul style="list-style-type: none"> - негізгі электрлік және магниттік құбылыстарды, олардың физикалық мәнін және іс-жүзінде қолдану мүмкіндігін; - электротехника негізделген физикалық заңдарды және бұл заңдардан туындайтын салдарларын; ережелерін, есептеу әдістерін; - теориялық электротехникада жиі қолданылатын терминдер мен анықтамаларынды; - алмастыру сұлбаларында қолданылатын электр тізбектері элементтерінің шартты графикалық белгіленуін; - электрлік және магниттік шамалардың өлшем бірліктері мен әріптік таңбалануын. <p>Іскерліктер:</p> <ul style="list-style-type: none"> - тұрақты және айнымалы токтың электрлік тізбектеріне есептеу жүргізу; - электр машиналары мен трансформаторларды оқыған кезде электрмагниттік индукция заңын қолдану; - өтпелі процестердің электрлік шамалары мен өту уақытының параметрлерін анықтау. 	БҚ 1,2,3,7 КҚ 3.3.1
ЖКП 06	<p>Автоматика негіздері. ЭЕМ арифметикалық және логикалық негіздері: есептеу жүйелері; екілік арифметика; ЭЕМ логикалық негіздері; логикалық функциялар; ЭЕМ ақпаратты бейнелеу: ЭЕМ-да ақпаратты бейнелеу нысандары мен тәсілдері; есте сақтау құрылғылары: есте сақтау құрылғыларының (ЕК) жіктелуі және жалпы мәліметтер; жедел есте сақтау құрылғысы (ЖЕК); тұрақты есте сақтау құрылғысы (ТЕК); жалпы қолданыстағы ЭЕМ: сәулет, ерекшеліктері, қолданылу саласы; енгізу-шығару каналдары; микропроцессорлар: микропроцессорлардың негізгі шектеулері, сәулет; микропроцессорлық жинақтар;</p>	<p>Білімдер:</p> <ul style="list-style-type: none"> - жалпы қолданыстағы есептеу машиналарын ұйымдастыру қағидасын; - перифериялы құрылғылардың жұмыс қағидасы мен номенклатурасын; - микропроцессорлар мен микроЭЕМ базасында есептеу басқару жүйелерін ұйымдастыру қағидасын; - мамандық бойынша техника-экономикалық жедел есептеулерде ЭЕМ пайдалану негіздерін. <p>Іскерліктер:</p> <ul style="list-style-type: none"> - сандарды бір жүйеден екіншіге ауыстыру; - қарапайым дискретті автоматтық құрылғылардың жұмыс алгоритмдерінің логикалық функцияларын құру; 	БҚ5,7,9

	<p>микропроцессор командаларының жүйесі; микроЭЕМ: функционалдық шектеу, микроЭЕМ сәулеті; микроЭЕМ-ның енгізу-шығару жүйесі; перифериялық құрылғылар: дисплей және танба басатын құрылғылар; технологиялық процестерді басқарудың автоматтандырылған жүйесінде (ТП БАЖ) ЭЕМ қолдану: мамандық бойынша техника-экономикалық және жедел есептеулерде ЭЕМ қолдану.</p>	<ul style="list-style-type: none"> - МК бағдарламалауға арналған бағдарламалар құру, бір реттік автоматтардың ақиқаттық кестелерін құру және анықтау; - пернетақта және монитордың көмегімен ЭЕМ-мен сұхбат жүргізу; - микропроцессорлық құрылғыларды қолдана отырып, автоматтандырылған жүйелердің құрылымдық сұлбаларын құру; - мамандық бойынша бағдарламалар пакетін қолдану; - мамандық бойынша техника-экономикалық есептеулерде ЭЕМ пайдалану. 	<p>КҚ 3.3.1 КҚ 3.3.2</p>
<p>ЖКП 07</p>	<p>Автоматтық құрылғылардың электрмашиналары. Тұрақты ток машиналары; тәуелсіз қоздыру генераторы және оның сипаттамалары; параллель қозу қозғалтқышы; қуат шығыны және ТТМ ПӘК; арнайы машиналар; трансформаторлардың белгіленуі; жұмыс қағидасы; трансформаторлардың жалғану сұлбалары және топтары; трансформаторлардың бос жүріс және қысқа тұйықталу режимдері; трансформаторлардың қуат шығыны және ПӘК; синхронды генераторлардың жұмыс қағидасы және құрылымы; синхронды қозғалтқыштардың жұмыс қағидасы және құрылымы; синхронды қозғалтқыштардың жұмыс сипаттамасы; асинхронды машиналар; асинхронды машиналардың жұмыс қағидасы және құрылымы; асинхронды қозғалтқыштардың жұмыс сипаттамасы; электржетегінің механикасы; электржетегінің механикалық бөлігінің құрылымы және есептік сұлбалары; ; тұрақты ток электр қозғалтқыштарымен электржетегі; асинхронды және синхронды тұрақты ток қозғалтқыштары бар электржетегі; асинхронды және синхронды айнымалы ток қозғалтқыштары бар электржетегі; электржетегі жұмысының</p>	<p>Білімдер:</p> <ul style="list-style-type: none"> - электр машиналары мен трансформаторлардың жұмыс қағидасы негізіндегі электр магниттік және электрлі механикалық процестерді; - электр машиналары мен трансформаторлардың негізгі қасиеттерін, құрылымдық ерекшеліктерін және сипаттамаларын; олардың қолданылу саласын; - электржетегін басқару сұлбаларын; - электржетегінің жұмыс жылдамдығын реттеу және беріктігін анықтау тәсілдерін. <p>Іскерліктер:</p> <ul style="list-style-type: none"> - құрылымы және паспорттық мәліметтері бойынша электрлік машиналар мен трансформатордың типін анықтау; - қозғалтқыш сұлбаларын жинау және сипаттамаларын алу; - электржетегінің электрлік және электромеханикалық параметрлеріне есептеу жүргізу. 	

	<p>энергетикалық көрсеткіштері, қуатты есептеу, электрқозғалтқыштарын таңдау және тексеру.</p>		<p>БҚ5,7,9 КҚ 3.3.1</p>
ЖКП 08	<p>Электржетегінің негіздері. Электржетегінің механикасы: электржетегінің механикалық бөлігінің құрылымы және есептік сұлбасы; электржетегінің орнықпаған механикалық қозғалысы; электржетегі координатын реттеу ұғымы; тұрақты ток қозғалтқышы бар электржетегі; тәуелсіз қоздырғышты тұрақты ток қозғалтқышы бар электржетегі; асинхронды және синхронды қозғалтқыштары тізбекті тұрақты ток қозғалтқышы бар электржетегі ; электржетек энергетикасы: қуатты есептеу, электрқозғалтқыштарды таңдау және тексеру.</p>	<p>Білімдер: - электржетегін басқару сұлбасын; - механизм қозғалтқыштарын таңдау және тексеру шарттарын; - электржетегі жұмысының жылдамдығын реттеу және тұрақтылығын анықтау тәсілдерін. Іскерліктер: - электржетегінің электрлік және электр механикалық параметрлерін есептеу.</p>	<p>БҚ5,7,9 КҚ 3.3.1</p>
ЖКП 09	<p>Электроника және микроэлектроника негіздері. Электр вакуумдық және ионды аспаптар; жартылай өткізгіш аспаптар: диодтар, транзисторлар, тиристорлар; интегралды микросұлбалар; микроэлектронды құрылғылар жіктемесі; таңбалануы; микроинтегралды орындауда элементтер мен сұлбаларды дайындау технологиясы; күшейткіштер; қорек көздері: түзеткіштер, жазу сүзгілері, кернеу көбейткіштері, тұрақтандырғыштар, инверторлар мен жиілік түрлендіргіштер; желілік тербеліс генераторлары; импульстік және сандық құрылғы элементтері; микропроцессорлық техника элементтері: санауыштар, тіркеуіштер, дешифраторлар, компараторлар, информаторлар; импульс қалыптастырғыштар мен түрлендіргіштер.</p>	<p>Білімдер: - электроника элементтерінің құрылысын, жұмыс принципін, вольтамперлік сипаттамаларын және негізгі параметрлерін; - микропроцессорлық техниканың электронды құрылғылары мен элементтерінің құрылу принципін, типтік түйіндерін және сұлбаларын; - өнеркәсіптік электрониканы пайдалану шарттары мен қолданылу саласын. Іскерліктер: - үлгілік электронды сұлбаларды оқу; - электронды аспаптар мен құрылғыларға зертханалық зерттеу бойынша эксперименттер жүргізу, техникалық және анықтамалық әдебиетті пайдалану; - негізгі есептік арақатынастар бойынша есептер шығару.</p>	<p>БҚ 1,3,5,7,9 КҚ 3.3.1</p>
		<p>Білімдер: - метрология негіздерін; - қазіргі өлшеу жүйелері мен аспаптардың құрылу қағидаларын;</p>	

ЖКП 10	<p>Электррадио өлшемдер. Метрология және өлшеу құралдары туралы негізгі мәліметтер; метрологияның негізгі ұғымдары, анықтамалары және терминологиясы; өлшеу нәтижелерін өңдеу; негізгі электр шамаларының мөлшері; электр радио өлшеу құралдары: электр механикалық өлшеу аспаптары; электр өлшеу тізбектері; ток пен кернеу түрлендіргіштері; электронды өлшеу аспаптары; сандық өлшеу аспаптары; тіркеу аспаптары; электр тізбектерінің параметрлерін және олардың элементтерін өлшеу; ток пен кернеуді өлшеу; кедергілерді, сыйымдылықтарды және индуктивтілікті өлшеу; қуат пен энергияны өлшеу; фазалардың қуат коэффициентін және ығысу бұрышын өлшеу; уақыт жиілігі мен аралығын өлшеу; магниттік шамаларды өлшеу; амплитудалық-жиіліктік сипаттамаларды өлшеу; сигнал беру түрінің бұрмалануын өлшеу; автоматтандырылған өлшеу-есептеу кешендері.</p>	<ul style="list-style-type: none"> - өлшеу қателіктерін анықтау әдістемесін; - негізгі электр шамаларының мөлшерін; - электрлік және радиотехникалық шамаларды өлшеу әдістерін; - аспап шкалаларындағы шартты белгілерді; - электр радио өлшемдерді орындау кезіндегі қауіпсіздік шараларын; - өлшеу техникасының қазіргі жетістіктерін және болашақтағы дамуын. <p>Іскерліктер:</p> <ul style="list-style-type: none"> - өлшеу дәлдігі мен өлшеу шегі талаптарына тәуелді сәйкес аспапты таңдап алу; - тізбекке өлшеу аспабын қосуды дұрыс орындау; - өлшенетін шаманың мәнін анықтау; - зертханалық жұмыстарды орындау барысында электр радио өлшеу аспаптарын пайдалану; - жаңа өлшеу аспаптарымен жұмыс істеу ережелерін өз бетімен меңгеру және өлшеу құралдарын қолданумен байланысты қажетті есептеулерді орындау; - аспап дайындаушы зауыттардың нұсқаулықтарын, каталогтарын, техникалық және анықтамалық әдебиеттерді пайдалану. 	БҚ 1,3,4,5,7,9 КҚ 3.3.1
	<p>Нарықтық экономика негіздері. Кәсіпорын және оны нарықтық экономика жүйесінде басқару: өнеркәсіптің салаға бөлінуі; нарықтық экономика жүйесіндегі кәсіпорын; кәсіпорынды басқару негіздері; кәсіпорын қызметкерлерін басқару; кәсіпорындардың өндірістік қызмет факторлары: кәсіпорындардың мүлкі; кәсіпорындардағы жаңалықтар мен инвестициялар; кәсіпорындарды басқарудың экономикалық механизмі:</p>	<p>Білімдер:</p> <ul style="list-style-type: none"> - кәсіпорындарды басқару негіздерін; олардың құрылымын; кәсіпорын құрамын, қозғалысын және мүлкін есепке алуды; - еңбекті ұйымдастыру және еңбекақы төлеу саласында кәсіпорындарды басқаруға экономикалық механизмнің ықпалын; - кәсіпорындардағы есеп және есеп беру түрлерін; - кәсіпорындардың өндірістік-шаруашылық қызметіне талдау жасау негіздерін. <p>Іскерліктер:</p> <ul style="list-style-type: none"> - салалық кәсіпорынның өндірістік сипаттамасына бейімделу; 	

 - цехтық трансформаторлық қосалқы станцияларға электрмен жабдықтау сұлбасына тәуелді құрылымдау жүргізу;

	<p>атмосфералық асқын кернеу және асқын кернеуден қорғау.</p>	<ul style="list-style-type: none"> - негізгі төмендеткіш қосалқы станцияларға құрылымдау жүргізу; - жерге орнату құрылғыларына есептеу жүргізу және оларды орындау; - әртүрлілі электржабдықтарының оқшаулағышын сынау; - асқын кернеуден қорғау сұлбасын құру, жайдың тікелей соққысынан қорғануға есептеу жүргізу. 	<p>БҚ 5,7,8 КҚ 3.4.1</p>
<p>АП 06</p>	<p>Электржабдықтарын баптау. Іске қосу және баптау жұмыстарына дайындау және ұйымдастыру; электрқондырғыларды баптау кезіндегі өлшеу техникасы; электрқондырғыларын сынау көлемі; кернеуі 1000В. дейінгі аппараттарды баптау: контакторлар, магниттік іске қосқыштар, электрмагниттік және жылу релесі, автоматты ажыратқыштар, түйіспесіз автоматты ажыратқыштар мен магнитті күшейткіштер; қосалқы станциялардың электржабдықтарын баптау: күштік трансформаторларды, күштік кабельдік желілерді, ток пен кернеуді өлшеу трансформаторларын, майлы ажыратқыштарды, әуе ажыратқыштарын, кернеуі 1000В. жоғары таратушы қондырғылар жиынтығын сынау және баптау; релелік қорғаныс сұлбасын тексеру және ретке келтіру; электржетегін баптау: электр машиналарын тексеру және сынау, асинхронды және синхронды қозғалтқыштары бар реттелетін электржетектерін баптау; тұрақты ток қозғалтқышы бар жетектерді баптау;</p>	<p>Білімдер:</p> <ul style="list-style-type: none"> - қолданыстағы электржабдықтардың іске қосу және баптау жұмыстарын ұйымдастыруды және құрамын; - жұмыс барысындағы қауіпсіздік техникасын; электрқондырғыларды баптау кезіндегі өлшеу техникасын; - электрқондырғыларын сынау көлемін. <p>Іскерліктер:</p> <ul style="list-style-type: none"> - сынау және баптау үшін жұмыс орнын ұйымдастыру; - оқшаулау кедергісіне өлшеу жүргізу; - диэлектрлік шығын бұрышының тангенсіне есептеу жүргізу; жоғары кернеуде оқшаулауды сынау; ажыратқыштардың уақытша және 	

	<p>айнымалы токтың жиі реттелетін тиристорлы электржетектерін баптау; сандық басқару жүйесін және бағдарламаланатын басқару құрылғыларын баптау.</p>	<p>жылдамдық сипаттамаларына алу жүргізу; - жоғары кернеуде күштік кабельге сынау жүргізу; күштік кабельдің бүлінген жерін анықтау; сынау хаттамасын рәсімдеу.</p>	<p>БҚ 5,7,8 КҚ 3.4.1</p>
<p>АП 07</p>	<p>Сала экономикасы. Нарықтық қатынас жүйесіндегі сала кәсіпорыны; менеджмент; басқарудың негізгі қағидалары және әдістері; маркетинг; сала кәсіпорнының өндірістік қорлары; сала кәсіпорындарының күрделі қаржы жұмсалымы күрделі құрылыстары; негізгі және қосымша өндірісті ұйымдастыру; еңбекті ғылыми түрде ұйымдастыру; сала кәсіпорындарындағы техникалық нормалау негіздері; еңбек өнімділігі; кәсіпорын саласындағы еңбекақы төлемін ұйымдастыру; нарықтық экономика жағдайындағы Қазақстан Республикасының салық жүйесі; кәсіпорынның қаржы қызметін банктік реттеу; сала кәсіпорындарындағы жоспарлауды ұйымдастыру; сала кәсіпорнының өндірістік-шаруашылық қызметін есепке алу және талдау негіздері.</p>	<p>Білімдер: - өнеркәсіп және энергетика кәсіпорындарын және олардың құрылымдарын басқаруды; - кәсіпорын құрамын, мүлік қозғалысын және есепке алуды; - ұйымдастыру және еңбекақы саласында кәсіпорынды басқаруға экономикалық механизмнің ықпалын; - өнеркәсіп және энергетика кәсіпорындарындағы есепке алуды және есеп беруді; - өнеркәсіп және энергетика кәсіпорындарының өндірістік-шаруашылық қызметін талдау негізін. Іскерліктер: - техника-экономикалық негіздеме және жұмыс жобаларының сметалық құжаттарын құру үшін экономикалық есептеулер жүргізу.</p>	<p>БҚ 5,7,8,10 КҚ 3.4.1</p>
		<p>Білімдер: - еңбекті қорғаудың негізгі міндеттерін</p>	

<p>АП 08</p>	<p>Еңбекті қорғау. Еңбекті қорғаудың құқықтық және ұйымдастырушылық мәселелері; еңбек заңнамасының негіздері; өндірісте және жұмыс орнында еңбекті қорғау бойынша жұмыстар ұйымдастыру; электр қауіпсіздігі; электрлік және электромагниттік өрістердің, электр тогының адамға әсері; электр тогымен зақымданудан, электрлік және электромагниттік өрістердің ықпалынан қорғау шаралары; қадамдық кернеу; түйісу кернеуі; қорғаныс құралдары; түсіру-тиеу жұмыстары кезіндегі қауіпсіздік шаралары; өндірістік санитария; жалпы талаптар; сумен жабдықтау, кәріз, жұмыс аймағының ауасы; жарықтандыру; діріл; шуыл; жазатайым жағдайда дәрігерге дейінгі көмек көрсету; өрт қауіпсіздігі негіздері; энергетикадағы жанғыш заттар; жарылуы қауіпті заттар; өрт-жарылыс қауіпсіздігі; өрт дабылдары; өрт сөндіру құралдары; электрқондырғыларда және электрмен жабдықтау жүйесінде жұмыс жасаған кезде қауіпсіздік техникасына қойылатын негізгі талаптар.</p>	<p>және құқықтық негіздерін; - электрқондырғылар ына қызмет көрсету кезіндегі қауіпсіздік техника ережесін; - өрт техникасы және өндірістік санитария ережелерін; - нұсқаулық түрлерін. Іскерліктер: - электрқондырғылар ында 1000В. дейін негізгі және қосымша құралдарды қолдану ; - желіде электр тогының адамға әсер ету деңгейін анықтау; - зардап шегушінің жағдайын анықтау және алғашқы көмек көрсету; - кернеу жоқтығын тексеру және тасымалданатын жерге орнату төсеу.</p>	<p>БҚ 5,7,8,9 П Қ 3.4.1 КҚ 3.4.2</p>
		<p>Білімдер: - жалпы қолданыстағы есептеу машиналарын ұйымдастыру қағидасын; - перифериялы құрылғылардың жұмыс қағидасы мен номенклатурасын; - микропроцессорлар мен микроЭЕМ базасында есептеу басқару жүйелерін ұйымдастыру қағидасын;</p>	

<p>АП 09</p>	<p>Есептеу техникасының негіздері. ЭЕМ арифметикалық және логикалық негіздері: есептеу жүйелері; екілік арифметика; ЭЕМ логикалық негіздері; логикалық функциялар; ЭЕМ ақпаратты бейнелеу: ЭЕМ-да ақпаратты бейнелеу нысандары мен тәсілдері; есте сақтау құрылғылары: есте сақтау құрылғыларының (ЕК) жіктелуі және жалпы мәліметтер; жедел есте сақтау құрылғысы (ЖЕК); тұрақты есте сақтау құрылғысы (ТЕҚ); жалпы қолданыстағы ЭЕМ: сәулет, ерекшеліктері, қолданылу саласы; енгізу-шығару каналдары; микропроцессорлар: микропроцессорлардың негізгі шектеулері, сәулет; микропроцессорлық жинақтар; микропроцессор командаларының жүйесі; микроЭЕМ: функционалдық шектеулер, микроЭЕМ сәулеті; микроЭЕМ-ның енгізу-шығару жүйесі; перифериялық құрылғылар: дисплей және таңба басатын құрылғылар; технологиялық процестерді басқарудың автоматтандырылған жүйесінде (ТП БАЖ) ЭЕМ қолдану: мамандық бойынша техника-экономикалық және жедел есептеулерде ЭЕМ қолдану.</p>	<ul style="list-style-type: none"> - мамандық бойынша техника-экономикалық жедел есептеулерде ЭЕМ пайдалану негіздерін. Іскерліктер: - сандарды бір жүйеден екіншіге ауыстыру; - қарапайым дискретті автоматтық құрылғылардың жұмыс алгоритмдерінің логикалық функцияларын құру; - МК бағдарламалауға арналған бағдарламалар құру, бір реттік автоматтардың ақиқаттық кестелерін құру және анықтау; - пернетақта және монитордың көмегімен ЭЕМ-мен сұхбат жүргізу; - микропроцессорлық құрылғыларды қолдана отырып, автоматтандырылған жүйелердің құрылымдық сұлбаларын құру; - мамандық бойынша бағдарламалар пакетін қолдану; - мамандық бойынша техника-экономикалық есептеулерде ЭЕМ пайдалану. 	<p>БК 5,7,9 КҚ 3.4.3</p>
<p>ӨО ж КП 00</p>	<p>Өндірістік оқыту және кәсіптік практика</p>		
		<p>Іскерліктер:</p>	

<p>ӨО 01</p>	<p>Оқу практикасы. Материалдарды слесарлы-механикалық өңдеу; қауіпсіздік техникасы және өнеркәсіптік санитария; технологиялық өлшеу негіздері; жазықтықтық таңбалау; материалдарды кию; металдарды кесу; дайындамаларды түзету және ию; егеу; бұрғылау және үңгілеу; бұранда кесу; сымдарды қалайылау; мойынтіректі қыру, сүрту, қалайылау және қю; электрмен имектеп пісіру тәсілдері, аппаратуралар және құрылғылар; жонғыш және фрезер білдегінде материалдарды өңдеу; такелаж жұмыстары; жаншып қосу; қолдану саласы; құрал-саймандар; қауіпсіздік техникасы.</p>	<ul style="list-style-type: none"> - сызғышты, штангенциркульді, денгейді, бұранда өлшеуішті, шуптарды қолдану; - таңбалау құралдарын пайдалану; - металды егеумен кесу; - қысқыштарда, плитада немесе темір соғатын плитада металды шабу; - құбыр игіштерде құбырды ию; - егеуді қолдану; - бұрғылау және үңгілеу; - бұранда кестесін пайдалану. <p>Дағдылар:</p> <ul style="list-style-type: none"> - материалдарды слесарлы-механикалық өңдеу; - слесарлық құралдармен жұмыс жасау. 	<p>БК 4,6,7,9,10 ПК 3.4.1 ПК 3.4.2 ПК 3.4.3</p>
<p>ӨО 02</p>	<p>Оқу-өндірістік практика. Құбыр және жалпақ дайындамалар шеттерін өңдеу; резеңкеден және параниттен қол құрал-саймадарымен диаметрі 150 мм. дейін төсемдер дайындау; өңдеу, ақауларды көзбен тексеріп анықтау, жауып тұрған құралды алмастыру, ершікті ажарлау, тығыздағышты айырбастау, шұраны жинау, гидравликалық сынау; ысырманы тексеру; ақауларды көзбен тексеріп анықтау; тарелкелер мен жауып тұрған құралдың ершігін қол құрылғыларымен сүрту; штрельді ажарлау; тығыздаманы толтыру; ысырманы жинау; гидравликалық сынау; кері қақпақты тексеру; ақауларды анықтау; тарелкелер мен жауып тұрған құралдың ершігін сүрту; плитада сүрту сапасын тексеру; иінтіректі және серіппелі сақтандырғыш</p>	<p>Іскерліктер:</p> <ul style="list-style-type: none"> - құбыр аралығын және құбыр ұштарын жаншылудан қорғау; - құбыр шеттерін және жазық дайындамаларды бөлшектеу; - ақауларды анықтау мақсатында механизмдер мен жабдықтарға тексеру жүргізу; - мойынтіректі түйіндерге бөлшектеу және монтаждау; - біліктерге жартылай муфталармен центрлеу, роторларға 	<p>БК 4,6,7,9,10 КҚ 3.4.1</p>

	<p>қақпақты бөлшектеу; ақауларды көзбен тексеріп анықтау; деңгейдің қалқымалы реттегішін бөлшектеу; конденсат бұрғышты бөлшектеу және тексеру; механикалық түйіндерді жөндеу; бу қазандарының қыздыру бетін жөндеу; барабандар мен қызған бу температурасын реттеу құрылғыларын жөндеу; ауа қыздырғыш құбырды жөндеу; оттықты, гарнитураларды және үрлеу аппараттарын жөндеу; айналдырушы механизмдердің құрастыру бірліктерін жөндеу; тартып үрлеу механизмдерін жөндеу; регенеративті ауа қыздырғыштарды жөндеу; шаң дайындау жүйесі жабдықтарын жөндеу; күлұстағыш және күл шығару жүйесі жабдықтарын жөндеу.</p>	<p>статикалық және динамикалық теңдестіру жүргізу. Дағдылар: - кернеуі 1000В. дейінгі көрсеткіште жұмыстар; - кернеудің жоқтығын тексеру; - тасымалданатын жерге орналастыруды төсеу; - кәсіпорынның негізгі және қосымша жабдықтарына монтаждау және жөндеу жұмыстарын жүргізу.</p>	<p>КҚ 3.4.2 КҚ 3.4.3</p>
КП 03	<p>Технологиялық практика. Кіріспе әңгіме; практиканың мақсаттары мен міндеттері; кәсіпорынға рәсімделу; қауіпсіздік техникасы мен өрт қауіпсіздігі бойынша нұсқаулық; учаскелерге бөліну; кәсіпорынмен жалпы танысу; кәсіпорынға саяхат; цехтың (қызметтің) құрылымы; электрлі механикалық жабдықтарға техникалық қызмет көрсету (жөндеу, монтаждау және баптау) жөніндегі өндірістік бригададағы жұмыс; кәсіпорында жинақталған материалдарды қорыту, күнделік жүргізу.</p>	<p>Іскерліктер: - функционалдық, принциптік және монтаждық сұлбаларды оқу; - жұмыстарды орындауға наряд толтыру; - жұмыстардың көлеміне ведомость құру. Дағдылар: - бригадамен жұмыс жасай білу; - электрлік және электрлі механикалық жабдықтарға техникалық қызмет көрсету.</p>	<p>БҚ4,5,6,7,9,10 КҚ 3.4.1 КҚ 3.4.2 КҚ 3.4.3</p>
КП 04	<p>Диплом алдындағы практика. Кіріспе әңгіме; практиканың мақсаттары мен міндеттері; практикаға рәсімделу; қауіпсіздік техникасы мен өрт қауіпсіздігі бойынша нұсқаулық; жұмыс орнымен танысу; шебер дублерінің міндеттерін орындау; өндірістік саяхаттар;</p>	<p>Іскерліктер: - аспаптарды техникалық қызмет көрсетуге және жөндеуге құжаттамалар рәсімдеу; - жұмыстарды орындауға нарядтар рәсімдеу және жабу; - жұмыс орнында нұсқаулық өткізу.</p>	<p>БҚ4,5,6,7,9,10 КҚ 3.4.1</p>

материалдарды қорыту және есеп беруді рәсімдеу.	Дағдылар: - дипломдық жобаға мәліметтер жинау; - техникалық құжаттаманы рәсімдеу.	КҚ 3.4.2 КҚ 3.4.3
---	--	----------------------

4. 1302000 – Автоматтандыру және басқару (Тау-кен байыту саласының технологиялық процестерін автоматтандыру және басқару) мамандығы бойынша техникалық және кәсіптік білім берудің үлгілік білім беретін оқу бағдарламалары

Пәндер циклі және кәсіптік практика бойынша білім беретін оқу бағдарламасының мазмұны (*біліктіліктің жоғары деңгейі*)

Циклдің (пәннің) индексі	Пәннің, практиканың атауы және негізгі бөлімдері	Қалыптасатын білім, іскерліктер мен дағдылар	Қалыптасатын құзырет коды
ЖБП 00	Жалпы білім беретін пәндер		
ЖГП 00	Жалпы гуманитарлық пәндер		
ЖГП 01	Кәсіптік қазақ (орыс) тілі. Кәсіптік тілдің рөлі: мамандық бойынша терминология; кәсіптік бағдарлы мәтіндерді оқу және аудару техникасы (сөздікпен); кәсіптік қарым-қатынас; мамандыққа бағытталған мәтіндер бойынша әңгімелер, сұхбаттар құрастыру.	Білімдер: - қазақ (орыс) тілінде және кәсіптік бағдарлы мәтіндерді оқып, аудару үшін (сөздікпен) қажетті лексикалық (1200-1400 лексикалық бірлік) және грамматикалық минимумды меңгеру. Іскерліктер: - кәсіптік лексиканы сауатты пайдалану, өзінің кәсіптік қызметінде қазақ (орыс) тілінен білімдерін пайдалану.	БҚ 3,4,6
ЖГП 02	Кәсіптік шет тілі. Мамандық бойынша кәсіптік қарым-қатынас жасауға қажетті лексика-грамматикалық материалдар; сөйлесудің әртүрлі түрлері мен тілдік нысандарды (ауызша, жазбаша, монологтік, диалогтік); кәсіптік бағдарлы мәтіндерді аудару техникасы.	Білімдер: - мамандық бойынша кәсіптік қарым-қатынас жасауға қажетті мамандық бойынша лексика-грамматикалық материалдарды. Іскерліктер: - тілдік іс-әрекет түрлерін және сөйлеу нысандарын ажырату (ауызша, жазбаша, монологтік, диалогтік).	БҚ 3,4,6
ЖГП 03	Қазақстан тарихы.		
	Дене тәрбиесі. Маман дайындауда дене тәрбиесінің рөлі, оның	Білімдер: - дене тәрбиесінің әлеуметтік-экономикалы	

ЖГП 04	салауатты өмір салтын қалыптастыру; дене тәрбиесінің әлеуметтік-экономикалық және психофизиологиялық негіздері; дене және спорттық өзін-өзі жетілдіру негіздері; кәсіптік-қолданбалы дене дайындығы.	к ж ә н е психофизиологиялық негіздерін; - дене және спорттық өзін-өзі жетілдіру негіздерін. Іскерліктер: - денсаулықты сақтау және нығайтуда дене тәрбиесі білімдерін қолдану.	БҚ 8
ЖКП 00	Жалпы кәсіптік пәндер		
ЖКП 01	Мемлекеттік тілде іс қағаздарын жүргізу. Іс жүргізу бойынша сөздікпен жұмыс істеу; құжаттау және шаблондау мен стандарттауды құжаттармен қамтамасыз ету мәселелері бойынша нормативтік-әдістемелік құжаттар; құжаттарды шаблондаудан түсінік; әкімшілік-ұйымдастыру құжаттарының тізіміне кіретін құжаттарды құру ережелері; офистік және құжаттамалық жұмыс негіздері; техникалық құралдардың көмегімен құжаттау технологиясы.	Білімдер: - құжаттау қызметінің құрылымы, лауазымдық міндеттер, техникалық құралдардың көмегімен құжаттау технологиясын. Іскерліктер: - әкімшілік-ұйымдастыру құжаттарын, мемлекеттік тілде қызметтік хат алысуды құру және рәсімдеу; - құжаттармен келіп түскен сәтінен, істі рәсімдеуге дейін жұмыс жасау; - анықтамалық әдебиетпен жұмыс жасау.	БҚ 4,5,6,8
ЖКП 02	Сызу. Кіріспе, КҚБЖ, МЕМСТ, түсініктемесі; сызбалардың графикалық рәсімделуі; сызба сызықтары; сызба форматтары; сызбаларда жазулар жазу; масштабтар; өлшемдер түсіру; қолмен және графикалық редактордың көмегімен тетіктердің контурларын түсіру тәсілдері; техникалық сызу; сызбалар мен нобайларды орындаудың	Білімдер: - МЕМСТ 2.303-68* бойынша сызықтарды, МЕМСТ 2.301-68* бойынша форматтарды; - МЕМСТ 2.304-81 бойынша сызба қаріптерін; - МЕМСТ 2.302-68 бойынша масштабтарды, МЕМСТ 2.307-68* бойынша өлшемдер түсіру ережелерін, жанасу түрлерін. Іскерліктер: - стандартты сақтай отырып, әртүрлі сызықтарды сызу;	БҚ 3,5,7

	жалпы ережелері; сұлбалардағы шартты, графикалық белгілеулер; мамандық бойынша сұлбалар.	- сызбаларда стандартты қаріппен жазба жазу; - сызба масштабын анықтау, берілген масштапта тетіктердің сызбаларын орындау; - сызбада қарапайым түрдегі тетіктердің өлшемдерін түсіру; - электр сұлбаларды оқу.	
ЖКП 03	Техникалық механика негіздері. Материалдар кедергісі; деформацияланған күйдің түрлері: созылу (сығылу), ығысу, айналдыру, тура иілу, беріктікке есептеу; механизмдер мен машиналардың бөлшектері, механизмдер мен машиналардың кинематикалық сұлбаларын оқу және күру.	Білімдер: - материалдардың кедергілер негіздерін, машина тетіктерінің негіздерін. Іскерліктер: - беріліс механизмдерінің кинематикалық сұлбаларын оқу.	БҚ 3,7,8,10
ЖКП 04	Электротехниканың теориялық негіздері. Тұрақты токтың электр тізбектері; электр өрісі туралы ұғым; электр тогы , оның физикалық мәні және есептеу әдістері; кедергі, өтімділік; электр тізбегінің параметрлерін байланыстырушы электротехника заңдары; тұрақты және айнымалы токтың электр тізбегін есептеу; есептеу ұғымдары мен әдістері; синусоидалы емес токтың электр тізбектері; электр тізбектеріндегі өтпелі процестер; тарату параметрлерімен электр тізбектері.	Білімдер: - негізгі электрлік және магниттік құбылыстарды; - теориялық электротехникада жиі қолданылатын терминдері мен анықтамаларын; - электрлік есептік сұлбаларда (алмастыру сұлбалаларында) қолданылатын электр тізбектері элементтерінің шартты графикалық белгіленулерін; - электрлік және магниттік шамалардың өлшем бірліктері мен әріптік таңбалануын. Іскерліктер: - электрлік сұлбаларды оқу; - электрлік шамалардың параметрлерін анықтау.	БҚ 1,2,3,4
	Электрматериалтану. Металдардың қасиеттері, темірдің көміртекті		

ЖКП 05	<p>корытпалары; түсті металдар және олардың корытпалары; электротехникалық материалдар, магниттік қатты материалдар; өткізгіш материалдар; сымдар, шиналар, кабельдер; жартылай өткізгіш материалдар: қасиеттері, қолданылу саласы; электр оқшаулағыш материалдар; газ тәрізді диэлектриктер; поляризациялық материалдар; электр оқшаулағыш материалдар және компаундтар; резеңкелер; электр оқшаулағыш слюда, керамика, шыны, қабатты пластмасса.</p>	<p>Білімдер:</p> <ul style="list-style-type: none"> - электротехникалық материалдардың құрылымын; - электротехникалық материалдардың қолданылу саласын. <p>Іскерліктер:</p> <ul style="list-style-type: none"> - сымдар мен кабельдердің таңбалануын ашып оқу. 	БҚ 1,2
ЖКП 06	<p>Электроника және микроэлектроника негіздері.</p> <p>Электрвакуумды және ионды аспаптар; жартылай өткізгішті аспаптар: диодтар, транзисторлар, тиристорлар; интегралды микросұлбалар; кернеулер, тұрақтандырғыштар, инверторлар және жиілік түрлендіргіштер; сызықтық тербеліс генераторлары; микропроцессорлық техника элементтері.</p>	<p>Білімдер:</p> <ul style="list-style-type: none"> - терминологияны, шамалардың өлшемділігін және олардың негізгі арақатынастарын; - өнеркәсіптік электроника аспаптары мен құрылғыларын пайдалану шарттарын және қолданылу саласын. <p>Іскерліктер:</p> <ul style="list-style-type: none"> - типтік электронды сұлбаларды оқу; - техникалық және анықтамалық әдебиетті пайдалану. 	БҚ 1,3,7
АП 00		Арнайы пәндер	
Біліктілігі: 130201 2 - Бақылау-өлшеу аспаптары мен автоматика слесарі			
	<p>Метрология негіздері және өлшеу құралдары.</p> <p>Метрология негіздері: негізгі ұғымдар мен анықтамалар; өлшеу құралдары және олардың негізгі сипаттамалары; бірінші және екінші өлшеу түрлендіргіштері; электр өлшеу аспаптары</p>	<p>Білімдер:</p> <ul style="list-style-type: none"> - өлшеу құралдарының негізгі метрологиялық сипаттамаларын; - электр өлшеу аспаптары мен өлшеу тізбектерінің 	

<p>АП 01</p>	<p>және электрлік өлшемдер ; электр аспаптары; электрлік өлшемдер; қысымды және қысым айырмасын өлшеу аспаптары; заттардың физикалық-химиялық қасиеттерін өлшеу аспаптары; ГПС ақпаратты бейнелеу құрылғылары: аналогты көрсететін және қайталап тіркеу аспаптары; сандық көрсетуші екінші аспаптар; орталықтандырылған бақылау құралдары.</p>	<p>негізгі түрлерін және жұмыс принциптерін; - электрлік өлшеу әдістемесін; - технологиялық процестердің әр түрлі параметрлерін өлшеуге арналған аспаптардың жинағын. Іскерліктер: - өлшенетін шаманың ең дұрыс мәнін анықтау; - өлшеу құралдарын іске қосу.</p>	<p>БҚ 1,3,4 КҚ 2.1.1</p>
<p>АП 02</p>	<p>Технологиялық процестерді автоматтандыру. Технологиялық процестерді автоматтандыру жөніндегі жалпы мәліметтер: технологиялық процестер ; негізгі ұғымдар мен анықтамалар; жалпы за у ы т ы қ қондырғыларды автоматтандыру; қағидалық сұлбаларға техникалық құжаттама; компрессорлық станцияларды автоматтандыру; сорғы станцияларын автоматтандыру; өнеркәсіптік тазарту құрылыстарын автоматтандыру; қ а з а н д ы қ қондырғыларды автоматтандыру; желдету жүйелерін және ауаны желдету қондырғыларын автоматтандыру; суықпен және жылумен қамсыздандыру қондырғыларын автоматтандыру; саланың технологиялық процестерін автоматтандыру;</p>	<p>Білімдер: - оқытылатын процестердің технологиясын және жабдықтардың жұмыс режимдерін; - автоматтандыру жүйелеріндегі апаттық және технологиялық қорғаныс пен оқшаулауды; - бағдарламамен басқарылатын (роботтардың) манипуляторлардың құрылғысы мен қолданылуын. Іскерліктер: - автоматтандырылған электржетегінің сұлбасын оқу, технологиялық сигналды реттеу; қозғалтқыштарды және атқарушы механизмдерді басқару; - компрессорларды басқару сұлбасын және агрегаттарды қорғау сұлбаларын оқу; сорғыларды және резерв кірмелерін басқару сұлбаларын оқу;</p>	<p>БҚ 1,2,3,4,5,7</p>

	<p>домналық және болат балқыту өндірісін автоматтандыру; өндірісті басқаруды автоматтандыру; басқарудың автоматтандырылған жүйелері; телемеханика жүйелері туралы ұғым; робот техникасы: өнеркәсіптік роботтарды дайындау және жасау; б е й і м д і автоматтандырылған өндірісте (БАӨ) роботтарды пайдалану.</p>	<ul style="list-style-type: none"> - технологиялық процестерді автоматтандырудың функционалдық сұлбаларын оқу; - сандық және цифрлық бағдарламалық басқару сұлбаларын оқу; - ТПА функционалдық сұлбаларына өнеркәсіптік роботтарды енгізу. 	<p>КҚ 2.1.1 КҚ 2.1.3</p>
<p>АП 03</p>	<p>Автоматтандырылған жүйелерді монтаждау және пайдалану.</p> <p>Монтаждау жұмыстарын ұйымдастыру: жобалық құжаттаманың құрамы; автоматтандырылған жүйелердің монтаждау жұмыстарын ұйымдастыру туралы жалпы мәліметтер; монтаждау жұмыстарын жүргізуді дайындау; монтаждау жүргізетін ұйымдардың өндірістік базалары; индустриалды монтаж; монтаждау жұмыстарының ұйымдастырушылық-техникалық деңгейінің көрсеткіштері; автоматтандырылған жүйелерді монтаждау: құбыр сымдарын дайындау және монтаждау; электр сымдарын монтаждау; байланыстың талшықты-оптикалық желілерін монтаждау; қалқандар мен пульттарды монтаждау; температураны өлшеу жүйелерін монтаждау; қысым мен разрядталуды өлшеу жүйелері мен құрылғыларын монтаждау; шығынды</p>	<p>Білімдер:</p> <ul style="list-style-type: none"> - автоматтандырылған жүйелерді монтаждаудың ж о б а л ы қ құжаттамасының құрамы мен мазмұнын; - автоматтандырылған жүйелерді монтаждаудың озық әдістерін; - автоматтандырылған жүйелерді монтаждаудың , пайдаланудың және жөндеудің негізгі мәселелерін. <p>Іскерліктер:</p> <ul style="list-style-type: none"> - қалқандар мен пульттардың жалпы түрлерінің сызбаларын, сыртқы сымдардың жалғану сұлбаларын, жабдықтар мен сымдарды орналастыру жоспарларын оқуды; - құбыр сымдарын монтаждаудың шығыс техникалық құжаттамасын оқуды; құбыр сымдарын сымдарын жинауды; - электр сымдарын ұштауды, жалғауды, қосуды орындау; - монтаждау жұмыстарында 	<p>БҚ 1,2,3,4</p>

	<p>өлшеу жүйелерін және құрылғыларын монтаждау; деңгейді өлшеу жүйелері мен құрылғыларын монтаждау; заттардың құрамы мен мөлшерін өлшеу жүйелерін монтаждау; автоматтық реттеуіштерді монтаждау; атқарушы механизмдер мен реттеуші органдарды монтаждау; басқарушы есептеу кешендерін монтаждау; автоматтандыру жүйелерін пайдалану және жөндеу; өлшеу құралдары мен автоматтандыру жүйелерді пайдалану және жөндеу.</p>	<p>айлабұйымдарды дұрыс пайдалануды;</p> <ul style="list-style-type: none"> - қалқанның коммутациясын орындауды; - әртүрлі атқару механизмдерін монтаждауды; оларды жобалық құжаттамаға сәйкес қосуды; - аспаптар мен реттеуіштердің ақауын жоюды; - өлшеу құралдарына және автоматтандыру жүйелеріне жөндеу жүргізуді. 	<p>КҚ 2.1.1 КҚ 2.1.3</p>
<p>АП 04</p>	<p>Автоматтандырылған жүйелердегі есептеу техникасы.</p> <p>ЭЕМ ақпаратты көру: ЭЕМ-ғы ақпаратты бейнелеу нысандары мен тәсілдері; есте сақтау құрылғылары: есте сақтау құрылғылары (ЕК) туралы жалпы мәліметтер және жіктелуі; жалпы қолданыстағы ЭЕМ: сәулет, ерекшеліктері, қолданылу саласы; енгізу-шығару каналдары; микропроцессорлар: микропроцессорлардың негізгі шектеулері, сәулет; микропроцессорлық жинақтар; микропроцессор командаларының жүйесі; микроЭЕМ: функционалдық шектеулер, микроЭЕМ сәулеті; микроЭЕМ-ның енгізу-шығару жүйесі; перифериялық құрылғылары: дисплей және таңба басатын құрылғылар;</p>	<p>Білімдер:</p> <ul style="list-style-type: none"> - жалпы қолданыстағы есептеу машиналарын ұйымдастыру қағидасын; - перифериялық құрылғылардың жұмыс қағидасы мен номенклатурасын; - микропроцессорлар мен микроЭЕМ базасында есептеу басқару жүйелерін ұйымдастыру қағидасын. <p>Іскерліктер:</p> <ul style="list-style-type: none"> - пернетақта мен монитордың көмегімен ЭЕМ-мен сұхбат жүргізу; - мамандық бойынша қолданбалы бағдарламаларды қолдану. 	

	технологиялық процестерді басқарудың автоматтандырылған жүйесінде (ТП БАЖ) ЭЕМ қолдану.		БҚ 5,7 КҚ 2.1.3
АП 05	<p>Еңбекті қорғау. Еңбекті қорғаудың құқықтық және ұйымдастырушылық мәселелері; қауіпті және зиянды өндіріс факторлары; өндірістегі жазатайым жағдайларды зерттеу, есепке алу және талдау; жұмыс орнында еңбекті ұйымдастыру; еңбек гигиенасы және өндірістік санитария: өндірістік жайларға, жұмыс орындарына, технологиялық жабдықтарға қойылатын жалпы санитарлық-гигиеналық талаптар; өндірістік жайларды жарықтандыруға қойылатын талаптар; шудан, дірілден, ультрадыбыстардан, ионданған және электр магниттік сәулеленуден қорғау; қауіпсіздік техникасы: тиіп-түсіру, тасымалдау және қойма жұмыстары кезіндегі қауіпсіздік техникасы; қолмен жұмыс жасайтын құрал-саймандармен және айлабұйымдармен жұмыс жасау кезіндегі қауіпсіздік техникасы; бақылау және автоматтандыру жүйелерін монтаждау кезіндегі қауіпсіздік техникасы; электрлік қауіпсіздік негіздері; өртке қарсы қорғаныс: заттардың жануы және жарылу қауіпсіздіктері; өртті сөндіру құралдары мен тәсілдері; кәсіпорындарда өрт күзетін ұйымдастыру.</p>	<p>Білімдер: - еңбекті қорғау жөніндегі заңнама негіздерін; - электрлік қауіпсіздік негіздерін және электр тогымен жарақаттанудан қорғау шараларын, жазатайым жағдайларда зардап шегушілерге дәрігерге дейінгі көмек көрсету жөніндегі негізгі медициналық мәліметтерді. Іскерліктер: - еңбекті қорғау жөніндегі нормативтік-техникалық құжаттаманы пайдалану; - өндірістің карамағындағы учаскеде жұмыстарды қауіпсіз жүргізуді ұйымдастыру; - адамға кері әсер ететін қауіпті және зиянды өндірістік факторларды бағалау; - жазатайым жағдайда зардап шеккендерге алғашқы көмек көрсету.</p>	БҚ 4,6,7,9 КҚ 2.1.2

<p>АП 06</p>	<p>Экономика және өндірісті басқару. Нарықтық қатынас жүйесіндегі сала кәсіпорыны; еңбекті ғылыми ұйымдастыру; сала кәсіпорындарында техникалық нормалау негіздері; еңбек өнімділігі; сала кәсіпорындарында еңбек төлемін ұйымдастыру; нарықтық экономика жағдайларында Қазақстан Республикасының салық жүйесі; сала кәсіпорындарының өндірістік-шаруашылық қызметін есепке алу және талдау негіздері.</p>	<p>Білімдер: - ұйымдастыру және еңбек төлемі саласында кәсіпорындарды басқарудың экономикалық механизмінің жұмысын.</p> <p>Іскерліктер: - өндірісті ұйымдастырудың тиімді тәсілдерін таңдау, кәсіпорын жұмысының негізгі көрсеткіштерін есептеу.</p>	<p>БҚ 7,10 КҚ 2.1.3</p>
<p>ӨО ж КП 00</p>	<p>Өндірістік оқыту және кәсіптік практика</p>		
<p>ӨО 01</p>	<p>Оқу практикасы. Материалдарды слесарлы-механикалық өңдеу; қауіпсіздік техникасы және өнеркәсіптік санитария; технологиялық өлшеу негіздері; жазықтықтық таңбалау; материалдарды кию; металдарды кесу; дайындамаларды түзету және ию; егеу; бұрғылау және үңгілеу; бұранда кесу; сымдарды калайылау; электр монтаждық жалғанымдарды дәнекерлеу; сымдарды тарқату, жалғау, тарамдау және ұштау; радио элементтерімен жұмыс жасау; баспалы монтаждауда электр монтаждау жұмыстары; активті және реактивті энергияны өлшеуге арналған үш фазалы</p>	<p>Іскерліктер: - сызғышты, штангенциркульді, деңгейді, бұранда өлшеуішті, щуптарды қолдану; - таңбалау құралдарын пайдалану; - металды егеумен кесу; - қысқыштарда, плитада немесе темір соғатын плитада металды шабу; - құбыр игіштерде құбырды ию; - егеуді қолдану; - бұрғылау және үңгілеу; - бұранда кестесін пайдалану; - сұлбаларды жинау; - тізбек бөлігінде болатын ток пен кернеуді есептеу; - ток пен кернеуді реттеуде қолданылатын реостаттарды есептеу және таңдау.</p> <p>Дағдылар: - трансформатор орамдарының полярлылығын анықтау;</p>	<p>БҚ 4,6,7,9,10 КҚ 2.1.1</p>

	<p>есептеуіштерді қосу; ток пен кернеудің өлшеу трансформаторларын тексеру; реттеу және жүктеу құрылғылары; асинхронды қозғалтқыштардың құрылғысы; автоматтық ажыратқыштар және балқымалы сақтандырғыштар; магниттік іске қосқыштар; басқару батырмалары, ауыстырып қосқыштар, соңғы ажыратқыштар; жылу релесінің құрылғысы; электр жарығын басқару сұлбаларын құрастыру және жинақтау.</p>	<p>- кедергінің температуралық коэффициентін анықтау; - аспаптар мен аппараттарды қоректендіру сұлбасында ажыратқыштар мен сақтандырғыштарды қосу; - реверсивті емес магниттік іске қосқыштардың жұмысын тексеру; - ауыстырып қосқыш түйіспелерінің тұйықталу диаграммасын құру; - қарапайым басқару сұлбасын жинақтау және электрлік жарықтандырумен тексеру; - монтаждау жұмыстарын және материалдарды слесарлық өңдеу жұмыстарын орындау.</p>	<p>КҚ 2.1.2 КҚ 2.1.3</p>
<p>Оқу-өндірістік практика. Электр механикалық релені және логикалық сұлбаны жөндеу; аппараттар мен тетіктерді монтаждау; қалқанды рәсімдеу; сигнал беру сұлбаларын зерттеу, жинау және сынау; реттеу сұлбасын зерттеу, жинау және сынау;</p>	<p>Іскерліктер: - аспаптардың конструктивті ерекшеліктеріне қарай орнату тәсілдерін таңдау; - аппаратураға, қалқанды рәсімдеу қысқыштары мен тетіктерінің оқшауларына монтаждауды жүргізу; - параметрлердің технологиялық сигнал беру сұлбаларының жұмысындағы ақауларды анықтау және жою; - технологиялық параметрлерді реттеу сұлбаларының жұмыс режимдері; - резервті қозғалтқышты енгізумен қоректендіру сұлбасын жинауды және сынауды орындау; - стендте сорғыны басқару сұлбасының аппаратурасына монтаждауды орындау;</p>		

ӨО 02

резервті автоматты енгізетін қоректендіру сұлбасын зерттеу, жинау және сынау; сорғыны басқару сұлбасын зерттеу, жинау және сынау; асинхронды қозғалтқышты басқару сұлбасын монтаждау, баптау және сынау; резервті қозғалтқышты енгізу сұлбасын жинау және сынау; ағынды-көлік жүйесін іске қосып басқару сұлбасын жинау және сынау; температураның алғашқы өлшеу түрлендіргіштерін жөндеу; қысым мен разрядталу аспаптарын жөндеу.

- принциптік электр сұлбаларын оқу;
- резервті қозғалтқышты енгізу сұлбасының тізбектеріне таңбалауды орындау;
- істен шығу диагностикасын орындау;
- іске қосылу сұлбасын оқу;
- резервті қозғалтқышты енгізу сұлбасын оқу;
- серіппелі түікті манометрге жөндеуді орындау; иінтіректі берілістері бар манометрлерді жөндеу.

Дағдылар:

- қалқанша ішіне электрлік және түікті сымдарды төсеу;
- монтаждық-коммутациялық сұлбаларды құру;
- асинхронды қозғалтқышпен басқару сұлбасын жинау және сынау;
- резервті қозғалтқышты енгізу сұлбасын жинау және сынау;
- автоматты басқару жүйесіне жөндеу жұмыстарын жүргізу;
- қозғалтқышпен басқару сұлбасына монтаждау және баптау бойынша жұмыстарды орындау.

БК 4,6,7,9,10
КҚ 2.1.1
КҚ 2.1.2
КҚ 2.1.3

Технологиялық практика.

Кіріспе әңгіме; практиканың мақсаттары мен міндеттері; кәсіпорынға рәсімделу; қауіпсіздік техникасы мен өрт қауіпсіздігі бойынша нұсқаулық; учаскелерге бөліну; кәсіпорынмен жалпы танысу; кәсіпорынға саяхат; БӨА және А цехының (қызметінің) құрылымы; бақылау және автоматтандыру

Іскерліктер:

- функционалдық, принциптік және монтаждық сұлбаларды оқу;
- жұмыстарды орындауға наряд толтыру;
- жұмыстардың көлеміне ведомость құру.

БК 5,6,7,9,10

КП 03	жүйелеріне техникалық қызмет көрсету (жөндеу, монтаждау және баптау) жөніндегі өндірістік бригададағы жұмыс; цехтың бақылау және автоматтандыру жүйелерінің, аспаптарды пайдалану және жөндеу қызметтерінің технологиялық процестері мен жұмысын зерттеу; кәсіпорында жинақталған материалдарды қорыту, күнделік жүргізу.	Дағдылар: -автоматтандырылған жүйелерге қызмет көрсету; - аспаптар мен реттегіштерді жөндеу; - құбыр және электр сымдарын, аспаптарды, қалқан ішіндегі аппаратураларды монтаждау.	КҚ 2.1.1 КҚ 2.1.2 КҚ 2.1.3
-------	---	---	----------------------------------

Пәндер циклі және кәсіптік практика бойынша білім беретін оқу бағдарламасының мазмұны (орта буын маманы)

Циклдің (пәннің) индексі	Пәннің, практиканың атауы және негізгі бөлімдері	Қалыптасатын білімдер, іскерліктер мен дағдылар	Қалыптасатын құзырет коды
ЖБП 00	Жалпы білім беретін пәндер		
ЖГП 00	Жалпы гуманитарлық пәндер		
ЖГП 01	Кәсіптік қазақ (орыс) тілі. Кәсіптік тілдің рөлі: мамандық бойынша терминология; кәсіптік бағдарлы мәтіндерді оқу және аудару техникасы (сөздікпен); кәсіптік қарым-қатынас; мамандыққа бағытталған мәтіндер бойынша әңгімелер, сұхбаттар құрастыру.	Білімдер: - қазақ (орыс) тілінде және кәсіптік бағдарлы мәтіндерді оқып, аудару үшін (сөздікпен) қажетті лексикалық (1200-1400 лексикалық бірлік) және грамматикалық минимумды меңгеру. Іскерліктер: - кәсіптік лексиканы сауатты пайдалану, өзінің кәсіптік қызметінде қазақ (орыс) тілінен білімдерін пайдалану.	БҚ 3,4,6
ЖГП 02	Кәсіптік шет тілі. Мамандық бойынша кәсіптік қарым-қатынас жасауға қажетті лексика-грамматикалық материалдар; сөйлесудің әртүрлі түрлері мен тілдік нысандарды (ауызша, жазбаша, монологтік, диалогтік);	Білімдер: - мамандық бойынша кәсіптік қарым-қатынас жасауға қажетті мамандық бойынша лексика-грамматикалық материал. Іскерліктер: - тілдік іс-әрекет түрлерін және сөйлеу нысандарын	БҚ 3,4,6

	кәсіптік бағдарлы мәтіндерді аудару техникасы.	ажырату (ауызша, жазбаша, монологтік, диалогтік).	
ЖГП 03	Қазақстан тарихы.		
ЖГП 04	Дене тәрбиесі. Маман дайындауда дене тәрбиесінің рөлі, оның салауатты өмір салтын қалыптастыру; дене тәрбиесінің әлеуметтік-экономикалық және психофизиологиялық негіздері; дене және спорттық өзін-өзі жетілдіру негіздері; кәсіптік-қолданбалы дене дайындығы.	Білімдер: - дене тәрбиесінің әлеуметтік-экономикалық және психофизиологиялық негіздерін; - дене және спорттық өзін-өзі жетілдіру негіздері. Іскерліктер: - денсаулықты сақтау және нығайтуда дене тәрбиесі білімдерін қолдану.	БҚ 8
ӘӘП 00	Әлеуметтік-экономикалық пәндер		
ӘӘП 01	Мәдениеттану. Мәдениеттану және оның қоғамдық өмірдегі рөлі; мәдениетті зерттеудегі көзқарстардың алуан түрлілігі; мәдениет және өркениет; мәдениеттің орнауы; мәдениеттің конфуциан-даосистік түрі; мәдениеттің индо-буддалық түрі; ислам мәдениеті әлемі; мәдениеттің христиандық түрі; батыс еуропалық мәдениет және оның қазіргі әлемнің дамуына ықпалы; африка мәдениетінің ерекшелігі мен бірегейлігі; расизм проблемасы; көшпенді өркениеттің пайда болуы және бірегейлігі; Орта ғасырдағы Қазақстан	Білімдер: - негізгі ұғымдарды; - конфуцийшілдік; даосизм ұғымдарын; Қытайдың өнерін; иероглифін; Қытайдың пейзаж суреттерін; - индия мәдениетінің ерекшеліктерін және оның негізгі жетістіктерін; - ислам; курайш ұғымдарын; Мұхаммед; Құран; Аллах; Мекке ұғымдарын; - христиан оқуларының негізгі принциптерін және оның құндылық бағыттарын; - Франция мәдениетін; Ашель мәдениетін: проманындар, галлалар, франктар әдебиеті, философиясы; - көшпенділердің өмір сүрулері мен құндылық жүйесі туралы; - орта ғасыр кезеңінде қазақ этносының мәдени негізі туралы білімдерін; - түрік және араб мәдениетінің орта ғасырдағы Қазақстан	БҚ 4,7,8

	<p>мәдениеті; 17-19 ғасырдағы қазақтардың мәдени салттары; қазіргі Қазақстанның мәдениеті.</p>	<p>мәдениетіне әсері туралы .</p> <p>Іскерліктер:</p> <ul style="list-style-type: none"> - қытай мәдениетінің ерекшеліктерін ашу; - мәдениеттану ұғымдарын еркін пайдалану; - көшпенділердің материалдық және рухани мәдениетінің ерекшелігін, оның қоғамдық мәдени өмірдегі орнын көрсету. 	
ӘЭП 02	<p>Философия негіздері. Философия және оның қоғамдағы рөлі; философияның тарихи типтері; материя және сана; диалектика және оның баламасы; қоғамның философиялық ұғымы; таным теориясы; қоғамдық сана және оның нысандарының алуан түрлілігі; адам болмысы философия проблемалары ретінде; адам қоғамдық қарым-қатынастар объектісі және субъектісі ретінде.</p>	<p>Білімдер:</p> <ul style="list-style-type: none"> - негізгі философиялық ұғымдарды: материя, философияның негізгі сұрақтары, диалектика, диалектика заңдары, сана, таным, болмыс; - болмыстың жалпы мәселелерін, танымның жалпы мәселелерін, қоғамның қалыптасуын және дамуын, адамның ортақ және маңызды проблемаларын. <p>Іскерліктер:</p> <ul style="list-style-type: none"> - негізгі философиялық ұғымдарға еркін сүйене білу, сол немесе басқа сындарды дәлелдеу және сынға алу, ақиқаттың әртүрлі құбылыстары арасындағы өзара байланысты аша білу, қоршаған шындықтың карама-қайшылықтарын талдау. 	БҚ 6,7,8
ӘЭП 03	<p>Экономика негіздері. Мақсаттары, негізгі ұғымдары, функциялары, мәні, қағидалары; меншік нысандары мен түрлері, меншікті басқару; жоспарлардың түрлері, олардың негізгі кезеңдері, мазмұны, стратегиялық жоспарлау; жоспарлаудың және болжам жасаудың</p>	<p>Білімдер:</p> <ul style="list-style-type: none"> - экономикалық теорияның жалпы ережелерін; - елдегі және шетелдердегі экономикалық жағдайларды; - макро және микро экономика негіздерін, салық, ақша-несиелік, 	БҚ 1,7,9

	<p>экономикалық негіздеу әдістері; бизнес-жоспарлау; экономикалық талдау; халық тұтынатын нарық тауарлары мен қызметтердің жағдайына талдау жасау; нарықтық инфрақұрылым.</p>	<p>әлеуметтік және инвестициялық саясат туралы. Іскерліктер: - өзінің кәсіптік қызметінде бағдары үшін қажетті экономикалық ақпаратты тауып, қолдана білу.</p>	
ӘЭП 04	<p>Саясаттану және әлеуметтану негіздері. Саясаттану пәні; саясаттану білімінің құрылымы; саяси ойдың тарихы; билік адамдар арасындағы еркін қарым-қатынас ретінде; үкіметті заңды деп танушылық және қағидалары; саяси жүйе үкімет механизмі ретінде; саяси тәртіп; мемлекет саяси институт ретінде; саяси партиялар және партия жүйелері; саяси элита; саяси көшбасшылық; саяси идеологиялар; дүние жүзілік саяси процесс; Қазақстан Республикасының сыртқы саяси стратегиясы; әлеуметтану ғылым ретінде; негізгі әлеуметтік ұғымдар.</p>	<p>Білімдер: - негізгі саяси ұғымдарды : билік, билік ресурстары, биліктің заңдылығы, саяси жүйе, саяси тәртіп, мемлекет, мемлекетті басқару нысандары, мемлекеттің орналасу нысандары, саяси партиялар, партия жүйелері, саяси элита, саяси көшбасшылық, геосаясат; - саяси ғылым пәні мен әдісін. Іскерліктер: - халықаралық саяси процестерді талдау, геосаяси жағдай, Қазақстанның қазіргі өмірдегі орны мен рөлі; - саяси мәдениет дағдыларын меңгеру; - күнделікті өмірде және кәсіптік қызметте саясаттану білімдерді қолдану.</p>	БҚ 6,8
ӘЭП 05	<p>Құқық негіздері. Құқық, ұғым, жүйе, көздер, Қазақстан Республикасының Конституциясы – құқықтық жүйе ядросы; адам құқығының жалпы қоғамдық декларациясы, тұлға, құқық, құқықтық мемлекет, заңды жауапкершілік және оның түрлері, құқықтың негізгі салалары, Қазақстан Республикасының сот жүйесі, құқық қорғау органдары.</p>	<p>Білімдер: - адам мен азаматтың құқықтарын және бостандық-тарын; оларды іске асыру механизмдерін ; - кәсіптік қызметі саласындағы құқықтық және адамгершілік - этикалық нормаларын. Іскерліктер: - маманның кәсіптік қызметін регламенттейтін нормативтік-құқықтық құжаттарды пайдалану.</p>	БҚ 3,4,8

ЖКП 00	Жалпы кәсіптік пәндер		
ЖКП 01	<p>Мемлекеттік тілде іс қағаздарын жүргізу. Іс жүргізу бойынша сөздікпен жұмыс істеу; құжаттау және шаблондау мен стандарттауды құжаттармен қамтамасыз ету мәселелері бойынша нормативтік-әдістемелік құжаттар; құжаттарды шаблондаудан түсінік; әкімшілік-ұйымдастыру құжаттарының тізіміне кіретін құжаттарды құру ережелері; офистік және құжаттамалық жұмыс негіздері; техникалық құралдардың көмегімен құжаттау технологиясы.</p>	<p>Білімдер: - құжаттау қызметінің құрылымын, лауазымдық міндеттерді, техникалық құралдардың көмегімен құжаттау технологиясын. Іскерліктер: - әкімшілік-ұйымдастыру құжаттарын, мемлекеттік тілде қызметтік хат алысуды құру және рәсімдеу; - құжаттармен келіп түскен сәтінен, істі рәсімдеуге дейін жұмыс жасау; - анықтамалық әдебиетпен жұмыс жасау.</p>	БҚ 4,5,6,8
ЖКП 02	<p>Сызу. Кіріспе, КҚБЖ, МЕМСТ түсініктемесі; сызбалардың графикалық рәсімделуі; сызба сызықтары; сызба форматтары; графикалық редактордың көмегімен сызбаларға стандартты қаріптермен жазулар түсіру; масштабтар; өлшемдер түсіру; қолмен және графикалық редактордың көмегімен тетіктердің контурларын түсіру тәсілдері; техникалық сызу; сызбалар мен нобайларды орындаудың жалпы ережелері; сұлбалардағы шартты, графикалық белгілеулер; мамандық бойынша сұлбалар.</p>	<p>Білімдер: - МЕМСТ 2.303-68* бойынша сызықтарды, МЕМСТ 2.301-68* бойынша форматтарды; - МЕМСТ 2.304-81 бойынша сызба қаріптерін; - МЕМСТ 2.302-68 бойынша масштабтарды, МЕМСТ 2.307-68* бойынша өлшемдер түсіру ережелерін. Іскерліктер: - стандартты сақтай отырып, әртүрлі сызықтарды сызу; - сызбаларда стандартты қаріппен жазба жазу; графикалық редактордың көмегімен сызбаларға стандартты қаріптермен жазулар түсіру; - сызба масштабын анықтау, берілген масштабта қолмен және графикалық редактордың көмегімен тетіктердің сызбаларын орындау;</p>	

		<ul style="list-style-type: none"> - сызбада қарапайым түрдегі тетіктердің өлшемдерін түсіру; - мамандық бойынша электр сұлбаларды оқу. 	<p>БҚ 3,5,7,9 КҚ 3.2.1</p>
ЖКП 03	<p>Техникалық механика негіздері. Статика; статика аксиомалары, күш жүйелері, материалдар кедергісі; деформацияланған күйдің түрлері: созылу (сығылу), ығысу, айналдыру, тура иілу, күрделі деформация; беріктікке есептеу; механизмдер мен машиналардың бөлшектері, механизмдер мен машиналардың кинематикалық сұлбаларын оқу және құру; әртүрлі берілістегі буындардың негізгі өлшемдерін геометриялық есептеу.</p>	<p>Білімдер: - статистиканың негізгі ұғымдарын, жазық күш жүйелерін, күш моменттерін, кинематика және динамика элементтерін; - материалдардың кедергілер негіздерін, машина тетіктерінің негіздерін.</p> <p>Іскерліктер: - механикалық жүйелердің беріктігіне есептеулер жүргізу; - механизмнің қажетті түрін таңдау, механизмдер мен құрылымдардың жиынтық бірліктерінің құрылымдық ерекшеліктеріне талдау жасау.</p>	<p>БҚ 3,7,8,10 КҚ 3.2.1</p>
ЖКП 04	<p>Электротехниканың теориялық негіздері. Тұрақты токтың электр тізбектері; электр өрісі туралы ұғым; электр тогы, оның физикалық мәні және есептеу әдістері; кедергі, өтімділік; электротехника заңдары; электр тізбегінің байланыстырушы параметрлері; тұрақты және айнымалы токтың электр тізбегін есептеу; тұрақты және айнымалы токтың сызықты емес тізбектері; есептеу ұғымдары мен әдістері; синусоидалы емес токтың электр тізбектері; есептеу ұғымдары мен әдістері; электр тізбектеріндегі өтпелі</p>	<p>Білімдер: - негізгі электрлік және магниттік құбылыстарды; - теориялық электротехникада жиі қолданылатын терминдер мен анықтамаларды; - электрлік есептеу сұлбаларында (алмастыру сұлбаларында) қолданылатын электр тізбектері элементтерінің шартты графикалық белгіленуін; - электрлік және магниттік шамалардың өлшем бірліктері мен әріптік таңбалануын.</p> <p>Іскерліктер: - электр сұлбаларын оқу;</p>	<p>БҚ 1,2,3,7 КҚ 3.2.1</p>

	<p>процестер; тарату параметрлері бар электр тізбектері.</p>	<p>- электрлік шамалар параметрлерін анықтау.</p>	
<p>ЖКП 05</p>	<p>Электр машиналары және электржетек. Тұрақты ток машиналары ; тәуелсіз қоздыру генераторы және оның сипаттамалары; параллель қоздыру қозғалтқышы; ТТМ қуат шығыны мен ПӘК; арнайы машиналар; трансформаторлардың міндеті, жұмыс принципі; трансформаторларды жалғау сұлбалары мен топтары; трансформаторлардың бос жүріс және тұйықталу режимдері; трансформаторлардың қуат шығындары мен ПӘК; синхронды генераторлардың жұмыс принципі мен конструкциясы; синхронды қозғалтқыштардың жұмыс принципі мен конструкциясы; синхронды қозғалтқыштардың жұмыс сипаттамалары; асинхронды машиналар, асинхронды машиналардың жұмыс принципі мен конструкциясы; асинхронды қозғалтқыштардың жұмыс сипаттамалары; электржетектің механикасы; электржетектің механикалық бөлігінің құрылымы мен есептік сұлбалары; тұрақты ток электр қозғалтқышты электржетегі; асинхронды және синхронды тұрақты ток қозғалтқышты электржетегі;</p>	<p>Білімдер: - электр машиналары мен трансформаторлардың жұмыс принципі негізіне сүйенетін электр магниттік және электр механикалық процестерді ; - электр машиналары мен трансформаторлардың негізгі қасиеттерін, құрылымдық ерекшеліктерін және сипаттамаларын; олардың қолданылу саласын; - электржетегімен басқару сұлбаларын; - жылдамдықты реттеу тәсілдерін және электржетегі жұмысының тұрақтылығын анықтауды. Іскерліктер: - электр машиналары мен трансформаторлардың типін конструкциялары және паспорттық мәліметтері бойынша анықтау; - қозғалтқыш сұлбаларын жинау және сипаттамаларын алу; - электржетегінің электрлік және электрлі механикалық параметрлеріне есептеу жүргізу.</p>	

	<p>электржетегі жұмысының энергетикалық көрсеткіштері, қуатын есептеу, электрқозғалтқыштарды таңдау және тексеру.</p>		<p>БҚ 5,7,9 КҚ 3.2.1</p>
ЖКП 06	<p>Материалтану. Металдардың құрылымы мен қасиеттері, темірдің көміртекті қорытпалары; түсті металдар және олардың қорытпалары; магниттік материалдар; магниттіжұмсақ электротехникалық материалдар, өткізгіш материалдар; өткізгіш материалдарының жіктемесі; сымдар, шиналар, кабельдер; жартылай өткізгіш материалдар; қасиеттері, қолданылу саласы; электр өлшеу материалдары; диэлектриктер физикасы; физика-механикалық сипаттамалары; газ тәрізді диэлектриктер; поляризациялық материалдар; электр окшаулау материалдары және компаундтар; резеңкелер; электр окшаулағыш слюда, керамика, шыны, қабатты пластмасса.</p>	<p>Білімдер: - электротехникалық материалдардың құрылымын, олардың электрлік, магниттік, жылу, механикалық және физика-химиялық сипаттамаларын; - электротехникалық материалдарды қолдану саласын және алу тәсілдерін. Іскерліктер: - өткізгіш материалдарды жіктеу; - сымдар мен кабельдердің маркаларын ашып оқу; - өндіріс талаптарына сай электротехникалық материалдарды таңдау.</p>	<p>БҚ 1,2,7,9 КҚ 3.2.1</p>
ЖКП 07	<p>Гидравлика, гидро және пневможетек негіздері. Гидравлика негіздері: сұйықтықтардың физикалық қасиеттері; гидростатика негіздері; гидродинамика негіздері; гидравликалық кедергілер; пневматика негіздері: газ бен буды сығу туралы ұғымдар; көлемді компрессорлардың жұмыс принципі, үш</p>	<p>Білімдер: - гидравлика мен пневматика заңдарының физикалық мәнін; - гидравликалық энергияны өнеркәсіптік пайдалануды; - компрессорлардың құрылғысы мен жұмысын. Іскерліктер: - физикалық қасиеттерді анықтау үшін кестелер</p>	<p>БҚ 5,7,9 КҚ 3.2.1</p>

	с а т ы л ы компрессорлардың теориялық индикаторлық диаграммасы; поршенді компрессордың жұмысын зерттеу.	мен формулаларды пайдалану; - газ қоспалары күйінің параметрлерін және газ бен газ қоспаларының жылу сыйымдылығын анықтау.	
ЖКП 08	Электроника және микроэлектроника негіздері. Электр вакуумдық және ионды аспаптар; жартылай өткізгіш аспаптар: диодтар, транзисторлар, тиристорлар; интегралды микросұлбалар; микроэлектронды құрылғылар жіктемесі; таңбалануы; микроинтегралды орындауда элементтер мен сұлбаларды дайындау технологиясы; күшейткіштер; қорек көздері: түзеткіштер, жазу сүзгілері, кернеу көбейткіштері, тұрақтандырғыштар, инверторлар мен жиілік түрлендіргіштер; желілік тербеліс генераторлары; импульстік және сандық құрылғы элементтері; микропроцессорлық техника элементтері: санауыштар, тіркеуіштер, дешифраторлар, компараторлар, информаторлар; импульс қалыптастырғыштар мен түрлендіргіштер.	Білімдер: - электроника элементтерінің құрылысын, жұмыс принципін, вольтамперлік сипаттамаларын және негізгі параметрлерін; - микропроцессорлық техниканың электронды құрылғылары мен элементтерінің құрылу принципін, типтік түйіндерін және сұлбаларын; - өнеркәсіптік электрониканы пайдалану шарттары мен қолданылу саласын. Іскерліктер: - үлгілік электронды сұлбаларды оқу; - электронды аспаптар мен құрылғыларды зертханалық зерттеу бойынша эксперименттер жүргізу, техникалық және анықтамалық әдебиетті пайдалану; - негізгі есептік арақатынастар бойынша есептер шығару.	БҚ 1,3,5,7,9 КҚ 3.2.1
АП 00	Арнайы пәндер		
	Метрология негіздері және технологиялық бақылау құралдары. Метрология негіздері: негізгі ұғымдар мен анықтамалар; өлшеу құралдары және олардың негізгі сипаттамалары; АМЖ өлшеу түрлендіргіштері:	Білімдер: - өлшеу құралдарының негізгі метрологиялық сипаттамаларын; - өлшеу құралдарының құрылымын; - өнеркәсіптік аспаптар мен автоматтандыру	

бастапқы өлшеу түрлендіргіштері; электр өлшеу тізбектері; АМЖ сигналдарының түрлендіргіштері; электр өлшеу аспаптары және электрлік өлшеу; кеңейту термометрлері; кедергіні жылу түрлендіргіштер; термоэлектрлік жылу түрлендіргіштер; пирометрлер; қайталама түрлендіргіш аспаптары; қысым мен қысым айырмасын өлшеу аспаптары: сұйықтық аспаптары; серіппелі аспаптар; мембраналы аспаптар; сильфонды аспаптар; деформациялы шкаласыз аспаптар және қашықтан беру түрлері; зат шығыны мен мөлшерін өлшеу аспаптары: шығынды айнымалы қысым айырмасы әдісімен өлшеу; жедел шығын өлшеуіштер мен санауыштар; көлемді шығын өлшеуіштер; тахометриялық шығын өлшеуіштер; гидростатикалық және акустикалық деңгей өлшеуіштер; заттардың физика-химиялық қасиеттерін өлшеу аспаптары: ауа ылғалдылығын және тозаңдануын өлшеу аспаптары; тығыздықты өлшеу аспаптары; тұтқырлықты өлшеу аспаптары; сұйық ортаның электр өтімділігін өлшеу аспаптары; химиялық құрамды өлшеу аспаптары; деңгейді өлшеу аспаптары: қалтқымалы және буйкалы деңгей өлшеуіштер; сыйымды,

құралдарының мемлекеттік жүйе құрылымын;

- электр өлшеу аспаптарының және өлшеу тізбектерінің негізгі түрлері мен жұмыс қағидаларын;
- электрлік өлшеу әдістемесін;
- өлшеу нәтижелерін талдау әдістемесін;
- электрлік емес шамаларды өлшеуге арналған аспаптардың негізгі түрлері мен жұмыс қағидасын;
- АМЖ ұқсас және сандық аспаптарының негізгі түрлері мен жұмыс қағидаларын;
- технологиялық процестердің әртүрлі параметрлерін өлшеуге арналған аспаптардың жинағын;
- орталықтандырылған бакылау жүйесінің құрылымын.

Іскерліктер:

- өлшенетін шаманың ең ақиқат мәнін анықтау;
- әртүрлі физикалық шамаларды өлшеу үшін алғашқы өлшеу түрлендіргіштеріне таңдау жүргізу;
- жинақты таңдауды жүзеге асыру: жылу түрлендіргіш – қайталама аспап;
- жылу түрлендіргіштердің статикалық сипаттамаларын алу және талдау;
- температураны өлшеу аспаптарын іске қосу;
- аспаптардың статикалық сипаттамаларын алу және талдау; аспаптарға баптау жүргізу;

<p>АП 09</p>	<p>Есептеу техникасының негіздері. ЭЕМ арифметикалық және логикалық негіздері : есептеу жүйелері; екілік арифметика; ЭЕМ логикалық негіздері; логикалық функциялар; ЭЕМ ақпаратты бейнелеу : ЭЕМ-да ақпаратты бейнелеу нысандары мен тәсілдері; есте сақтау құрылғылары: есте сақтау құрылғыларының (ЕК) жіктелуі және жалпы мәліметтер; жедел есте сақтау құрылғысы (ЖЕК); тұрақты есте сақтау құрылғысы (ТЕК); жалпы қолданыстағы ЭЕМ: сәулет, ерекшеліктері, қолданылу саласы; енгізу-шығару каналдары ; микропроцессорлар: микропроцессорлардың негізгі шектеулері, сәулет ; микропроцессорлық жинақтар ; микропроцессор командаларының жүйесі; микроЭЕМ: функционалдық шектеулер, микроЭЕМ сәулеті; микроЭЕМ-ның енгізу-шығару жүйесі; перифериялық құрылғылар: дисплей және таңба басатын құрылғылар;</p>	<p>Білімдер: - жалпы қолданыстағы есептеу машиналарын ұйымдастыру қағидасын; - перифериялық құрылғылардың жұмыс қағидасы мен номенклатурасын; - микропроцессорлар мен микроЭЕМ базасында есептеу басқару жүйелерін ұйымдастыру қағидасын; - мамандық бойынша техника-экономикалық жедел есептеулерде ЭЕМ пайдалану негіздерін. Іскерліктер: - сандарды бір жүйеден екіншіге ауыстыру; - қарапайым дискретті автоматтық құрылғылардың жұмыс алгоритмдерінің логикалық функцияларын құру; - МК бағдарламалауға арналған бағдарламалар құру, бір реттік автоматтардың ақиқаттық кестелерін құру және анықтау; - пернетақта және монитордың көмегімен ЭЕМ-мен сұхбат жүргізу; - микропроцессорлық құрылғыларды қолданатын, автоматтандырылған</p>	

	технологиялық процестерді басқарудың автоматтандырылған жүйесінде (ТП БАЖ) ЭЕМ қолдану: мамандық бойынша техника-экономикалық және жедел есептеулерде ЭЕМ қолдану.	жүйелердің құрылымдық сұлбаларын құру; - мамандық бойынша бағдарламалар пакетін қолдану; - мамандық бойынша техника-экономикалық есептеулерде ЭЕМ пайдалану.	БҚ 5,7,9 КҚ 3.4.3
ӨО ж КП 00	Өндірістік оқыту және кәсіптік практика		
ӨО 01	<p>Оқу практикасы. Материалдарды слесарлы-механикалық өңдеу; қауіпсіздік техникасы және өнеркәсіптік санитария; технологиялық өлшеу негіздері; жазықтықтық таңбалау; материалдарды кию; металдарды кесу; дайындамаларды түзету және ию; егеу; бұрғылау және үңгілеу; бұранда кесу; сымдарды қалайылау; мойынтіректі қыру, сүрту, қалайылау және құю; электрмен имектеп пісіру тәсілдері, аппаратуралар және құрылғылар; жонғыш және фрезер білдегінде материалдарды өңдеу; такелаж жұмыстары; жаншып қосу; қолдану саласы; құрал-саймандар; қауіпсіздік техникасы.</p>	<p>Іскерліктер: - сызғышты, штангенциркульді, деңгейді, бұранда өлшеуішті, шуптарды қолдану; - таңбалау құралдарын пайдалану; - металды егеумен кесу; - қысқыштарда, плитада немесе темір соғатын плитада металды шабу; - құбыр игіштерде құбырды ию; - егеуді қолдану; - бұрғылау және үңгілеу; - бұранда кестесін пайдалану. Дағдылар: - материалдарды слесарлы-механикалық өңдеу; - слесарлық құралдармен жұмыс жасау.</p>	БҚ 4,6,7,9,10 КҚ 3.4.1 КҚ 3.4.2 КҚ 3.4.3
	<p>Оқу-өндірістік практика. Құбыр және жалпақ дайындамалар шеттерін өңдеу; резеңкеден және параниттен қол құрал-саймадарымен диаметрі 150 мм. дейін төсемдер дайындау; өңдеу, ақауларды көзбен тексеріп анықтау, жауып тұрған құралды алмастыру, ершікті ажарлау, тығыздағышты айырбастау, шұраны жинау, гидравликалық сынау; ысырманы</p>	<p>Іскерліктер:</p>	

ӨО 02

тексеру; ақауларды көзбен тексеріп анықтау; тарелкелер мен жауып тұрған құралдың ершігін қол құрылғыларымен сұрту; штревельді ажарлау; тығыздаманы толтыру; ысырманы жинау; гидравликалық сынау; кері қапакты тексеру; ақауларды анықтау; тарелкелер мен жауып тұрған құралдың ершігін сұрту; платада сұрту сапасын тексеру; иінтіректі және серіппелі сақтандырғыш қапакты бөлшектеу; ақауларды көзбен тексеріп анықтау; деңгейдің қалқымалы реттегішін бөлшектеу; конденсат бұрғышты бөлшектеу және тексеру; механикалық түйіндерді жөндеу; бу қазандарының қыздыру бетін жөндеу; барабандар мен қызған бу температурасын реттеу құрылғыларын жөндеу; ауа қыздырғыш құбырды жөндеу; оттықты, гарнитураларды және үрлеу аппараттарын жөндеу; айналдырушы механизмдердің құрастыру бірліктерін жөндеу; тартып үрлеу механизмдерін жөндеу; регенеративті ауа қыздырғыштарды жөндеу; шаң дайындау жүйесі жабдықтарын жөндеу; күлұстағыш және күл шығару жүйесі жабдықтарын жөндеу.

- құбыр аралығын және құбыр ұштарын жаншылудан қорғау;
- құбыр шеттерін және жазық дайындамаларды бөлшектеу;
- ақауларды анықтау мақсатында механизмдер мен жабдықтарға тексеру жүргізу;
- мойынтіректі түйіндерге бөлшектеу және монтаждау;
- біліктерге жартылай муфталармен центрлеу, роторларға статикалық және динамикалық теңдестіру жүргізу.

Дағдылар:

- кернеуі 1000В. дейінгі көрсеткіште жұмыстар;
- кернеудің жоқтығын тексеру;
- тасымалданатын жерге орналастыруды төсеу;
- кәсіпорынның негізгі және қосымша жабдықтарына монтаждау және жөндеу жұмыстарын жүргізу.

БҚ 4,6,7,9,10
КҚ 3.4.1
КҚ 3.4.2
КҚ 3.4.3

Технологиялық практика.

Кіріспе әңгіме;
практиканың мақсаттары мен міндеттері;
кәсіпорынға рәсімделу;
қауіпсіздік техникасы мен өрт қауіпсіздігі бойынша нұсқаулық;

Іскерліктер:

- функционалдык, принциптік және монтаждык сұлбаларды оқу;

КП 03	учаскелерге бөліну; кәсіпорынмен жалпы танысу; кәсіпорынға саяхат; цехтың (қызметтің) құрылымы; электрлі механикалық жабдықтарға техникалық қызмет көрсету (жөндеу, монтаждау және баптау) жөніндегі өндірістік бригададағы жұмыс; кәсіпорында жинақталған материалдарды қорыту, күнделік жүргізу.	- жұмыстарды орындауға наряд толтыру; - жұмыстардың көлеміне ведомость құру. Дағдылар: - бригадамен жұмыс жасай білу; - электрлік және электрлі механикалық жабдықтарға техникалық қызмет көрсету.	БҚ4,5,6,7,9,10 КҚ 3.4.1 КҚ 3.4.2 КҚ 3.4.3
КП 04	Диплом алдындағы практика. Кіріспе әңгіме; практиканың мақсаттары мен міндеттері; практикаға рәсімделу; қауіпсіздік техникасы мен өрт қауіпсіздігі бойынша нұсқаулық; жұмыс орнымен танысу; шебер дублерінің міндеттерін орындау; өндірістік саяхаттар; материалдарды қорыту және есеп беруді рәсімдеу.	Іскерліктер: - аспаптарды техникалық қызмет көрсетуге және жөндеуге құжаттамалар рәсімдеу; - жұмыстарды орындауға нарядтар рәсімдеу және жабу; - жұмыс орнында нұсқаулық өткізу. Дағдылар: - дипломдық жобаға мәліметтер жинау; - техникалық құжаттаманы рәсімдеу.	БҚ4,5,6,7,9,10 КҚ 3.4.1 КҚ 3.4.2 КҚ 3.4.3

5. 1302000 – Автоматтандыру және басқару (Тамақ өнімдерін, кеңінен тұтынылатын бұйымдар мен тауарларды өндірудің технологиялық процестерін автоматтандыру және басқару) мамандығы бойынша техникалық және кәсіптік білім берудің үлгілік білім беретін оқу бағдарламалары

Пәндер циклі және кәсіптік практика бойынша білім беретін оқу бағдарламасының мазмұны (жоғары деңгей)

Циклдің (пәннің) индексі	Пәннің, практиканың атауы және негізгі бөлімдері	Қалыптасатын білім, іскерліктер мен дағдылар	Қалыптасатын құзырет коды
ЖБП 00	Жалпы білім беретін пәндер		
ЖГП 00	Жалпы гуманитарлық пәндер		
	Кәсіптік қазақ (орыс) тілі. Кәсіптік тілдің рөлі: мамандық бойынша терминология; кәсіптік бағдарлы мәтіндерді оқу	Білімдер: - қазақ (орыс) тілінде және кәсіптік бағдарлы мәтіндерді оқып, аудару үшін (сөздікпен) қажетті лексикалық (1200-1400	

ЖГП 01	және аудару техникасы (сөздікпен); кәсіптік қарым-қатынас; мамандыққа бағытталған мәтіндер бойынша әңгімелер, сұхбаттар құрастыру.	лексикалық бірлік) және грамматикалық минимумды меңгеру. Іскерліктер: - кәсіптік лексиканы сауатты пайдалану, өзінің кәсіптік қызметінде қазақ (орыс) тілінен білімдерін пайдалану.	БҚ 3,4,6
ЖГП 02	Кәсіптік шет тілі. Мамандық бойынша кәсіптік қарым-қатынас жасауға қажетті лексика-грамматикалық материалдар; сөйлесудің әртүрлі түрлері мен тілдік нысандарды (ауызша, жазбаша, монологтік, диалогтік); кәсіптік бағдарлы мәтіндерді аудару техникасы.	Білімдер: - мамандық бойынша кәсіптік қарым-қатынас жасауға қажетті мамандық бойынша лексика-грамматикалық материалдарды. Іскерліктер: - тілдік іс-әрекет түрлерін және сөйлеу нысандарын ажырату (ауызша, жазбаша, монологтік, диалогтік).	БҚ 3,4,6
ЖГП 03	Қазақстан тарихы.		
ЖГП 04	Дене тәрбиесі. Маман дайындауда дене тәрбиесінің рөлі, оның салауатты өмір салтын қалыптастыру; дене тәрбиесінің әлеуметтік-экономикалық және психофизиологиялық негіздері; дене және спорттық өзін-өзі жетілдіру негіздері; кәсіптік-қолданбалы дене дайындығы.	Білімдер: - дене тәрбиесінің әлеуметтік-экономикалық және психофизиологиялық негіздерін; - дене және спорттық өзін-өзі жетілдіру негіздерін. Іскерліктер: - денсаулықты сақтау және нығайтуда дене тәрбиесі білімдерін қолдану.	БҚ 8
ЖКП 00	Жалпы кәсіптік пәндер		
ЖКП 01	Мемлекеттік тілде іс қағаздарын жүргізу. Іс жүргізу бойынша сөздікпен жұмыс істеу; құжаттау және шаблондау мен стандарттауды құжаттармен қамтамасыз ету мәселелері бойынша нормативтік-әдістемелік құжаттар; құжаттарды шаблондаудан түсінік; әкімшілік-ұйымдастыру құжаттарының тізіміне	Білімдер: - құжаттау қызметінің құрылымы, лауазымдық міндеттер, техникалық құралдардың көмегімен құжаттау технологиясын. Іскерліктер: - әкімшілік-ұйымдастыру құжаттарын, мемлекеттік тілде қызметтік хат алысуды құру және рәсімдеу;	БҚ 4,5,6,8

	кіретін құжаттарды құру ережелері; офистік және құжаттамалық жұмыс негіздері; техникалық құралдардың көмегімен құжаттау технологиясы.	- құжаттармен келіп түскен сәтінен, істі рәсімдеуге дейін жұмыс жасау; - анықтамалық әдебиетпен жұмыс жасау.	
ЖКП 02	Сызу. Кіріспе, КҚБЖ, МЕМСТ, түсініктемесі; сызбалардың графикалық рәсімделуі; сызба сызықтары; сызба форматтары; сызбаларда жазулар жазу; масштабтар; өлшемдер түсіру; қолмен және графикалық редактордың көмегімен тетіктердің контурларын түсіру тәсілдері; техникалық сызу; сызбалар мен нобайларды орындаудың жалпы ережелері; сұлбалардағы шартты, графикалық белгілеулер; мамандық бойынша сұлбалар.	Білімдер: - МЕМСТ 2.303-68* бойынша сызықтарды, МЕМСТ 2.301-68* бойынша форматтарды; - МЕМСТ 2.304-81 бойынша сызба қаріптерін; - МЕМСТ 2.302-68 бойынша масштабтарды, МЕМСТ 2.307-68* бойынша өлшемдер түсіру ережелерін, жанау түрлерін. Іскерліктер: - стандартты сақтай отырып, әртүрлі сызықтарды сызу; - сызбаларда стандартты қаріппен жазба жазу; - сызба масштабын анықтау, берілген масштабта тетіктердің сызбаларын орындау; - сызбада қарапайым түрдегі тетіктердің өлшемдерін түсіру; - электр сұлбаларды оқу.	БҚ 3,5,7
ЖКП 03	Техникалық механика негіздері. Материалдар кедергісі; деформацияланған күйдің түрлері: созылу (сығылу), ығысу, айналдыру, тура иілу, беріктікке есептеу; механизмдер мен машиналардың бөлшектері, механизмдер мен машиналардың кинематикалық сұлбаларын оқу және құру.	Білімдер: - материалдардың кедергілер негіздерін, машина тетіктерінің негіздерін. Іскерліктер: - беріліс механизмдерінің кинематикалық сұлбаларын оқу.	БҚ 3,7,8,10
		Білімдер:	

ЖКП 04	<p>Электротехниканың теориялық негіздері. Тұрақты токтың электр тізбектері; электр өрісі туралы ұғым; электр тогы, оның физикалық мәні және есептеу әдістері; кедергі, өтімділік; электр тізбегінің параметрлерін байланыстырушы электротехника заңдары; тұрақты және айнымалы токтың электр тізбегін есептеу; есептеу ұғымдары мен әдістері; синусоидалы емес токтың электр тізбектері; электр тізбектеріндегі өтпелі процестер; тарату параметрлерімен электр тізбектері.</p>	<p>- негізгі электрлік және магниттік құбылыстарды; - теориялық электротехникада жиі қолданылатын терминдері мен анықтамаларын; - электрлік есептік сұлбаларда (алмастыру сұлбалаларында) қолданылатын электр тізбектері элементтерінің шартты графикалық белгіленулерін; - электрлік және магниттік шамалардың өлшем бірліктері мен әріптік таңбалануын. Іскерліктер: - электрлік сұлбаларды оқу; - электрлік шамалардың параметрлерін анықтау.</p>	БҚ 1,2,3,4
ЖКП 05	<p>Электрматериалтану. Металдардың қасиеттері, темірдің көміртекті қорытпалары; түсті металдар және олардың қорытпалары; электротехникалық материалдар, магниттік қатты материалдар; өткізгіш материалдар; сымдар, шиналар, кабельдер; жартылай өткізгіш материалдар: қасиеттері, қолданылу саласы; электр оқшаулағыш материалдар; газ тәрізді диэлектриктер; поляризациялық материалдар; электр оқшаулағыш материалдар және компаундтар; резеңкелер; электр оқшаулағыш слюда, керамика, шыны, қабатты пластмасса.</p>	<p>Білімдер: - электротехникалық материалдардың құрылымын; - электротехникалық материалдардың қолданылу саласын. Іскерліктер: - сымдар мен кабельдердің таңбалануын ашып оқу.</p>	БҚ 1,2
	<p>Электроника және микроэлектроника негіздері.</p>	<p>Білімдер: - терминологияны, шамалардың</p>	

ЖКП 06	<p>Электрвакуумды және ионды аспаптар; жартылай өткізгішті аспаптар: диодтар, транзисторлар, тиристорлар; интегралды микросұлбалар; кернеулер, тұрақтандырғыштар, инверторлар және жиілік түрлендіргіштер; сызықтық тербеліс генераторлары; микропроцессорлық техника элементтері.</p>	<p>өлшемділігін және олардың негізгі арақатынастарын; - өнеркәсіптік электроника аспаптары мен құрылғыларын пайдалану шарттарын және қолданылу саласын. Іскерліктер: - типтік электронды сұлбаларды оқу; - техникалық және анықтамалық әдебиетті пайдалану.</p>	БҚ 1,3,7
АП 00	Арнайы пәндер		
Біліктілігі: 130201 2 - Бақылау-өлшеу аспаптары мен автоматика слесарі			
АП 01	<p>Метрология негіздері және өлшеу құралдары. Метрология негіздері: негізгі ұғымдар мен анықтамалар; өлшеу құралдары және олардың негізгі сипаттамалары; бірінші және екінші өлшеу түрлендіргіштері; электр өлшеу аспаптары және электрлік өлшемдер; электр аспаптары; электрлік өлшемдер; қысымды және қысым айырмасын өлшеу аспаптары; заттардың физикалық-химиялық қасиеттерін өлшеу аспаптары; ГПС ақпаратты бейнелеу құрылғылары: аналогты көрсететін және қайталап тіркеу аспаптары; сандық көрсетуші екінші аспаптар; орталықтандырылған бақылау құралдары.</p>	<p>Білімдер: - өлшеу құралдарының негізгі метрологиялық сипаттамаларын; - электр өлшеу аспаптары мен өлшеу тізбектерінің негізгі түрлерін және жұмыс принциптерін; - электрлік өлшеу әдістемесін; - технологиялық процестердің әр түрлі параметрлерін өлшеуге арналған аспаптардың жинағын. Іскерліктер: - өлшенетін шаманың ең дұрыс мәнін анықтау; - өлшеу құралдарын іске қосу.</p>	БҚ 1,3,4 КҚ 2.1.1
	<p>Технологиялық процестерді автоматтандыру. Технологиялық процестерді автоматтандыру жөніндегі жалпы мәліметтер: технологиялық процестер</p>	<p>Білімдер: - оқытылатын процестердің технологиясын және</p>	

<p>АП 02</p>	<p>; негізгі ұғымдар мен анықтамалар; жалпы за у ы т т ы қ қондырғыларды автоматтандыру; қағидалық сұлбаларға техникалық құжаттама; компрессорлық станцияларды автоматтандыру; сорғы станцияларын автоматтандыру; өнеркәсіптік тазарту құрылыстарын автоматтандыру; қ а з а н д ы қ қондырғыларды автоматтандыру; желдету жүйелерін және ауаны желдету қондырғыларын автоматтандыру; суықпен және жылумен қамсыздандыру қондырғыларын автоматтандыру; саланың технологиялық процестерін автоматтандыру; домналық және болат балқыту өндірісін автоматтандыру; өндірісті басқаруды автоматтандыру; басқарудың автоматтандырылған жүйелері; телемеханика жүйелері туралы ұғым; робот техникасы: өнеркәсіптік роботтарды дайындау және жасау; б е й і м д і автоматтандырылған өндірісте (БАӨ) роботтарды пайдалану.</p>	<p>жабдықтардың жұмыс режимдерін; - автоматтандыру жүйелеріндегі апаттық және технологиялық қорғаныс пен оқшаулауды; - бағдарламамен басқарылатын (роботтардың) манипуляторлардың құрылғысы мен қолданылуын. Іскерліктер: - автоматтандырылған электржетегінің сұлбасын оқу, технологиялық сигналды реттеу; қозғалтқыштарды және атқарушы механизмдерді басқару; - компрессорларды басқару сұлбасын және агрегаттарды қорғау сұлбаларын оқу; сорғыларды және резерв кірмелерін басқару сұлбаларын оқу; - технологиялық процестерді автоматтандырудың функционалдық сұлбаларын оқу; - сандық және цифрлық бағдарламалық басқару сұлбаларын оқу; - ТПА функционалдық сұлбаларына өнеркәсіптік роботтарды енгізу.</p>	<p>БҚ 1,2,3,4,5,7 КҚ 2.1.1 КҚ 2.1.3</p>
	<p>Автоматтандырылған жүйелерді монтаждау және пайдалану. Монтаждау жұмыстарын ұйымдастыру: жобалық құжаттаманың құрамы; автоматтандырылған жүйелердің монтаждау жұмыстарын ұйымдастыру туралы</p>	<p>Білімдер: - автоматтандырылған жүйелерді монтаждаудың ж о б а л ы қ құжаттамасының құрамы мен мазмұнын;</p>	

АП 03

жалпы мәліметтер; монтаждау жұмыстарын жүргізуді дайындау; монтаждау жүргізетін ұйымдардың өндірістік базалары; индустриалды монтаж; монтаждау жұмыстарының ұйымдастырушылық-техникалық деңгейінің көрсеткіштері; автоматтандырылған жүйелерді монтаждау: құбыр сымдарын дайындау және монтаждау; электр сымдарын монтаждау; байланыстың талшықты-оптикалық желілерін монтаждау; қалқандар мен пульттарды монтаждау; температураны өлшеу жүйелерін монтаждау; қысым мен разрядталуды өлшеу жүйелері мен құрылғыларын монтаждау; шығынды өлшеу жүйелерін және құрылғыларын монтаждау; деңгейді өлшеу жүйелері мен құрылғыларын монтаждау; заттардың құрамы мен мөлшерін өлшеу жүйелерін монтаждау; автоматтық реттеуіштерді монтаждау; атқарушы механизмдер мен реттеуші органдарды монтаждау; басқарушы есептеу кешендерін монтаждау; автоматтандыру жүйелерін пайдалану және жөндеу; өлшеу құралдары мен автоматтандыру жүйелерді пайдалану және жөндеу.

- автоматтандырылған жүйелерді монтаждаудың озық әдістерін;
- автоматтандырылған жүйелерді монтаждаудың , пайдаланудың және жөндеудің негізгі мәселелерін.
Іскерліктер:
- қалқандар мен пульттардың жалпы түрлерінің сызбаларын, сыртқы сымдардың жалғану сұлбаларын, жабдықтар мен сымдарды орналастыру жоспарларын оқуды;
- құбыр сымдарын монтаждаудың шығыс техникалық құжаттамасын оқуды; құбыр сымдарын сымдарын жинауды;
- электр сымдарын ұштауды, жалғауды, косуды орындау;
- монтаждау жұмыстарында айлабұйымдарды дұрыс пайдалануды;
- қалқанның коммутациясын орындауды;
- әртүрлі атқару механизмдерін монтаждауды; оларды жобалық құжаттамаға сәйкес косуды;
- аспаптар мен реттеуіштердің ақауын жоюды;
- өлшеу құралдарына және автоматтандыру жүйелеріне жөндеу жүргізуді.

БҚ 1,2,3,4

КҚ 2.1.1

КҚ 2.1.3

Автоматтандырылған жүйелердегі есептеу техникасы.

<p>АП 04</p>	<p>ЭЕМ ақпаратты көру: ЭЕМ-ғы ақпаратты бейнелеу нысандары мен тәсілдері; есте сақтау құрылғылары: есте сақтау құрылғылары (ЕК) туралы жалпы мәліметтер және жіктелуі; жалпы қолданыстағы ЭЕМ: сәулет, ерекшеліктері, қолданылу саласы; енгізу-шығару каналдары; микропроцессорлар: микропроцессорлардың негізгі шектеулері, сәулет; микропроцессорлық жинақтар; микропроцессор командаларының жүйесі; микроЭЕМ: функционалдық шектеулер, микроЭЕМ сәулеті; микроЭЕМ-ның енгізу-шығару жүйесі; перифериялық құрылғылары: дисплей және таңба басатын құрылғылар; технологиялық процестерді басқарудың автоматтандырылған жүйесінде (ТП БАЖ) ЭЕМ қолдану.</p>	<p>Білімдер:</p> <ul style="list-style-type: none"> - жалпы қолданыстағы есептеу машиналарын ұйымдастыру қағидасын; - перифериялық құрылғылардың жұмыс қағидасы мен номенклатурасын; - микропроцессорлар мен микроЭЕМ базасында есептеу басқару жүйелерін ұйымдастыру қағидасын. <p>Іскерліктер:</p> <ul style="list-style-type: none"> - пернетақта мен монитордың көмегімен ЭЕМ-мен сұхбат жүргізу; - мамандық бойынша қолданбалы бағдарламаларды қолдану. 	<p>БК 5,7 КК 2.1.3</p>
	<p>Еңбекті қорғау. Еңбекті қорғаудың құқықтық және ұйымдастырушылық мәселелері; қауіпті және зиянды өндіріс факторлары; өндірістегі жазатайым жағдайларды зерттеу, есепке алу және талдау; жұмыс орнында еңбекті ұйымдастыру; еңбек гигиенасы және өндірістік санитария: өндірістік жайларға, жұмыс орындарына, технологиялық жабдықтарға қойылатын жалпы санитарлық-гигиеналық талаптар; өндірістік жайларды</p>	<p>Білімдер:</p> <ul style="list-style-type: none"> - еңбекті қорғау жөніндегі заңнама негіздерін; - электрлік қауіпсіздік негіздерін және электр тогымен жарақаттанудан қорғау шараларын, жазатайым жағдайларда зардап шегушілерге дәрігерге дейінгі көмек 	

<p>АП 05</p>	<p>жарықтандыруға қойылатын талаптар; шудан, дірілден, ультрадыбыстардан, ионданған және электр магниттік сәулеленуден қорғау; қауіпсіздік техникасы: тиіп-түсіру, тасымалдау және қойма жұмыстары кезіндегі қауіпсіздік техникасы; қолмен жұмыс жасайтын құрал-саймандармен және айлабұйымдармен жұмыс жасау кезіндегі қауіпсіздік техникасы; бақылау және автоматтандыру жүйелерін монтаждау кезіндегі қауіпсіздік техникасы; электрлік қауіпсіздік негіздері; өртке қарсы қорғаныс: заттардың жануы және жарылу қаупі қасиеттері; өртті сөндіру құралдары мен тәсілдері; кәсіпорындарда өрт күзетін ұйымдастыру.</p>	<p>көрсету жөніндегі негізгі медициналық мәліметтерді. Іскерліктер: - еңбекті қорғау жөніндегі нормативтік-техникалық құжаттаманы пайдалану; - өндірістің қарамағындағы учаскеде жұмыстарды қауіпсіз жүргізуді ұйымдастыру; - адамға кері әсер ететін қауіпті және зиянды өндірістік факторларды бағалау; - жазатайым жағдайда зардап шеккендерге алғашқы көмек көрсету.</p>	<p>БҚ 4,6,7,9 КҚ 2.1.2</p>
<p>АП 06</p>	<p>Экономика және өндірісті басқару. Нарықтық қатынас жүйесіндегі сала кәсіпорыны; еңбекті ғылыми ұйымдастыру; сала кәсіпорындарында техникалық нормалау негіздері; еңбек өнімділігі; сала кәсіпорындарында еңбек төлемін ұйымдастыру; нарықтық экономика жағдайларында Қазақстан Республикасының салық жүйесі; сала кәсіпорындарының өндірістік-шаруашылық қызметін есепке алу және талдау негіздері.</p>	<p>Білімдер: - ұйымдастыру және еңбек төлемі саласында кәсіпорындарды басқарудың экономикалық механизмінің жұмысын. Іскерліктер: - өндірісті ұйымдастырудың тиімді тәсілдерін таңдау, кәсіпорын жұмысының негізгі көрсеткіштерін есептеу.</p>	<p>БҚ 7,10 КҚ 2.1.3</p>
<p>ӨО ж КП 00</p>	<p>Өндірістік оқыту және кәсіптік практика</p>	<p>Іскерліктер:</p>	

ӨО 01

Оқу практикасы.

Материалдарды слесарлы-механикалық өңдеу; қауіпсіздік техникасы және өнеркәсіптік санитария; технологиялық өлшеу негіздері; жазықтықтық таңбалау; материалдарды қию; металдарды кесу; дайындамаларды түзету және ию; егеу; бұрғылау және үңгілеу; бұранда кесу; сымдарды қалайылау; электр монтаждық жалғанымдарды дәнекерлеу; сымдарды тарқату, жалғау, тарамдау және ұштау; радио элементтерімен жұмыс жасау; баспалы монтаждауда электр монтаждау жұмыстары; активті және реактивті энергияны өлшеуге арналған үш фазалы есептеуіштерді қосу; ток пен кернеудің өлшеу трансформаторларын тексеру; реттеу және жүктеу құрылғылары; асинхронды қозғалтқыштардың құрылғысы; автоматтық ажыратқыштар және балқымалы сақтандырғыштар; магниттік іске қосқыштар; басқару батырмалары, ауыстырып қосқыштар, соңғы ажыратқыштар; жылу релесінің құрылғысы; электр жарығын басқару сұлбаларын құрастыру және жинақтау.

- сызғышты, штангенциркульді, деңгейді, бұранда өлшеуішті, щуптарды қолдану;
 - таңбалау құралдарын пайдалану;
 - металды егеумен кесу;
 - қысқыштарда, плитада немесе темір соғатын плитада металды шабу;
 - құбыр игіштерде құбырды ию;
 - егеуді қолдану;
 - бұрғылау және үңгілеу;
 - бұранда кестесін пайдалану;
 - сұлбаларды жинау;
 - тізбек бөлігінде болатын ток пен кернеуді есептеу;
 - ток пен кернеуді реттеуде қолданылатын реостаттарды есептеу және таңдау.
- Дағдылар:**
- трансформатор орамдарының полярлылығын анықтау;
 - кедергінің температуралық коэффициентін анықтау;
 - аспаптар мен аппараттарды қоректендіру сұлбасында ажыратқыштар мен сақтандырғыштарды қосу;
 - реверсивті емес магниттік іске қосқыштардың жұмысын тексеру;
 - ауыстырып қосқыш түйіспелерінің тұйықталу диаграммасын құру;
 - қарапайым басқару сұлбасын жинақтау және электрлік жарықтандырумен тексеру;
 - монтаждау жұмыстарын және материалдарды

БК 4,6,7,9,10

КҚ 2.1.1

КҚ 2.1.2

КҚ 2.1.3

		слесарлық өңдеу жұмыстарын орындау.	
ӨО 02	<p>Оқу-өндірістік практика. Электр механикалық релені және логикалық сұлбаны жөндеу; аппараттар мен тетіктерді монтаждау; қалқанды рәсімдеу; сигнал беру сұлбаларын зерттеу, жинау және сынау; реттеу сұлбасын зерттеу, жинау және сынау; резервті автоматты енгізетін қоректендіру сұлбасын зерттеу, жинау және сынау; сорғыны басқару сұлбасын зерттеу, жинау және сынау; асинхронды қозғалтқышты басқару сұлбасын монтаждау, баптау және сынау; резервті қозғалтқышты енгізу сұлбасын жинау және сынау; ағынды-көлік жүйесін іске қосып басқару сұлбасын жинау және сынау; температураның алғашқы өлшеу түрлендіргіштерін жөндеу; қысым мен разрядталу аспаптарын жөндеу.</p>	<p>Іскерліктер:</p> <ul style="list-style-type: none"> - аспаптардың конструктивті ерекшеліктеріне қарай орнату тәсілдерін таңдау; - аппаратураға, қалқанды рәсімдеу қысқыштары мен тетіктерінің оқшауларына монтаждауды жүргізу; - параметрлердің технологиялық сигнал беру сұлбаларының жұмысындағы ақауларды анықтау және жою; - технологиялық параметрлерді реттеу сұлбаларының жұмыс режимдері; - резервті қозғалтқышты енгізумен қоректендіру сұлбасын жинауды және сынауды орындау; - стендте сорғыны басқару сұлбасының аппаратурасына монтаждауды орындау; - принциптік электр сұлбаларын оқу; - резервті қозғалтқышты енгізу сұлбасының тізбектеріне таңбалауды орындау; - істен шығу диагностикасын орындау; - іске қосылу сұлбасын оқу; - резервті қозғалтқышты енгізу сұлбасын оқу; - серіппелі түтікті манометрге жөндеуді орындау; иінтіректі берілістері бар манометрлерді жөндеу. <p>Дағдылар:</p> <ul style="list-style-type: none"> - қалқанша ішіне электрлік және түтікті сымдарды төсеу; - монтаждық-коммутациялық сұлбаларды құру; 	<p>БК 4,6,7,9,10 КҚ 2.1.1</p>

		<ul style="list-style-type: none"> - асинхронды қозғалтқышпен басқару сұлбасын жинау және сынау; - резервті қозғалтқышты енгізу сұлбасын жинау және сынау; - автоматты басқару жүйесіне жөндеу жұмыстарын жүргізу; - қозғалтқышпен басқару сұлбасына монтаждау және баптау бойынша жұмыстарды орындау. 	<p>КҚ 2.1.2 КҚ 2.1.3</p>
КП 03	<p>Технологиялық практика. Кіріспе әңгіме; практиканың мақсаттары мен міндеттері; кәсіпорынға рәсімделу; қауіпсіздік техникасы мен өрт қауіпсіздігі бойынша нұсқаулық; учаскелерге бөліну; кәсіпорынмен жалпы танысу; кәсіпорынға саяхат; БӨА және А цехының (қызметінің) құрылымы; бақылау және автоматтандыру жүйелеріне техникалық қызмет көрсету (жөндеу, монтаждау және баптау) жөніндегі өндірістік бригададағы жұмыс; цехтың бақылау және автоматтандыру жүйелерінің, аспаптарды пайдалану және жөндеу қызметтерінің технологиялық процестері мен жұмысын зерттеу; кәсіпорында жинақталған материалдарды қорыту, күнделік жүргізу.</p>	<p>Іскерліктер:</p> <ul style="list-style-type: none"> - функционалдық, принциптік және монтаждық сұлбаларды оқу; - жұмыстарды орындауға наряд толтыру; - жұмыстардың көлеміне ведомость құру. <p>Дағдылар:</p> <ul style="list-style-type: none"> -автоматтандырылған жүйелерге қызмет көрсету; - аспаптар мен реттегіштерді жөндеу; - құбыр және электр сымдарын, аспаптарды, қалқан ішіндегі аппаратураларды монтаждау. 	<p>БҚ 5,6,7,9,10 КҚ 2.1.1 КҚ 2.1.2 КҚ 2.1.3</p>

5.2 Пәндер циклі және кәсіптік практика бойынша білім беретін оқу бағдарламасының мазмұны (орта буын маманы)

Циклдің (пәннің) индексі	Пәннің, практиканың атауы және негізгі бөлімдері	Қалыптасатын білім, іскерліктер мен дағдылар	Қалыптасатын құзырет коды
ЖБП 00	Жалпы білім беретін пәндер		

ЖГПІ 00	Жалпы гуманитарлық пәндер		
ЖГПІ 01	<p>Кәсіптік қазақ (орыс) тілі. Кәсіптік тілдің рөлі: мамандық бойынша терминология; кәсіптік бағдарлы мәтіндерді оқу және аудару техникасы (сөздікпен); кәсіптік қарым-қатынас; мамандыққа бағытталған мәтіндер бойынша әңгімелер, сұхбаттар құрастыру.</p>	<p>Білімдер: - қазақ (орыс) тілінде және кәсіптік бағдарлы мәтіндерді оқып, аудару үшін (сөздікпен) қажетті лексикалық (1200-1400 лексикалық бірлік) және грамматикалық минимумды меңгеру.</p> <p>Іскерліктер: - кәсіптік лексиканы сауатты пайдалану, өзінің кәсіптік қызметінде қазақ (орыс) тілінен білімдерін пайдалану.</p>	БҚ 3,4,6
ЖГПІ 02	<p>Кәсіптік шет тілі. Мамандық бойынша кәсіптік қарым-қатынас жасауға қажетті лексика-грамматикалық материалдар; сөйлесудің әртүрлі түрлері мен тілдік нысандарды (ауызша, жазбаша, монологтік, диалогтік); кәсіптік бағдарлы мәтіндерді аудару техникасы.</p>	<p>Білімдер: - мамандық бойынша кәсіптік қарым-қатынас жасауға қажетті мамандық бойынша лексика-грамматикалық материал.</p> <p>Іскерліктер: - тілдік іс-әрекет түрлерін және сөйлеу нысандарын ажырату (ауызша, жазбаша, монологтік, диалогтік).</p>	БҚ 3,4,6
ЖГПІ 03	Қазақстан тарихы.		
ЖГПІ 04	<p>Дене тәрбиесі. Маман дайындауда дене тәрбиесінің рөлі, оның салауатты өмір салтын қалыптастыру; дене тәрбиесінің әлеуметтік-экономикалық және психофизиологиялық негіздері; дене және спорттық өзін-өзі жетілдіру негіздері; кәсіптік-қолданбалы дене дайындығы.</p>	<p>Білімдер: - дене тәрбиесінің әлеуметтік-экономикалық және психофизиологиялық негіздерін; - дене және спорттық өзін-өзі жетілдіру негіздері.</p> <p>Іскерліктер: - денсаулықты сақтау және нығайтуда дене тәрбиесі білімдерін қолдану.</p>	БҚ 8
ӘЭП 00	Әлеуметтік-экономикалық пәндер		
		<p>Білімдер: - негізгі ұғымдарды; - конфуцийшілдік; даосизм ұғымдарын;</p>	

<p>ӘЭП 01</p>	<p>Мәдениеттану. Мәдениеттану және оның қоғамдық өмірдегі рөлі; мәдениетті зерттеудегі көзқарстардың алуан түрлілігі; мәдениет және өркениет; мәдениеттің орнауы; мәдениеттің конфуциан-даосистік түрі; мәдениеттің индо-буддалық түрі; ислам мәдениеті әлемі; мәдениеттің христиандық түрі; батыс еуропалық мәдениет және оның қазіргі әлемнің дамуына ықпалы; африка мәдениетінің ерекшелігі мен бірегейлігі; расизм проблемасы; көшпенді өркениеттің пайда болуы және бірегейлігі; Орта ғасырдағы Қазақстан мәдениеті; 17-19 ғасырдағы қазақтардың мәдени салттары; қазіргі Қазақстанның мәдениеті.</p>	<p>Қытайдың өнерін; иероглифін; Қытайдың пейзаж суреттерін; - индия мәдениетінің ерекшеліктерін және оның негізгі жетістіктерін; - ислам; курайш ұғымдарын; Мұхаммед; Құран; Аллах; Мекке ұғымдарын; - христиан оқуларының негізгі принциптерін және оның құндылық бағыттарын; - Франция мәдениетін; Ашель мәдениетін: проманындар, галлалар, франктар әдебиеті, философиясы; - көшпенділердің өмір сүрулері мен құндылық жүйесі туралы; - орта ғасыр кезеңінде қазақ этносының мәдени негізі туралы білімдерін; - түрік және араб мәдениетінің орта ғасырдағы Қазақстан мәдениетіне әсері туралы. Іскерліктер: - қытай мәдениетінің ерекшеліктерін ашу; - мәдениеттану ұғымдарын еркін пайдалану; - көшпенділердің материалдық және рухани мәдениетінің ерекшелігін, оның қоғамдық мәдени өмірдегі орнын көрсету.</p>	<p>БҚ 4,7,8</p>
	<p>Философия негіздері. Философия және оның қоғамдағы рөлі; философияның тарихи типтері; материя және сана; диалектика және</p>	<p>Білімдер: - негізгі философиялық ұғымдарды: материя, философияның негізгі сұрақтары, диалектика, диалектика заңдары, сана, таным, болмыс; - болмыстың жалпы мәселелерін, танымның жалпы мәселелерін,</p>	

<p>ӘЭП 02</p>	<p>оның баламасы; қоғамның философиялық ұғымы; таным теориясы; қоғамдық сана және оның нысандарының алуан түрлілігі; адам болмысы философия проблемалары ретінде; адам қоғамдық қарым-қатынастар объектісі және субъектісі ретінде.</p>	<p>қоғамның қалыптасуын және дамуын, адамның ортақ және маңызды проблемаларын.</p> <p>Іскерліктер:</p> <ul style="list-style-type: none"> - негізгі философиялық ұғымдарға еркін сүйене білу, сол немесе басқа сындарды дәлелдеу және сынға алу, ақиқаттың әртүрлі құбылыстары арасындағы өзара байланысты аша білу, қоршаған шындықтың карама-қайшылықтарын талдау. 	<p>БҚ 6,7,8</p>
<p>ӘЭП 03</p>	<p>Экономика негіздері. Мақсаттары, негізгі ұғымдары, функциялары, мәні, қағидалары; меншік нысандары мен түрлері, меншікті басқару; жоспарлардың түрлері, олардың негізгі кезеңдері, мазмұны, стратегиялық жоспарлау; жоспарлаудың және болжам жасаудың экономикалық негіздеу әдістері; бизнес-жоспарлау; экономикалық талдау; халық тұтынатын нарық тауарлары мен қызметтердің жағдайына талдау жасау; нарықтық инфрақұрылым.</p>	<p>Білімдер:</p> <ul style="list-style-type: none"> - экономикалық теорияның жалпы ережелерін; - елдегі және шетелдердегі экономикалық жағдайларды; - макро және микро экономика негіздерін, салық, ақша-несиелік, әлеуметтік және инвестициялық саясат туралы. <p>Іскерліктер:</p> <ul style="list-style-type: none"> - өзінің кәсіптік қызметінде бағдары үшін қажетті экономикалық ақпаратты тауып, қолдана білу. 	<p>БҚ 1,7,9</p>
<p>ӘЭП 04</p>	<p>Саясаттану және әлеуметтану негіздері. Саясаттану пәні; саясаттану білімінің құрылымы; саяси ойдың тарихы; билік адамдар арасындағы еркін қарым-қатынас ретінде; үкіметті заңды деп танушылық және қағидалары; саяси жүйе үкімет механизмі ретінде; саяси тәртіп; мемлекет саяси институт ретінде; саяси партиялар және партия жүйелері; саяси</p>	<p>Білімдер:</p> <ul style="list-style-type: none"> - негізгі саяси ұғымдарды : билік, билік ресурстары, биліктің заңдылығы, саяси жүйе, саяси тәртіп, мемлекет, мемлекетті басқару нысандары, мемлекеттің орналасу нысандары, саяси партиялар, партия жүйелері, саяси элита, саяси көшбасшылық, геосаясат; - саяси ғылым пәні мен әдісін. <p>Іскерліктер:</p>	<p>БҚ 6,8</p>

	элита; саяси көшбасшылық; саяси идеологиялар; дүние жүзілік саяси процесс; Қазақстан Республикасының сыртқы саяси стратегиясы; әлеуметтану ғылым ретінде; негізгі әлеуметтік ұғымдар.	- халықаралық саяси процестерді талдау, геосаяси жағдай, Қазақстанның қазіргі өмірдегі орны мен рөлі; - саяси мәдениет дағдыларын меңгеру; - күнделікті өмірде және кәсіптік қызметте саясаттану білімдерді қолдану.	
ӘЭП 05	Құқық негіздері. Құқық, ұғым, жүйе, көздер, Қазақстан Республикасының Конституциясы – құқықтық жүйе ядросы; адам құқығының жалпы қоғамдық декларациясы, тұлға, құқық, құқықтық мемлекет, заңды жауапкершілік және оның түрлері, құқықтың негізгі салалары, Қазақстан Республикасының сот жүйесі, құқық қорғау органдары.	Білімдер: - адам мен азаматтың құқықтарын және бостандық-тарын; оларды іске асыру механизмдерін ; - кәсіптік қызметі саласындағы құқықтық және адамгершілік – этикалық нормаларын. Іскерліктер: - маманның кәсіптік қызметін регламенттейтін нормативтік-құқықтық құжаттарды пайдалану.	БҚ 3,4,8
Біліктілігі: 130202 3 – Электромеханик			
Мамандандыру: "Тамақ өнімдерін, кеңінен тұтынылатын бұйымдар мен тауарларды өндірудің технологиялық процестерін автоматтандыру және басқару"			
ЖКП 00	Жалпы кәсіптік пәндер		
ЖКП 01	Мемлекеттік тілде іс қағаздарын жүргізу. Іс жүргізу бойынша сөздікпен жұмыс істеу; құжаттау және шаблондау мен стандарттауды құжаттармен қамтамасыз ету мәселелері бойынша нормативтік-әдістемелік құжаттар; құжаттарды шаблондаудан түсінік; әкімшілік-ұйымдастыру құжаттарының тізіміне кіретін құжаттарды құру ережелері; офистік және құжаттамалық жұмыс негіздері; техникалық құралдардың көмегімен құжаттау технологиясы.	Білімдер: - құжаттау қызметінің құрылымын, лауазымдық міндеттерді, техникалық құралдардың көмегімен құжаттау технологиясын. Іскерліктер: - әкімшілік-ұйымдастыру құжаттарын, мемлекеттік тілде қызметтік хат алысуды құру және рәсімдеу; - құжаттармен келіп түскен сәтінен, істі рәсімдеуге дейін жұмыс жасау; - анықтамалық әдебиетпен жұмыс жасау.	БҚ 4,5,6,8

ЖКП 02	<p>Сызу. Кіріспе, КҚБЖ, МЕМСТ түсініктемесі; сызбалардың графикалық рәсімделуі; сызба сызықтары; сызба форматтары; графикалық редактордың көмегімен сызбаларға стандартты қаріптермен жазулар түсіру; масштабтар; өлшемдер түсіру; қолмен және графикалық редактордың көмегімен тетіктердің контурларын түсіру тәсілдері; техникалық сызу; сызбалар мен нобайларды орындаудың жалпы ережелері; сұлбалардағы шартты, графикалық белгілеулер; мамандық бойынша сұлбалар.</p>	<p>Білімдер: - МЕМСТ 2.303-68* бойынша сызықтарды, МЕМСТ 2.301-68* бойынша форматтарды; - МЕМСТ 2.304-81 бойынша сызба қаріптерін; - МЕМСТ 2.302-68 бойынша масштабтарды, МЕМСТ 2.307-68* бойынша өлшемдер түсіру ережелерін. Іскерліктер: - стандартты сактай отырып, әртүрлі сызықтарды сызу; - сызбаларда стандартты қаріппен жазба жазу; графикалық редактордың көмегімен сызбаларға стандартты қаріптермен жазулар түсіру; - сызба масштабын анықтау, берілген масштабта қолмен және графикалық редактордың көмегімен тетіктердің сызбаларын орындау; - сызбада қарапайым түрдегі тетіктердің өлшемдерін түсіру; - мамандық бойынша электр сұлбаларды оқу.</p>	БҚ 3,5,7,9 КҚ 3.2.1
ЖКП 03	<p>Техникалық механика негіздері. Статика; статика аксиомалары, күш жүйелері, материалдар кедергісі; деформацияланған күйдің түрлері: созылу (сығылу), ығысу, айналдыру, тура иілу, күрделі деформация; беріктікке есептеу; механизмдер мен машиналардың бөлшектері, механизмдер мен машиналардың кинематикалық сұлбаларын оқу және</p>	<p>Білімдер: - статистиканың негізгі ұғымдарын, жазық күш жүйелерін, күш моменттерін, кинематика және динамика элементтерін; - материалдардың кедергілер негіздерін, машина тетіктерінің негіздерін. Іскерліктер: - механикалық жүйелердің беріктігіне есептеулер жүргізу; - механизмнің қажетті түрін таңдау, механизмдер мен құрылымдардың</p>	

	<p>құру; әртүрлі берілістегі буындардың негізгі өлшемдерін геометриялық есептеу.</p>	<p>жиынтық бірліктерінің құрылымдық ерекшеліктеріне талдау жасау.</p>	<p>БҚ 3,7,8,10 КҚ 3.2.1</p>
ЖКП 04	<p>Электрматериалтану. Металдардың құрылымы мен қасиеттері, темірдің көміртекті қорытпалары; түсті металдар және олардың қорытпалары; магниттік материалдар; магниттіжұмсақ электротехникалық материалдар, өткізгіш материалдар; өткізгіш материалдарының жіктемесі; сымдар, шиналар, кабельдер; жартылай өткізгіш материалдар; қасиеттері, қолданылу саласы; электр өлшеу материалдары; диэлектриктер физикасы; физика-механикалық сипаттамалары; газ тәрізді диэлектриктер; поляризациялық материалдар; электр оқшаулау материалдары және компаундтар; резеңкелер; электр оқшаулағыш слюда, керамика, шыны, қабатты пластмасса.</p>	<p>Білімдер: - электротехникалық материалдардың құрылымын, олардың электрлік, магниттік, жылу, механикалық және физика-химиялық сипаттамаларын; - электротехникалық материалдарды қолдану саласын және алу тәсілдерін. Іскерліктер: - өткізгіш материалдарды жіктеу; - сымдар мен кабельдердің маркаларын ашып оқу; - өндіріс талаптарына сай электротехникалық материалдарды таңдау.</p>	<p>БҚ 1,2,7,9 КҚ 3.2.1</p>
	<p>Электротехниканың теориялық негіздері. Тұрақты токтың электр тізбектері; электр өрісі туралы ұғым; потенциалдар және потенциалдардың түрлілігі, электр тогы, оның физикалық мәні және есептеу әдістері; кедергі, өтімділік; электр қозғаушы күштер; электр тізбегін байланыстырушы электротехника заңдары; электр тізбегінің</p>	<p>Білімдер: - негізгі электрлік және магниттік құбылыстарды, олардың физикалық мәнін және іс-жүзінде қолдану мүмкіндігін; - электротехника негізделген физикалық заңдарды және бұл заңдардан туындайтын салдарларын; ережелерін, есептеу әдістерін; - теориялық электротехникада жиі</p>	

ЖКП 05	<p>байланыстырушы параметрлері; электрмагниттік өріс және оның құрауыштары; магниттік және электрлік тізбектерде өтетін электрмагниттік процестер; магниттік тізбектерді есептеу; электрмагниттік индукция; синусоидалы токтың электр тізбектері; тұрақты және айнымалы токтың электр тізбегін есептеу; тұрақты және айнымалы токтың сызықты емес тізбектері; есептеу ұғымдары мен әдістері; синусоидалы емес токтың электр тізбектері; есептеу ұғымдары мен әдістері; электр тізбектеріндегі өтпелі процестер; тарату параметрлері бар электр тізбектері.</p>	<p>қолданылатын терминдер мен анықтамаларды; - алмастыру сұлбаларында қолданылатын электр тізбектері элементтерінің шартты графикалық белгіленуін; - электрлік және магниттік шамалардың өлшем бірліктері мен әріптік таңбалануын. Іскерліктер: - тұрақты және айнымалы токтың электрлік тізбектеріне есептеу жүргізу; - электр машиналары мен трансформаторларды оқыған кезде электрмагниттік индукция заңын қолдану; - өтпелі процестердің электрлік шамалары мен өту уақытының параметрлерін анықтау.</p>	БҚ 1,2,3,7 КҚ 3.2.1
ЖКП 06	<p>Гидравлика, пневматика және жылу техникасының негіздері. Гидравлика негіздері: сұйықтықтардың физикалық қасиеттері; гидростатика негіздері; гидродинамика негіздері; гидравликалық кедергілер; жылу техникасы және пневматика негіздері; термодинамика негіздері; су буы; жылу берілісі негіздері; энергетикалық қондырғылардағы жылу процестері; пневматика негіздері: газ бен буды сығу туралы ұғымдар; к о л е м д і компрессорлардың жұмыс принципі, үш с а т ы л ы компрессорлардың теориялық индикаторлық</p>	<p>Білімдер: - гидравлика мен жылу техникасы заңдарының физикалық мәнін; - гидравликалық және жылу энергиясын өнеркәсіптік пайдалануды; - компрессорлардың, қазандық және тоңазытқыш қондырғылардың құрылымы мен жұмысын. Іскерліктер: - физикалық қасиеттерді анықтау үшін кестелер мен формулаларды пайдалану; - газ қоспалары күйінің параметрлерін және газ</p>	

	<p>диаграммасы; поршенді компрессордың жұмысын зерттеу.</p>	<p>бен газ қоспаларының жылу сыйымдылығын анықтау.</p>	<p>БҚ 5,7,9 КҚ 3.2.1</p>
<p>ЖКП 07</p>	<p>Автоматтық құрылғылардың электр машиналары. Тұрақты ток машиналары : тұрақты ток машиналарының (ТТМ) қайтымдылығы; жұмыс принципі, конструкциясы ; ТТМ магниттік тізбегі; параллель қоздыру қозғалтқышы; ТТМ қуат шығыны мен ПӘК: арнайы машиналар; трансформаторлардың міндеті; жұмыс принципі; трансформаторларды жалғау сұлбалары мен топтары; трансформаторлардың бос жүріс және тұйықталу режимдері; трансформаторлардың қуат шығындары мен ПӘК ; трансформаторлардың параллель жұмысы; синхронды генераторлардың жұмыс принципі мен конструкциясы; синхронды қозғалтқыштардың жұмыс принципі мен конструкциясы; синхронды қозғалтқыштарды іске қосу; синхронды қозғалтқыштардың векторлық диаграммасы мен бұрыштық сипаттамасы; синхронды қозғалтқыштардың жұмыс сипаттамалары; асинхронды машиналар; асинхронды машиналардың жұмыс принципі мен конструкциясы; асинхронды қозғалтқыштардың жұмыс сипаттамалары;</p>	<p>Білімдер: - электр машиналары мен трансформаторлардың жұмыс принципі негізіне сүйенетін электр магниттік және электр механикалық процестерді ; - электр машиналары мен трансформаторлардың негізгі қасиеттерін, құрылымдық ерекшеліктерін және сипаттамаларын; олардың қолданылу саласын. Іскерліктер: - электр машиналары мен трансформаторлардың типін конструкциялары және паспорттық мәліметтері бойынша анықтау; - қозғалтқыш сұлбаларын жинау және сипаттамаларын алу; - зәкір орамдарының толық сұлбалары параметрлерін есептеу және орындау бойынша есептер шығару; тұрақты токтың магниттік тізбегін есептеу бойынша есептер шығару; коллекторлы машиналардың ЭҚК, электр магниттік моменттерін және жиілігін есептеу; бұл машиналардың сипаттамаларын есептеу; - трансформаторлардың, синхронды, асинхронды машиналардың параметрлері мен сипаттамаларын есептеу</p>	

	асинхронды қозғалтқыштарды іске қосу; АҚ жиілігін реттеу; іске қосу сипаттамалары жақсартылған қозғалтқыштар.	бойынша есептер шығару .	БҚ 5,7,9 КҚ 3.2.1
ЖКП 08	<p>Электржетегінің негіздері</p> <p>Электржетегінің механикасы: электржетегінің механикалық бөлігінің құрылымы және есептік сұлбасы; электржетегінің орнықпаған механикалық қозғалысы; электржетегі координатын реттеу ұғымы; тұрақты ток қозғалтқышы бар электржетегі; тәуелсіз қоздырғышты тұрақты ток қозғалтқышы бар электржетегі; асинхронды және синхронды қозғалтқыштары тізбекті тұрақты ток қозғалтқышы бар электржетегі; электржетек энергетикасы: қуатты есептеу, электрқозғалтқыштарды таңдау және тексеру.</p>	<p>Білімдер:</p> <ul style="list-style-type: none"> - электржетегін басқару сұлбасын; - механизм қозғалтқыштарын таңдау және тексеру шарттарын; - электржетегі жұмысының жылдамдығын реттеу және тұрақтылығын анықтау тәсілдерін. <p>Іскерліктер:</p> <ul style="list-style-type: none"> - электржетегінің электрлік және электр механикалық параметрлерін есептеу. 	БҚ 5,7,9 КҚ 3.2.1
ЖКП 09	<p>Электроника және микроэлектроника негіздері.</p> <p>Электр вакуумдық және ионды аспаптар; жартылай өткізгіш аспаптар: диодтар, транзисторлар, тиристорлар; интегралды микросұлбалар; микроэлектронды құрылғылар жіктемесі; таңбалануы; микроинтегралды орындауда элементтер мен сұлбаларды дайындау технологиясы; күшейткіштер; қорек көздері: түзеткіштер,</p>	<p>Білімдер:</p> <ul style="list-style-type: none"> - электроника элементтерінің құрылысын, жұмыс принципін, вольтамперлік сипаттамаларын және негізгі параметрлерін; - микропроцессорлық техниканың электронды құрылғылары мен элементтерінің құрылу принципін, типтік түйіндерін және сұлбаларын; - өнеркәсіптік электрониканы 	БҚ 1,3,5,7,9 КҚ 3.2.1

	<p>жазу сүзгілері, кернеу көбейткіштері, тұрақтандырғыштар, инверторлар мен жиілік түрлендіргіштер; желілік тербеліс генераторлары; импульстік және сандық құрылғы элементтері; микропроцессорлық техника элементтері: санауыштар, тіркеуіштер, дешифраторлар, компараторлар, информаторлар; импульс қалыптастырғыштар мен түрлендіргіштер.</p>	<p>пайдалану шарттары мен қолданылу саласын.</p> <p>Іскерліктер:</p> <ul style="list-style-type: none"> - үлгілік электронды сұлбаларды оқу; - электронды аспаптар мен құрылғыларды зертханалық зерттеу бойынша эксперименттер жүргізу, техникалық және анықтамалық әдебиетті пайдалану; - негізгі есептік арақатынастар бойынша есептер шығару. 	
<p>АП 00</p>	<p>Арнайы пәндер</p>		
	<p>Метрология негіздері және өлшеу құралдары. Метрология негіздері: негізгі ұғымдар мен анықтамалар; өлшеу құралдары және олардың негізгі сипаттамалары; АМЖ өлшеу түрлендіргіштері: бастапқы өлшеу түрлендіргіштері; электр өлшеу тізбектері; АМЖ сигнал беру түрлендіргіштері; электр өлшеу аспаптары және электрлік өлшеу; кеңейту термометрлері; кедергіні жылу түрлендіргіштер; термоэлектрлік жылу түрлендіргіштер; пирометрлер; қайталама түрлендіргіш аспаптары; қысым мен қысым айырмасын өлшеу аспаптары: сұйықтық аспаптары; серіппелі аспаптар; мембраналы аспаптар; сильфонды аспаптар; деформациялы шкаласыз аспаптар және қашықтан беру түрлері; зат шығыны мен мөлшерін өлшеу аспаптары: шығынды айнымалы қысым айырмасы әдісімен өлшеу</p>	<p>Білімдер:</p> <ul style="list-style-type: none"> - өлшеу құралдарының негізгі метрологиялық сипаттамаларын; - өлшеу құралдарының құрылымын; - өнеркәсіптік аспаптар мен автоматтандыру құралдарының Мемлекеттік жүйе құрылымын; - электр өлшеу аспаптарының және өлшеу тізбектерінің негізгі түрлері мен жұмыс қағидаларын; - электрлік өлшеу әдістемесін; - өлшеу нәтижелерін талдау әдістемесін; - электрлік емес шамаларды өлшеуге арналған аспаптардың негізгі түрлері мен жұмыс қағидасын; - АМЖ ұқсас және сандық аспаптарының негізгі түрлері мен жұмыс қағидаларын; - технологиялық процестердің әртүрлі параметрлерін өлшеуге арналған аспаптардың жинағын; 	

АП 01

; жедел шығын өлшеуіштер мен санауыштар; көлемді шығын өлшеуіштер; тахометриялық шығын өлшеуіштер; гидростатикалық және акустикалық деңгей өлшеуіштер; заттардың физика-химиялық қасиеттерін өлшеу аспаптары: ауа ылғалдылығын және тоздандуын өлшеу аспаптары; тығыздықты өлшеу аспаптары; тұтқырлықты өлшеу аспаптары; сұйық ортаның электр өтімділігін өлшеу аспаптары; химиялық құрамды өлшеу аспаптары; деңгейді өлшеу аспаптары: қалтқымалы және буйкалы деңгей өлшеуіштер; сыйымды, кондуктометриялық және радиоактивті деңгей өлшеуіштер; АМЖ ақпаратын бейнелеу құрылғылары: ұқсас көрсететін және қайталама тіркеу аспаптары; сандық қайталама көрсететін аспаптар; орталықтандырылған бақылау құралдары.

- орталықтандырылған бақылау жүйесінің құрылымын.
Іскерліктер:
- өлшенетін шаманың ең ақиқат мәнін анықтау;
- әртүрлі физикалық шамаларды өлшеу үшін алғашқы өлшеу түрлендіргіштеріне таңдау жүргізу;
- жинақты таңдауды жүзеге асыру: жылу түрлендіргіш – қайталама аспап;
- жылу түрлендіргіштердің статикалық сипаттамаларын алу және талдау;
- температураны өлшеу аспаптарын іске қосу;
- аспаптардың статикалық сипаттамаларын алу және талдау; аспаптарға баптау жүргізу;
- дифманометрлерді іске қосу;
- газ талдауыштың және сұйықтық талдауыштың сипаттамаларын алу және талдау;
- қайталама аспаптарға баптау жүргізу.

БК 1,3,4,5,7,9
КҚ 3.2.1

Сала технологиясының негіздері.

Қазіргі целлюлоза-қағаз комбинатының құрамы; қағаз-картон фабрикасы; целлюлоза зауытының пісіру цехының, жуу, б у л а у , содарегенерациялық

Білімдер:

- қағаз және картон өңдеу технологиясын;
- қазіргі целлюлоза-қағаз комбинаты жабдығының; целлюлоза зауытының, қағаз-картон фабрикасының құрылғысы мен жұмыс қағидасын;
- целлюлоза зауытының пісіру цехының, жуу, б у л а у , содарегенерациялық және ізбес күйдіру

<p>АП 02</p>	<p>және ізбес күйдіру бөлімдерінің технологиялық сұлбасы; қағаз және картон өңдеу технологиясы; тоқыма өнеркәсібі кәсіпорнының құрамы; зат, тоқыма, әрлеу, кордты фабрикалар, жүн, зығыр және жібек комбинаты; тоқыма өндірісі: іріктеу-трепальды, дайындау бөлімдері; тоқыма және бөлу өндірісі; тамақ өнімдерін өндіру кәсіпорны; сала процестері мен аппараттары.</p>	<p>бөлімдерінің технологиялық сұлбасын;</p> <ul style="list-style-type: none"> - тоқыма өнеркәсібі кәсіпорнының құрамын; - кәсіпорындар құрамын және тамақ өнеркәсібінің жабдығын; - сала процестерінің теориялық негіздерін; - машиналар мен аппараттардың жұмыс қағидасын; - процестерді жасау механизмін және тиімді шарттарын. <p>Іскерліктер:</p> <ul style="list-style-type: none"> - белгілі бір технологиялық телімге технологиялық режимдік карталар құру; - технологиялық регламент бойынша процесс параметрлерін анықтау. 	<p>БҚ 1,7 КҚ 3.2.1</p>
	<p>Автоматтық реттеу. Автоматтандырылған жүйелердің элементтері: автоматтандырылған жүйе элементтерінің жалпы сипаттамалары; электр механикалық элементтер; ферромагниттік элементтер; пневматикалық және гидравликалық элементтер; атқарушы механизмдер (электрлік, пневматикалық, гидравликалық); реттеуші органдар; автоматтық реттеу теориясының негіздері: автоматтық реттеудің негізгі ұғымдары мен анықтамалары; автоматтық реттеу жүйелерінің типтік динамикалық буындары; реттеудің</p>	<p>Білімдер:</p> <ul style="list-style-type: none"> - автоматтандырылған жүйе элементтерінің жалпы сипаттамаларын; - автоматтық реттеу теориясының негіздерін; - автоматтық реттеушілердің типтері мен сипаттамаларын; - бакылау мен реттеудің микропроцессорлық құралдарын. <p>Іскерліктер:</p> <ul style="list-style-type: none"> - абсолюттік статикалық, қатыстық және келтірілген қателіктерді анықтау; - қарапайым релелік басқару сұлбаларын оқу; - магниттік күшейткіштердің сипаттамаларын зерттеу кезінде алған білімдерін қолдану; - автоматтық реттеу жүйелерін жобалау кезінде алған білімдерін қолдану; 	

АП 03

<p>АП 07</p>	<p>Құрылғы сенімділігін тексеру және талдау. Ажырату жоспары, коммутациялық сұлба, пневматикалық жоспар немесе гидравликалық сұлба, технологиялық сұлба; MSR техникасы құрылымының элементі; электрлік және электрлі емес шамаларды өлшеу; өлшеу тізбектері; сенсорлық датчиктер; атқарушы механизм; реттеу объектісінің өткізу қызметі; жанасу құрылғысы; басқарушы және күштік тізбектер; пайдалану режимдері; старт-финиш функциялары; күтпеген іске қосылудың алдын</p>	<p>Білімдер:</p> <ul style="list-style-type: none"> - электрлік және электрлі емес шамаларды өлшеу әдістерін; - гидравликалық, технологиялық, коммутационды, электр сұлбаларын; - сенсорлық датчиктерді, атқарушы механизмді; - реттеу объектісінің қызметін; - түйіспелерсіз жұмыс істейтін қорғаныс құрылғыларын. <p>Іскерліктер:</p> <ul style="list-style-type: none"> - автоматтандырылған жабдықтарды тексеруге дайындау; - механикалық, электрлік, пневматикалық және гидравликалық құрауыштардың көмегімен, жоспарлар мен құжаттамаларды пайдалана отырып, жабдықтарды талдау; 	

	<p>алу; екі позициялы ауыстырып қосу; авариялық жағдайдағы әрекеттер; түйіспелерсіз жұмыс істейтін қорғаныс құрылғылары; резервтеу және алуан түрлілік; жазбаша және ауызша қатынасу.</p>	<ul style="list-style-type: none"> - аспаптар мен өндірістік құралдардың қауіпсіз өндірістік қызметін бағалау; - өндірістік және жеке қауіпсіздік аспектілерін ескере отырып жеке құрауыштар мен жабдықтарға функционалды тексеру, өлшеу жүргізу; - өлшеу және тексеру үшін қажетті аспаптарды қолдану. 	<p>БҚ 3,4,5,9 КҚ 3.3.1</p>
<p>АП 08</p>	<p>Жабдықтары басқарудың к е ш е н д і аппаратураларын бағдарламалау және іске асыру. Шағын, модульді және базалық басқару жүйелері, жинақтау бірліктері; өрістерді тудыру деңгейіндегі шина жүйесі; сандық және ұқсас сигналдық өңдеу; құрылымдық бағдарламалау; жобалау әдістемесі; буындар тізбегі; бағдарламалау тілі, сонымен қатар ауыспалы графикалық сипаттама; дербестендіру сатысы, символдық жүйесі; бағдарламалық модельдеу; қателіктерді іздеу, қателіктер талдамасы; техникалық камсыздандыруды қауіпсіз орнату және онлайн көмегімен бағдарламалау.</p>	<p>Білімдер:</p> <ul style="list-style-type: none"> - шағын, модульді және базалық басқару жүйелерін; - сандық және ұқсас сигналдық өңдеуді; - бағдарламалау тілін; - бағдарламалық модельдеуді; қателіктерді іздеуді, қателіктер талдамасын. <p>Іскерліктер:</p> <ul style="list-style-type: none"> - кітапхана қызметтерін басқару бағдарламалары нормаларына сәйкес әзірлеу және құру; - уақыт және кері санау функциясын қолдана отырып, басқаруды жалғастырушылармен бағдарламалау; - сызықтықтық және тарамдалған басқару процестерін әртүрлі тораптық қосылыстар түрімен әзірлеу, тестілеу және құжаттау; - көп осьтік ығысу процестерін немесе көліктік-техникалық процестерді бағдарламалау. 	<p>БҚ 3,4,5,9 КҚ 3.3.1</p>
		<p>Білімдер:</p> <ul style="list-style-type: none"> - ұқсас, сандық және бағдарланатын сенсорлық құрылғыларды; - жетек жүйесін интегралдауды; 	

<p>АП 09</p>	<p>Жетек жүйесін таңдау және интегралдау. Құрылымдық тораптар және құрауыштары; оқшаулау класы; ұқсас, сандық және бағдарланатын сенсорлық құрылғылар; статикалық ток түрлендіргіш; тура емес әрекет клапаны; айналым сандарын реттеу; жағдайды реттеу; стандартты реттегіш; реттегішті баптау, өрістерді тудыру деңгейіндегі шина жүйесі; кинематика; қызмет көрсетуші автомат.</p>	<ul style="list-style-type: none"> - жетекті реттеу әдістерін; - реттегіш түрлерін, реттегіштерді баптауды. <p>Іскерліктер:</p> <ul style="list-style-type: none"> - электр және пневматикалық жетектерді, сонымен қатар процесс талаптарына сай жинақтаушы құрауыштарды таңдау; - экономикалық аспектіні есепке ала отырып, жетектің жарамдылығын бағалау; - электрмагниттік үйлесімділік ұйғарымдарына сәйкес электржетегі жүйесін орнату; - электр және пневматикалық жетек жүйелері үшін параметрлерін белгілеу; - жетек жүйелерін басқару және реттеу жүйелеріне интегралдау, қажетті параметрлерін белгілеу. 	<p>БҚ 3,4,5,9 КҚ 3.3.1 КҚ 3.3.2</p>
	<p>Коммуникативтік жүйелер мен басқару жүйелерін интегралдау. Желі конфигурациясы; мәліметтерді беру ортасы; желілік адресстер және желі тораптарының адресстері; шина техникасы: мономастер жүйесі және мультимикропроцессорлы жүйе; мүмкіндік</p>	<p>Білімдер:</p> <ul style="list-style-type: none"> - желі конфигурациясын; - желілік адресстерді және желі тораптарының адресстерін; - мономастер жүйесін және мультимикропроцессорлы жүйені; - басқару жүйелерін; - жұмысты жоспарлауды және басқаруды. <p>Іскерліктер:</p> <ul style="list-style-type: none"> - басқару жүйесін және коммуникация жүйелерінің жүйелік құрауыштарын ақпараттық-техникалық жүйелермен интегралдауды жоспарлау; - жеке жүйелер мен құрауыштар арасында 	<p>БҚ 3,4,5,9</p>

АП 10

процедурасы және протоколдар; нақты уақыт режиміндегі мүмкіндіктер; басқару жүйелері; мүмкіндік құқығы және мәліметтерді сақтау; өлшеу нәтижелерінің кестелік және графиктік презентациясы; интерфейс "адам – машина"; жұмысты жоспарлау және басқару.

мәліметтерді алмастыру және талдау;
- бағдарламалар әзірлеу және визуалдау бойынша құрал-саймандарды пайдалану;
- басты өткізгіш жүйелер көмегімен орталықсыздандыру басқару жүйелерін қосу;
- коммуникацияның тиісті жүйелері мен жалғатырушы құрауыштарды процесс талаптарына сәйкес таңдау;
- машиналармен және процестермен басқаратын жүйелер үшін өндірістік қауіпсіздікті сақтай отырып, қолданбалы бағдарламалар параметрлерін пішімдеу және белгілеу.

КҚ 3.3.1

КҚ 3.3.2

Кәсіпорынның автоматтандыру жүйесін тарату және пайдалануға тапсыру.

Уақыт менеджменті; ресурстар және мамандар менеджменті; техникалық құжаттама, онлайн көмегі; ықтимал ақаулар талдамасы; диагностика процестері; аппараттық және бағдарламалық қамсыздандыру

Білімдер:

-кәсіпорынның технологиялық процестерін автоматтандыру жүйесін;
- ресурстар және мамандар менеджментін;
- автоматтандыру жүйесінің ықтимал ақаулар талдамасын;
- диагностика процестерін, аппараттық және бағдарламалық қамсыздандыру компоненттерін қайта тексеруді;
- ұқсас, сандық және бағдарламалық бағдарламаланатын сенсорлық датчиктерді;
- автоматтандыру жүйесін пайдалану сенімділігін қамтамасыз етуді.

Іскерліктер:

- пайдалануға берілетін жүйелік компоненттердің

АП 11

компоненттерін қайта тексеру; ұқсас, сандық және бағдарламаланатын сенсорлық датчиктер; жиілікті статикалық түрлендіргіш және тұрақтандырғыш; өндірістік процесті тексеру; орнату қауіпсіздігі; пайдалану сенімділігі; пайдалануға беру протоколдары; пайдаланушыға нұсқаулық; жеткізіп беруші – клиент арасындағы өзара байланыс; кепілдік.

функциясын техникалық құжаттама көмегімен тексеру;
- автоматтық жүйелерді пайдалануға қабылдау процестерін талдау және әрекет ету алгоритмін беру;
- жеке компоненттерді функционалды автоматтық жүйелерге қосу және пайдалануға енгізу;
- басқару және реттеу процестерінде қажетті өзгерістер жүргізу, диагностика жүйесі мүмкіндіктерін пайдалану және функциялар мен қателіктер протоколын интерпретациялау;
- қауіпсіздіктің құрылғыларын тексеру, орнату;
- сапа жөніндегі талаптарға сәйкес жабдыктарды тексеру, пайдалануға беру протоколын, сонымен қатар пайдалану жөніндегі нұсқаулықты әзірлеу және жабдықты пайдалануға беру.

БҚ 3,4,5,9
КҚ 3.3.1
КҚ 3.3.2

Автоматтандырылған жүйелерді орнату және оңтайландыру.

Білімдер:

- автоматтандырылған жүйелерді оңтайландыру әдістерін;
- қосымша бөлшектерді және қосымша бөлшектерді сатып алуды ;
- автоматтандырылған жүйелердің диагностикасын;
- техникалық ақауларды талдауды.

Іскерліктер:

- автоматтық жүйелерге қызмет көрсету іс-шараларын жоспарлау;
- қоршаған ортаның өндірістік қауіпсіздікке

<p>АП 12</p>	<p>Жабдықтардың пайдалануға дайындау; тауарлық-материалдық қорлардың өтелімі; қосымша бөлшектер және қосымша бөлшектерді сатып алу; өз бетімен диагноз қою; техникалық ақауларды талдау ережесі; реттегішті орнату; модельденетін бағдарлама; сертификаттау.</p>	<p>әсерін талдау және бағалау; - қызмет көрсетудің алдын алу іс-шараларын өткізу; - диагностикалық жүйелерді қолдану және қателіктерге жүйелі түрде шектеу қою; - ақауларды жою, қызмет көрсетудің сыртқы және ішкі мүмкіндіктерін ескеру; - сенсорлар мен факторлар орнату, басқару мен реттеу процестерін оңтайландыратын, өздігінен бақылайтын жүйе параметрлерін және басқару бағдарламаларын тексеру және өлшеу; - сапаны бағалайтын аспаптар көмегімен проблемалардың және әлсіз жерлердің талдамасын жасау және статикалық деректер дайындау.</p>	<p>БҚ 3,4,5,9 КҚ 3.3.1 КҚ 3.3.2</p>
<p>АП 13</p>	<p>Жүйелерді автоматтандыруды жоспарлау және іске асыру. Нұсқаулықтар, қолданбалы бағдарламалар, нормативтік құжаттар; жобалар менеджменті; міндетті бөлу журналы; бағдарламалық өндіріс; бағдарламалық тест; экономикалық тиімділік; қаржы салымы және өнімді рәсімдеу, нормалары; ұйғарым және нұсқаулық; қаражатты қайта бөлу;</p>	<p>Білімдер: - жоспарлаудың нормативтік құжаттарын; - жобалар менеджментін; - бағдарламалық өндірісті; - экономикалық тиімділікті; - қаржы салымын және өнімді рәсімдеуді. Іскерліктер: - олардың қолдану саласынан автоматтық жүйелерді құру және өзгерту үшін жобалар жоспарлау; - жобалық мақсаттарды анықтау, ақпарат алу, міндеттерді орындау кезеңдерін құрылымдау және оларды іске асыру затына талдау; - техникалық құжаттама әзірлеу, еңбек пен</p>	<p>БҚ 3,4,5,7</p>

	<p>жоғары сапалы менеджмент; бағдарламалық іске асыру; тәжірибелі пайдалану; пайдалануға енгізу; қателіктер диагностикасы, қателіктер жиынтығы; нормалар, ұйғарымдар және нұсқаулықтар; жобалық құжаттама және презентация; бағалау және мәліметтерді қорытындылау; жобалар және жобалық талдау.</p>	<p>уақытты ұйымдастыру модельдері және онымен байланысты шығындарды есептеп шығару; - жоспарлауда прогресс аралығын талдау және бағалау; - жүйелерді және жабдықтар құрауыштарын автоматтандыруды іске асыру; - пайдалануға беруді іске асыру, функцияларын жартылай және толық тексеру, ақауларға талдау жасау және қателерді жүйелік іздеу, оларды жою әдістері мен стратегиясын қолдану.</p>	<p>КҚ 3.3.1 КҚ 3.3.2</p>
<p>АП 14</p>	<p>Еңбекті қорғау. Еңбекті қорғаудың құқықтық және ұйымдастырушылық мәселелері: Қазақстан Республикасында еңбекті қорғау жөніндегі негізгі заңнамалар; еңбек қауіпсіздігінің стандарттар жүйесі (ЕҚСЖ); еңбекті қорғау бойынша жұмыстарды ұйымдастыру; қауіпті және зиянды өндіріс факторлары; өндірістегі жазатайым жағдайларды зерттеу, есепке алу және талдау; жұмыс орнында еңбекті ұйымдастыру; еңбек гигиенасы және өндірістік санитария: өндірістік жайларға, жұмыс орындарына, технологиялық жабдықтарға қойылатын жалпы санитарлық-гигиеналық талаптар; өндірістік жайларды жарықтандыруға қойылатын талаптар; шудан, вибрациядан, ультрадыбыстардан,</p>	<p>Білімдер: - еңбекті қорғау жөніндегі заңнама негіздерін; - тиімді жұмыс жағдайларын жасау бойынша іс-шараларды, өндірістік жайларға және жұмыс орындарына қойылатын жалпы санитарлық-гигиеналық талаптарды; - электрлік қауіпсіздік негіздерін және электр тогымен жаракаттанудан қорғау шараларын, жазатайым жағдайларда зардап шегушілерге дәрігерге дейінгі көмек көрсету жөніндегі негізгі медициналық мәліметтерді. Іскерліктер: - еңбекті қорғау жөніндегі нормативтік-техникалық құжаттаманы пайдалану; - өндірістің қарамағындағы учаскеде</p>	<p>БҚ 6,7,9 КҚ 3.3.2</p>

	<p>ионданған және электромагниттік сәулеленуден қорғау; қауіпсіздік техникасы: тиіп-түсіру, тасымалдау және қойма жұмыстары кезіндегі қауіпсіздік техникасы; қолмен жұмыс жасайтын құрал-саймандармен және айлабұйымдармен жұмыс жасау кезіндегі қауіпсіздік техникасы; бақылау және автоматтандыру жүйелерін монтаждау кезіндегі қауіпсіздік техникасы; электрлік қауіпсіздік негіздері; өртке қарсы қорғаныс: заттардың жануы және жарылу қауіпі қасиеттері; өртті сөндіру құралдары мен тәсілдері; кәсіпорындарда өрт күзетін ұйымдастыру.</p>	<p>жұмыстарды қауіпсіз жүргізуді ұйымдастыру; - жазатайым жағдайларға зерттеу жүргізу және Н-1 формасы бойынша акт рәсімдеу; - технологиялық процестер мен жабдықтың қауіпсіздік параметрлерінен ауытқуын және бұзылуын анықтау; - адамға кері әсер ететін қауіпті және зиянды өндірістік факторларды бағалау; - ағымдағы және кезеңдік нұсқаулық өткізу, қауіптілігі жоғары жұмыстарға жоғары рұқсат-наряд рәсімдеу; - жазатайым жағдайда зардап шеккендерге алғашқы көмек көрсету.</p>	
ӨО ж КП 00	Өндірістік оқыту және кәсіптік практика		
	<p>Оқу электротехникалық және электр монтаждау практикасы. Electronics Workbench құрауыштары; сұлбаларды модельдеу; электр тізбектерінің элементтері; тұрақты токтың электр тізбектері; айнымалы ток тізбектері; резонансты электр тізбектері; электр монтаждау қосылыстарын дәнекерлеу; коммутациялық бұйымдарда бір және көп талсымды мыс сымдарды дәнекерінен ыдырату; кеңінен қолданылатын радио элементтер типі; радио элементтерін монтаждау тәсілдері; сымдарды, шнурларды және кабельдерді өңдеу, жалғау, тарамдау және</p>	<p>Іскерліктер: - құрал-саймандарды қолдана білу; - сымдарды дәнекерлеу; - сымдарды, шнурларды және кабельдерді өңдеу, жалғау, тарамдау және ұштау; - жартылай өткізгіш аспаптарды монтаждау және пісіру; - жарықтандырғыш желілер жүйесін монтаждау; - іске қосу және қорғау аппараттарын жинау және бөлшектеу.</p>	<p>БҚ 4,6,7,9,10 КҚ 3.3.1</p>

ӨО 01

ұштау; электрлік орнату бұйымдары, тағайындалуы, құрылымы және оларды монтаждау; жарықтандырғыш сымдарды орнату және монтаждау; автоматтық емес іске қосу және қорғау аппаратуралары; автоматтық іске қосу және қорғау аппаратуралары.

Дағдылар:

- ЭЕМ электр тізбегі элементтеріне электрмонтаждау жұмыстарын жүргізу.

КҚ 3.3.2

КҚ 3.3.3

Бағдарламалық қамсыздандыру технологиясы және әзірлеу бойынша оқу практикасы.

Тапсырмалар орындау; бастапқы мәліметтерді жинау; тапсырмалар деректемелерінің анықтамасы; кіріс және шығыс құжаттарының құрылымы мен түрлерінің анықтамасы; белгілері және кодтау бойынша объектілердің жіктемесі; бағдарламалар мен құжаттамаларды әзірлеу сатыларының және кезеңдерінің анықтамалары; тапсырмалар үшін тестілер әзірлеу; "Техникалық тапсырмалар" құжатын рәсімдеу; тапсырмаларды орындау алгоритмінің анықтамасы; деректер базасы файлдары құрылымының анықтамасы; бағдарлама құрылымын әзірлеу; модульдер үшін тестілер әзірлеу; түсіндірме жазба әзірлеу; негізгі бағдарламаны бағдарламалау; модульдерді бағдарламалау; кешенді тестілеу; бағдарламаларға түзету енгізу; жұмыс жобасы құжаттарын әзірлеу.

Іскерліктер:

- "Техникалық тапсырмалар" бөліміне "Кіріспе" әзірлеу;
- "Кіріс және шығыс құжаттарының түрлері" қосымша әзірлеу;
- тестілік тапсырмаларды орындау;
- кіріс және шығыс мәліметтерінің құрылымын нақтылау;
- тапсырмаларды орындау алгоритмін анықтау;
- деректер базасының құрылымын анықтау;
- модульдер үшін тестілер әзірлеу;
- бағдарламалар құрылымын әзірлеу;
- түсіндірме жазбаны әзірлеу;
- жұмыс жобасы сатыларын орындау.

Дағдылар:

- бағдарламалық қамсыздандыруды әзірлеу;
- жұмыс жобасының құжаттарын әзірлеу.

БҚ 4,6,7,9,10

КҚ 3.3.1

КҚ 3.3.2

КҚ 3.3.3

ӨО 02

Оқу өндірістік практика.

Электр механикалық релені және логикалық сұлбаны жөндеу; аппараттар мен тетіктерді монтаждау; қалқанды рәсімдеу; сигнал беру сұлбаларын зерттеу, жинау және сынау; реттеу сұлбасын зерттеу, жинау және сынау; резервті автоматты енгізетін қоректендіру сұлбасын зерттеу, жинау және сынау; сорғыны басқару сұлбасын зерттеу, жинау және сынау; асинхронды қозғалтқышты басқару сұлбасын монтаждау, баптау және сынау; резервті қозғалтқышты енгізу сұлбасын жинау және сынау; ағынды-көлік жүйесін іске қосып басқару сұлбасын жинау және сынау; температураның алғашқы өлшеу түрлендіргіштерін жөндеу; қысым мен разрядталу аспаптарын жөндеу.

Іскерліктер:

- аспаптардың конструктивті ерекшеліктеріне қарай орнату тәсілдерін таңдау;
- аппаратураға, қалқанды рәсімдеу қысқыштары мен тетіктерінің оқшаулауына монтаждауды жүргізу;
- параметрлердің технологиялық сигнал беру сұлбаларының жұмысындағы ақауларды анықтау және жою;
- технологиялық параметрлерді реттеу сұлбаларының жұмыс режимдері;
- резервті қозғалтқышты енгізумен қоректендіру сұлбасын жинауды және сынауды орындау;
- стендте сорғыны басқару сұлбасының аппаратурасына монтаждауды орындау;
- принциптік электр сұлбаларын оқу;
- резервті қозғалтқышты енгізу сұлбасының тізбектеріне таңбалауды орындау;
- істен шығу диагностикасын орындау;
- іске қосылу сұлбасын оқу;
- резервті қозғалтқышты енгізу сұлбасын оқу;
- серіппелі түтікті манометрге жөндеуді орындау; иінтіректі берілістері бар манометрлерді жөндеу.

Дағдылар:

- реттеу және сигнал беру сұлбасын жинау және монтаждау;
- қозғалтқышпен басқару сұлбасын жөндеуді монтаждау және сынау.

БҚ 4,6,7,9,10
КҚ 3.3.1
КҚ 3.3.2
КҚ 3.3.3

Технологиялық практика.

КП 03	<p>Кіріспе әңгіме; практиканың мақсаттары мен міндеттері; кәсіпорынға рәсімделу; қауіпсіздік техникасы мен өрт қауіпсіздігі бойынша нұсқаулық; учаскелерге бөліну; кәсіпорынмен жалпы танысу; кәсіпорынға саяхат; БӨА және А цехының (қызметінің) құрылымы; бақылау және автоматтандыру жүйелеріне техникалық қызмет көрсету жөніндегі өндірістік бригададағы жұмыс; цехтың бақылау және автоматтандыру жүйелерінің, аспаптарды пайдалану және жөндеу қызметтерінің технологиялық процестері мен жұмысын зерттеу; кәсіпорында жинақталған материалдарды қорыту, күнделік жүргізу.</p>	<p>Іскерліктер:</p> <ul style="list-style-type: none"> - функционалдык, принциптік және монтаждық сұлбаларды оқу; - жұмыстарды орындауға наряд толтыру; - жұмыстардың көлеміне ведомость құру. <p>Дағдылар:</p> <ul style="list-style-type: none"> -автоматтандырылған жүйелерге техникалық қызмет көрсету; - ЭЕМ қызмет көрсету; - желілер мен негізгі жабдықтарды жобалау, монтаждау және баптау; - бағдарламалар мен бағдарламалық құралдарды енгізу және қолдап отыру. 	<p>БҚ4,5,6,7,9,10 КҚ 3.3.1 КҚ 3.3.2 КҚ 3.3.3</p>
КП 04	<p>Диплом алдындағы практика.</p> <p>Кіріспе әңгіме; практиканың мақсаттары мен міндеттері; практикаға рәсімделу; қауіпсіздік техникасы мен өрт қауіпсіздігі бойынша нұсқаулық; жұмыс орнымен танысу; ЭЕМ қызмет көрсету бойынша міндеттерін орындау; өндірістік саяхаттар; материалдарды қорыту және есеп беруді рәсімдеу.</p>	<p>Іскерліктер:</p> <ul style="list-style-type: none"> - аспаптарды техникалық қызмет көрсетуге және жөндеуге құжаттамалар рәсімдеу; - жұмыстарды орындауға нарядтар рәсімдеу және жабу; - жұмыс орнында нұсқаулық өткізу. <p>Дағдылар:</p> <ul style="list-style-type: none"> - дипломдық жобаға мәліметтер жинау; - кәсіптік міндеттерді шешуде ақпараттық технологияны қолдану. 	<p>БҚ4,5,6,7,9,10 КҚ 3.3.1 КҚ 3.3.2 КҚ 3.3.3</p>
Біліктілігі: 130204 3 - Өнеркәсіп электрігі			
ЖКП 00	Жалпы кәсіптік пәндер		
	<p>Мемлекеттік тілде іс қағаздарын жүргізу.</p> <p>Іс жүргізу бойынша сөздікпен жұмыс істеу; құжаттау және шаблондау мен</p>	<p>Білімдер:</p> <ul style="list-style-type: none"> - құжаттау қызметінің құрылымын, лауазымдық 	

ЖКП 01	<p>стандарттауды құжаттармен қамтамасыз ету мәселелері бойынша нормативтік-әдістемелік құжаттар; құжаттарды шаблондаудан түсінік; әкімшілік-ұйымдастыру құжаттарының тізіміне кіретін құжаттарды құру ережелері; офистік және құжаттамалық жұмыс негіздері; техникалық құралдардың көмегімен құжаттау технологиясы.</p>	<p>міндеттерді, техникалық құралдардың көмегімен құжаттау технологиясын.</p> <p>Іскерліктер:</p> <ul style="list-style-type: none"> - әкімшілік-ұйымдастыру құжаттарын, мемлекеттік тілде қызметтік хат алысуды құру және рәсімдеу; - құжаттармен келіп түскен сәтінен, істі рәсімдеуге дейін жұмыс жасау; - анықтамалық әдебиетпен жұмыс жасау. 	БҚ 4,5,6,8
ЖКП 02	<p>Сызу. Кіріспе, КҚБЖ, МЕМСТ түсініктемесі; сызбалардың графикалық рәсімделуі; сызба сызықтары; сызба форматтары; графикалық редактордың көмегімен сызбаларға стандартты қаріптермен жазулар түсіру; масштабтар; өлшемдер түсіру; қолмен және графикалық редактордың көмегімен тетіктердің контурларын түсіру тәсілдері; техникалық сызу; сызбалар мен нобайларды орындаудың жалпы ережелері; сұлбалардағы шартты, графикалық белгілеулер; мамандық бойынша сұлбалар.</p>	<p>Білімдер:</p> <ul style="list-style-type: none"> - МЕМСТ 2.303-68* бойынша сызықтарды, МЕМСТ 2.301-68* бойынша форматтарды; - МЕМСТ 2.304-81 бойынша сызба қаріптерін; - МЕМСТ 2.302-68 бойынша масштабтарды, МЕМСТ 2.307-68* бойынша өлшемдер түсіру ережелерін. <p>Іскерліктер:</p> <ul style="list-style-type: none"> - стандартты сақтай отырып, әртүрлі сызықтарды сызу; - сызбаларда стандартты қаріппен жазба жазу; графикалық редактордың көмегімен сызбаларға стандартты қаріптермен жазулар түсіру; - сызба масштабын анықтау, берілген масштабта қолмен және графикалық редактордың көмегімен тетіктердің сызбаларын орындау; - сызбада қарапайым түрдегі тетіктердің өлшемдерін түсіру; - мамандық бойынша электр сұлбаларды оқу. 	БҚ 3,5,7,9 КҚ 3.4.1
		<p>Білімдер:</p>	

ЖКП 03	<p>Техникалық механика негіздері. Статика; статика аксиомалары, күш жүйелері, материалдар кедергісі; деформацияланған күйдің түрлері: созылу (сығылу), ығысу, айналдыру, тура иілу, күрделі деформация; беріктікке есептеу; механизмдер мен машиналардың бөлшектері, механизмдер мен машиналардың кинематикалық сұлбаларын оқу және құру; әртүрлі берілістегі буындардың негізгі өлшемдерін геометриялық есептеу.</p>	<p>- статистиканың негізгі ұғымдарын, жазық күш жүйелерін, күш моменттерін, кинематика және динамика элементтерін; - материалдардың кедергілер негіздерін, машина тетіктерінің негіздерін. Іскерліктер: - механикалық жүйелердің беріктігіне есептеулер жүргізу; - механизмнің қажетті түрін таңдау, механизмдер мен құрылымдардың жиынтық бірліктерінің құрылымдық ерекшеліктеріне талдау жасау.</p>	БҚ 3,7,8,10 КҚ 3.4.1
ЖКП 04	<p>Электротехниканың теориялық негіздері. Тұрақты токтың электр тізбектері; электр өрісі туралы ұғым; потенциалдар және потенциалдардың түрлілігі, электр тогы, оның физикалық мәні және есептеу әдістері; кедергі, өтімділік; электр қозғаушы күштер; электр тізбегін байланыстырушы электротехника заңдары; электр тізбегінің байланыстырушы параметрлері; электромагниттік өріс және оның құрауыштары; магниттік және электрлік тізбектерде өтетін электромагниттік процестер; магниттік тізбектерді есептеу; электромагниттік индукция; синусоидалы токтың электр тізбектері; тұрақты және айнымалы токтың электр тізбегін есептеу; тұрақты және</p>	<p>Білімдер: - негізгі электрлік және магниттік құбылыстарды, олардың физикалық мәнін және іс-жүзінде қолдану мүмкіндігін; - электротехника негізделген физикалық заңдарды және бұл заңдардан туындайтын салдарларын; ережелерін, есептеу әдістерін; - теориялық электротехникада жиі қолданылатын терминдер мен анықтамаларды; - алмастыру сұлбаларында қолданылатын электр тізбектері элементтерінің шартты графикалық белгіленуін; - электрлік және магниттік шамалардың өлшем бірліктері мен әріптік таңбалануын. Іскерліктер: - тұрақты және айнымалы токтың электрлік</p>	

	<p>айнымалы токтың сызықты емес тізбектері; есептеу ұғымдары мен әдістері;</p> <p>синусоидалы емес токтың электр тізбектері; есептеу ұғымдары мен әдістері; электр тізбектеріндегі өтпелі процестер; тарату параметрлері бар электр тізбектері.</p>	<p>тізбектеріне есептеу жүргізу;</p> <p>- электр машиналары мен трансформаторларды оқыған кезде электр магниттік индукция заңын қолдану;</p> <p>- өтпелі процестердің электрлік шамалары мен өту уақытының параметрлерін анықтау.</p>	<p>БҚ 1,2,3,7 КҚ 3.4.1</p>
ЖКП 05	<p>Электротехникалық материалдар.</p> <p>Металдардың құрылымы мен қасиеттері, темірдің көміртекті қорытпалары; түсті металдар және олардың қорытпалары; магниттік материалдар; магнитті жұмсақ электротехникалық материалдар, өткізгіш материалдар; өткізгіш материалдарының жіктемесі; сымдар, шиналар, кабельдер; жартылай өткізгіш материалдар; қасиеттері, қолданылу саласы; электр өлшеу материалдары; диэлектриктер физикасы; физика-механикалық сипаттамалары; газ тәрізді диэлектриктер; поляризациялық материалдар; электр оқшаулау материалдары және компаундтар; резеңкелер; электр оқшаулағыш слюда, керамика, шыны, қабатты пластмасса.</p>	<p>Білімдер:</p> <p>- электротехникалық материалдардың құрылымын, олардың электрлік, магниттік, жылу, механикалық және физика-химиялық сипаттамаларын;</p> <p>- электротехникалық материалдарды қолдану саласын және алу тәсілдерін.</p> <p>Іскерліктер:</p> <p>- өткізгіш материалдарды жіктеу;</p> <p>- сымдар мен кабельдердің маркаларын ашып оқу;</p> <p>- өндіріс талаптарына сай электротехникалық материалдарды таңдау.</p>	<p>БҚ 1,2,7,9 КҚ 3.4.1</p>
	<p>Электрлік өлшемдер.</p> <p>Метрология негіздері; электрлік шамаларды өлшеу құралдары; ұқсас электрлік өлшеу аспаптары, өлшеу тізбектері; өлшеу аспаптары туралы және</p>	<p>Білімдер:</p> <p>- метрологияның негізгі қағидаларын; типтерін, құрылғыларын, қызмет принциптерін, сипаттамаларын және электрлік өлшеу аспаптарын қолдану саласын; өлшеу</p>	

ЖКП 06	<p>өлшеу шектерін кеңейту тәсілдері туралы ұғым; электрлік және магниттік көлемдерді өлшеу; электр тізбектері параметрлерін өлшеу, электр энергиясы қуатын өлшеу; салыстыру аспаптары: компенсаторлар, потенциометрлер, электронды және сандық аспаптар; электр қозғаушы күштері, кернеуді үлгілік әдіспен өлшеу әдістері туралы түсінік; электрлік емес шамаларды өлшеу; тіркеу құралдары; электрлік емес шамаларды түрлендіргіштермен өлшеу; тіркеу әдістері, өздігінен жазатын құралдар, температураны өлшеу тәсілдері туралы түсінік.</p>	<p>қателіктерін анықтау әдістемесін; электрлік, магниттік және электрлік емес шамаларды өлшеу тәсілдерін; өлшеу шектерін кеңейту тәсілдерін.</p> <p>Іскерліктер:</p> <ul style="list-style-type: none"> - зертханалық жұмыстарды орындау кезінде өлшеу бірліктерін және формулаларды қолдану; - шунт кедергісін және үстеме кедергілерді анықтау; - ө л ш е у трансформаторларын таңдау; -электр тізбектерінің параметрлерінанықтау; - дәлдік аспаптарын қолдану және іске қосу сұлбасын орындау; - тіркеу құралдарын таңдау. 	<p>БҚ 5,7,8 КҚ 3.4.1</p>
ЖКП 07	<p>Өнеркәсіптік электроника негіздері. Электр вакуумдық және ионды аспаптар; жартылай өткізгіш аспаптар: диодтар, транзисторлар, тиристорлар; интегралды микросұлбалар; күшейткіштер; қорек көздері: түзеткіштер, жазу сүзгілері, кернеу көбейткіштері, тұрақтандырғыштар, инверторлар мен жиілік түрлендіргіштер; желілік тербеліс генераторлары; импульстік және сандық құрылғы элементтері; микропроцессорлық техника элементтері.</p>	<p>Білімдер:</p> <ul style="list-style-type: none"> - терминологияны, шаманың өлшемділігін және олардың негізгі қатынастарын; - электронды, ионды, жартылай өткізгіш аспаптар құрылғыларын және сипаттамаларын; - өнеркәсіптік электроника аспаптары мен құрылғыларын пайдалану шарттарын және қолданылу саласын. <p>Іскерліктер:</p> <ul style="list-style-type: none"> - үлгілік электронды сұлбаларды оқу; - электронды аспаптар мен құрылғыларды зертханалық зерттеу бойынша эксперименттер жүргізу, техникалық және анықтамалық әдебиетті пайдалану; 	<p>БҚ 5,7,8 КҚ 3.4.1</p>

		<p>- негізгі есептік арақатынастар бойынша есептер шығару.</p>	
<p>ЖКП 08</p>	<p>Электр машиналары және трансформаторлар. Тұрақты ток машиналарының конструкциялары және жұмыс принциптері; тұрақты ток машиналарының магниттік тізбегі; коммутация; тұрақты ток генераторлары; коздыру тәсілдері; генераторлар сипаттамалары; тұрақты ток қозғалтқыштары; жұмыс принципі, қозғалтқышты іске қосу; жұмыс сипаттамалары; айналу жиілігін реттеу; трансформаторлардың конструкциясы және жұмыс принципі; жұмыс р е ж и м і ; трансформаторлар топтары және қосу сұлбалары; автотрансформаторлар, үш орамды және арнайы трансформаторлар; синхронды генераторлардың конструкциясы және жұмыс принципі; коздыру тәсілдері; активті және реактивті қуатты реттеу; синхронды генераторлардың желідегі параллель жұмысы; синхрондау әдістері; арнайы тағайындаудағы синхронды қозғалтқыштардың жұмыс принципі және конструкциясы; асинхронды қозғалтқыштардың жұмыс принципі және құрылымы; физикалық</p>	<p>Білімдер: - электр машиналары мен трансформаторлардың жұмыс принципі негізіне сүйенетін электрмагниттік және электр механикалық процестерді; - электр машиналары мен трансформаторлардың негізгі қасиеттерін, құрылымдық ерекшеліктерін және сипаттамаларын; олардың қолданылу саласын. Іскерліктер: - электр машиналары мен трансформаторлардың типін конструкциялары және паспорттық мәліметтері бойынша анықтау; - қозғалтқыш сұлбаларын жинау және сипаттамаларын алу; - зәкір орамдарының толық сұлбалары параметрлерін есептеу және орындау бойынша есептер шығару; тұрақты токтың магниттік тізбегін есептеу бойынша есептер шығару; коллекторлы машиналардың ЭҚК, электрмагниттік моменттерін және жиілігін есептеу; бұл машиналар сипаттамаларын есептеу; - трансформаторлар параметрлері және сипаттамаларын есептеу арқылы параллель қосылған трансформаторлар арасындағы жүктемелерді тарату бойынша есептер шығару ; үш фазалы асинхронды</p>	

	<p>процестер, іске қосу, асинхронды қозғалтқыштардың жұмыс сипаттамалары.</p>	<p>қозғалтқыштардың жұмыс сипаттамасын есептеу және құрау; синхронды машиналар шығынын есептеу және ПӘК.</p>	<p>БҚ 5,7,8 КҚ 3.4.1</p>
ЖКП 09	<p>Компьютерлік технология негіздері. Windows АЖ; Microsoft Word мәтіндік редактор; Excel электронды кесте; деректер базасы; компьютерлік желілер; Auto Cad графикалық редактор; ЭЕМ және курстық жобалауда қолдану; автоматтандырылған жұмыс орындары.</p>	<p>Білімдер: - жоғары деңгей тілінде алгоритмдеу және бағдарламалау негіздерін; - пайдаланушыға компьютерді жөнге келтіруді; желіде жұмыс жасауды; - офистік бағдарламалармен жұмыс жасауды. Іскерліктер: - АЖ баптау; - мәтінді пішімдеу және түзету енгізу; кестелер құру және түзету енгізу; - ақпаратты алу және жөнелту үшін жергілікті желі мен жаһандық желіні пайдалану; - сызбалар құру және түзету енгізу.</p>	<p>БҚ 5,7,8 КҚ 3.4.1</p>
	<p>Стандарттау, метрология</p>	<p>Білімдер: - өлшеудің негізгі түрлерін және әдістерін; - аспаптар қателіктерінің түрлерін; - автоматтық бақылау жүйесінің негізгі элементтерін; - СИ жүйесінде қысымды өлшеу бірліктерін; - қысымды өлшеуге арналған аспаптардың жіктемесін; - сұйықтық манометрлерінің алуан түрлерін, олардың басымдылықтарын, қолдану саласын; - нығыз сезімтал элементтердің түрлерін және олардың статикалық сипаттамаларын;</p>	

және сертификаттау негіздері.

Метрология негіздері және өлшеу құралдары: метрология негіздері; өлшеу жүйелері және құралдары; қысымды өлшеу; қысымды өлшеу бірліктері; аспаптардың жіктемесі; сұйықтық манометрлері; деформациялық манометрлер; қысым мен зарядтауды өлшеу түрлендіргіштері; жүкпоршенді манометрлер; температураны өлшеу: температура шкаласы; аспаптар жіктемесі; кеңейту термометрлері: манометрлік термометрлер; кедергінің электрлік термометрлері; жылулық сәулелену бойынша температураны өлшеу; сұйықтықтар мен сусымалы материалдардың деңгейін өлшеу: сұйықтық деңгейін өлшеу; сусымалы материалдардың деңгейін өлшеу; заттар шығынын және мөлшерін өлшеу: өлшем бірліктері және өлшеу әдістерінің жіктемесі; деңгей өлшегіш шығынын өлшеу; қысымның айнымалы айырмасын өлшеу; қысымның тұрақты айырмасы шығынын өлшеу; (электрмагниттік индукциялық) шығын өлшегіштер; сұйықтық пен газ мөлшерін өлшеу; қатты заттардың мөлшерін өлшеу; заттардың физикалық қасиеттерін өлшеу: сұйықтық пен газ тығыздығын өлшеу;

- өлшеу түрлендіргіштерінің, жүкпоршенді манометрлердің, кеңейту термометрлерінің, манометрлік термометрлердің міндеттері мен жұмыс қағидаларын;
 - жылу булармен бірлесе жұмыс істейтін аспаптардың жұмыс қағидаларын;
 - кедергінің электрлік термометрлерінің жұмыс қағидаларын және құрылғыларын;
 - пирометрлердің жұмыс қағидаларын және құрылғыларын;
 - барлық деңгейдегі деңгей өлшегіштердің жұмыс қағидаларын және құрылғыларын;
 - өлшеу тәсілдері бойынша шығын өлшегіштердің жіктемесін;
 - сұйықтықтар мен газдар мөлшерін өлшейтін есептеуіштердің, таразылар мен дозаторлардың, тығыздық өлшегіштердің, тұтқырлық өлшеуіштердің, психометрлердің, гигрометрлердің, кондуктометрлік ылғал өлшегіштердің жұмыс қағидаларын;
 - өнеркәсіптік хромотографтардың типтерін;
 - өнеркәсіптік рН-метрдің, автоматтық фотокалориметрлердің жұмыс қағидасын.

Іскерліктер:

- технологиялық параметрлерді өлшеу

БҚ 1,3,4
КҚ 3.4.1

	<p>сұйықтықтың тұтқырлығын өлшеу; заттардың ылғалдылығын өлшеу; заттар сапасы құрамын және көрсеткіштерін айқындауға арналған әдістер мен аспаптар: газдар құрамын газталдағыштармен анықтау; көпқұрамды газ қоспаларының талдамасы ; сұйықтық талдамасының потенциометриялық әдістері (рН-метрия); сұйықтық талдамасының кондуктометриялық әдістері; сұйықтық талдамасының оптикалық әдістері.</p>	<p>үшін автоматтық бақылау жүйесінің тиімді құрылымын таңдап алу;</p> <ul style="list-style-type: none"> - өлшеудің жалпы теориясы саласында білімді қолдану және міндеттерді шешу; - физикалық шаманы бірліктің бір жүйесінен екінші жүйесіне ауыстыруды жүзеге асыру, - өлшеу нәтижелерін бағалау, - электрлік және электрлік емес әртүрлі шамаларды өлшеу кезінде параметрлерді есептеу, аспаптарды іске қосу сұлбаларын құру және жинау; - дәлдік бойынша технологиялық процестерді өлшеудің стандартты құралдарын таңдау; - өзінің кәсіптік қызметінде нормативтік құжаттамаларды пайдалану; - тексеру сұлбаларын жинау; - аспаптың қателігін, вибрациясын, жылдам әрекет етуін, сезімталдығын анықтау; - тіркеу аспаптарының жазу сапасын бағалау; - кедергі, индуктивтілік, сыйымдылық параметрлерін өлшеу. 	
<p>АП 00</p>	<p>Арнайы пәндер</p>		
	<p>Өнеркәсіптік кәсіпорындардың электржабдықтары. Электрмен жабдықтау – жарық техникасының негіздері, жарық көздері; жарықтандыру аспаптары , олардың типтері, сипаттамалары; жарықтехникалық е с е п т е у ;</p>	<p>Білімдер: - электржабдықтарының негізгі жабдықтарын;</p>	

<p>АП 01</p>	<p>жарықтандырудың электр желісін есептеу; электртермикалық қондырғылар: электртермикалық қондырғылардың жіктемесі; кедергі пештері; қыздырғыш элементтерді есептеу; температураны автоматты реттеу; доғал пештердің электржабдықтары, доғал қуатын автоматты реттеу; конструкциялық пештердің электржабдықтары және қондырғылары; айнымалы және тұрақты токтың пісіру қондырғыларының электржабдықтары; көтеру-көліктік қондырғылардың, крандардың, жүк және жолаушылар лифтілерінің, тоқтаусыз істейтін көлік механизмдерінің, компрессорлардың, сорғылардың, металл кесетін сорғылардың электржабдықтары; жарылу және өрт қауіпті жайлардағы электржабдықтар; азаматтық ғимараттардың электржабдықтары; тарату құрылғыларының және кернеуі 35 кВ. дейінгі трансформаторлы қосалқы станциялардың электржабдықтары.</p>	<p>- жабдықтар құрылымын. Іскерліктер: - электрмен жабдықтауға арналған аппаратураларды таңдау, сымдар қимасын, сымдарды төсеу тәсілдерін таңдау; - электржабдығы типін, температураны реттеу тәсілін таңдау; - дәнекерлеу аппаратының және электржабдығының типін таңдау; - крандар мен лифтілердің барлық механизмдеріне электр қозғалтқыштарды есептеу, таңдау және тексеру; - электржетегін, басқару, қорғау, коммутация аппараттарын есептеу және таңдау; - ЭОҚ бойынша В немесе П категориясына сәйкес электр машиналарды және электржабдықтарды таңдау; - күрделі емес сұлбаларды құру; түйіспесіз электржетегін қолдану; - әрбір механизм үшін электрқозғалтқышының типі мен қуатын таңдау.</p>	<p>БҚ 5,7,8 КҚ 3.4.1</p>
	<p>Өнеркәсіптік кәсіпорындардың электржабдықтарын пайдалану және жөндеу. Электржабдықтарын пайдалану: кәсіпорынның жөнделген электржабдықтарын пайдалануды және қабылдауды</p>	<p>Білімдер: - жеке элементтерді түйіндік сыннан өткізу, қабылдау туралы; сынамалық іске қосу және кешенді тексеру</p>	

АП 02

ұйымдастыру;
кәсіпорынның ішкі электр желілерін және жарықтандырылуын, кернеуі 35кВ. дейінгі әуе желілерін, кабельдік желілерді, трансформаторлы қосалқы станцияларды, таратушы құрылғыларды, электржетектерін, электрпештерін, электрдәнекерлеу кондырғыларын, крандар мен көтеру механизмдерінің электржабдықтарын пайдалану;
электржабдықтарын жедел басқару;
кәсіпорынның ішкі электр желілерін және жарықтандырылуын, кернеуі 35кВ. дейінгі әуе желілерін, кернеуі 10 кВ. кабельдік желілерді, трансформаторлар мен қосалқы станциялардың электржабдықтарын, тұрақты және айнымалы токтың электр машиналарын, іске қосуды реттейтін аппаратураларды жөндеу;
кәсіпорынның ішкі электр желілерін, кернеуі 10кВ. дейінгі әуе желілерін, кернеуі 10кВ. кабельдік желілерді, трансформаторлы қосалқы станциялардың электржабдықтарын, электрқозғалтқыштарды, басқару аппаратураларын, крандар мен көтеру механизмдерінің электржабдықтарын монтаждау.

туралы негізгі мәліметтерді;
- кабельдік желілерге техникалық құжаттарды;
- жедел ауыстырып қосқыштардың жұмыс тәртібін;
- кәсіпорын электржабдықтарын монтаждауға қойылатын талаптарды;
- жөндеу және монтаждау жұмыстарының технологиясын;
- электржабдықтарын пайдалану ережесін;
- жеке жұмыс түрлерін жүргізу кезіндегі қауіпсіздік шараларын;
- жөндеу түрлерін; жөндеу циклдерін; жөндеу жүйелері мен жоспарларын; жөндеу құжаттамаларын; жөндеуді ұйымдастыру жүйесін; электрлік жөндеу цехының құрылымын.

Іскерліктер:

- жоғары кернеуде оқшаулағышқа сынау жүргізу;
- машинаның ток жүктемесін және кернеуін өлшеу; діріл мен саңылауға өлшеу жүргізу;
- тренажерда жедел ауыстырып қосуды орындау;
- электржабдықтарын жөндеуге желілік графиктер құру.

БҚ 5,7,8
КҚ 3.4.1

Электржетегінің негіздері
·
Электржетегінің механикасы:

Білімдер:

- электржетегін басқару сұлбасын;
- механизм қозғалтқыштарын таңдау және тексеру шарттарын;

<p>АП 03</p>	<p>электржетегінің механикалық бөлігінің құрылымы және есептік сұлбасы; электржетегінің орнықпаған механикалық қозғалысы; электржетегі координатын реттеу ұғымы; тұрақты ток қозғалтқышы бар электржетегі; тәуелсіз қоздырғышты тұрақты ток қозғалтқышы бар электржетегі; асинхронды және синхронды қозғалтқышты тізбекті тұрақты ток қозғалтқышы бар электржетегі; электржетек энергетикасы: қуатты есептеу, электрқозғалтқыштарды таңдау және тексеру.</p>	<p>- электржетегі жұмысының жылдамдығын реттеу және тұрақтылығын анықтау тәсілдерін.</p> <p>Іскерліктер:</p> <ul style="list-style-type: none"> - электржетектерінің электрлік және электрмеханикалық параметрлеріне есептеу жүргізу; - ЭЖ кинематикалық сұлба құрау; - инерция сәттерін анықтау; - электржетегін қосудың қарапайым сұлбасын монтаждау; - қозғалтқышты электржетегіне қосудың қарапайым сұлбасын монтаждау; - желіге электрқозғалтқыштарын қосу. 	<p>БҚ 5,7,9 КҚ 3.4.1</p>
<p>АП 04</p>	<p>Электржетегін автоматтық басқару. Электржетектерінің алшаққұрылымдары: электржетектерімен алшақбасқару жүйесінің элементтері және құрылысы; тұрақты және айнымалы токтың электржетектерімен алшақбасқару жүйесі; электржетектерінің тұйықталған құрылымы: электржетектерімен басқару жүйесінің элементтері және құрылысы; тұрақты және айнымалы токтың электржетектерімен тұйықталған басқару жүйесі; бағдарламалық басқарылатын электржетектері: электржетектерімен бағдарламалық басқару жүйесінің жіктемесі;</p>	<p>Білімдер:</p> <ul style="list-style-type: none"> - электржетектерін басқару сұлбасын; - автоматтандырылған электржетегінің құрылымдық сұлбасын; - кері байланыстың негізгі түрлерін; - ұқсас және дискреттік басқару сұлбасының элементтерін; - басқару сұлбасының үлгілік тораптарын; жартылай өткізгішті күштік түрлендіргіштері бар электржетегінің тұйық сұлбаларын; байқау электржетегінің құрылу принципін. <p>Іскерліктер:</p> <ul style="list-style-type: none"> - негізгі параметрлері бойынша аппараттарды таңдау; - тұрақты және айнымалы токты іске қосу қозғалтқыштарының күрделі емес принциптік сұлбаларын құру; 	

	<p>электржетектерімен сандық бағдарламалау басқару жүйесінің жіктемесі; электржетектері сенімділігінің негізгі ұғымдары және анықтамасы: сенімділіктің негізгі ұғымдары мен анықтамалары; есептеу және сенімділікті арттыру әдістері.</p>	<p>- монтаждық сұлбалар құру; - күрделі емес ЭЖ АБЖ сенімділігін есептеу; - әрбір элементтің тоқтаусыз жұмыс коэффициентін анықтау; - күрделі емес сұлбалардың монтажын орындау; - ақауларды жою; - электржетегі сенімділігін арттырудың практикалық әдістерін қолдану.</p> <p>БҚ 5,7,8 КҚ 3.4.1</p>
	<p>Өнеркәсіптік кәсіпорындарды электрмен жабдықтау. Электр станцияларының міндеттері мен типтері, олардың жұмыс режимдері; электрэнергиясын тұтынушыларға берудің құрылымдық сұлбалары; кернеуі 1000 В. жоғары электр станциялары мен қосалқы станциялардың негізгі жабдықтары; кернеуі 1000 В. жоғары электр станциялары мен қосалқы станциялардан электр энергиясын тарату ; 1000 В. дейінгі кернеудегі күштік және жарықтандырғыш электржабдықтары туралы жалпы мәліметтер; электрмен жабдықтау және жұмыс режимінің қажетті үздіксіздік деңгейі бойынша электр энергиясы қабылдағыштарының жіктемесі; 1000 В. дейінгі кернеудегі негізгі қорғаныс және коммутациялық жабдықтар; электр желілерін орындау және конструкциялық құрылғысы; электр</p>	<p>Білімдер: - энергетикалық жүйелер туралы негізгі мәліметтерді; - электр энергиясын тұтынушылардың электр жүктемесін анықтау әдістерін; - кернеуі 1000В. дейінгі және одан да жоғары қорғаныс коммутациялық аппаратураларды орнатуды; - электр станциялары мен қосалқы станциялардың электр жабдықтарын және электр беріліс желілердің құрылымдық ерекшеліктерін;</p>

АП 05

жүктемесінің графиктері; негізгі физикалық шамаларды анықтау және белгіленуі; кернеуі 1000В дейінгі электрқондырғылардағы электр жүктемені есептеу; жарықтандыру желілерінің электр жүктемесін есептеу; реактивті қуаттың кернеуін реттеу және өтемі; рұқсат етілген қыздыру бойынша электр тогымен және токтың экономикалық тығыздығымен сымдар мен кабельдердің қимасын таңдау; кернеуі 1000В дейінгі қондырғыларда электр желісін қорғау; кернеу шығыны бойынша электр желісін таңдау және есептеу; кәсіпорынның зауытшілік электрмен жабдықталуы, қысқа тұйықталу, қысқа тұйықталу шамаларын есептеу; қосалқы станциялардағы жоғары вольтты ток өткізгіш бөлшектер мен аппараттарды қысқа тұйықталу токтарының әрекетін есепке ала отыра таңдау; жүктемелер картограммасы, қосалқы станцияларды сапасына қарай және орналасқан жерлеріне тәуелді таңдау; жоғары кернеулі электр жүктемелерін есептеу; қосалқы станциялардағы трансформаторлардың санын және қуатын таңдау; цехтық және трансформаторлық қосалқы станциялар; негізгі төмендеткіш және таратушы қосалқы станциялар; электр қондырғыларын жерге орналастыру және нөлдеу

- релелік қорғаныстың және энергожүйедегі автоматиканың теориялық негіздерін;
- ішкі атмосфералық асқын кернеуді және асқын кернеуден қорғауды.

Іскерліктер:

- техникалық шарттарына байланысты қажетті жабдықтарды таңдау;
- техникалық шарттарына байланысты жетекті таңдау;
- жарықтандыру қондырғыларының электр сұлбаларын құру;
- қажетті өтемі қуатты есептеу және каталог бойынша оны таңдау;
- орта жағдайына, температураға және қасында жатқан сымдар мен кабельдердің санына байланысты коэффициентті анықтау;
- өткізгіш өнімдердің қимасын таңдау арқылы рұқсат етілген ток және токтың экономикалық тығыздығы бойынша есептеу жүргізу;
- электр желідегі кернеу шығынын анықтау;
- цехтық трансформаторлық қосалқы станцияларға электрмен жабдықтау сұлбасына тәуелді құрылымдау жүргізу;
- негізгі төмендеткіш қосалқы станцияларға құрылымдау жүргізу;
- жерге орнату құрылғыларына есептеу жүргізу және оларды орындау;
- әртүрлі электржабдықтарының окшаулағышын сынау;
- асқын кернеуден қорғау сұлбасын құру, жайдың

БҚ 5,7,8
КҚ 3.4.1

	<p>; релелік қорғаныс және электрмен жабдықтау жүйесін автоматтандыру: негізгі анықтамалары және релелік қорғаныс түрлері, электрмен жабдықтау жүйесінің жеке элементтерін қорғау, басқару сұлбасы, электрмен жабдықтау жүйесін есепке алу және сигнал орнату; энергиямен жабдықтау жүйелеріндегі жоғары кернеу техникасының элементтері: жоғары в о л ь т т ы электржабдықтарының және электр желілерінің оқшаулануын зерттеу; ішкі атмосфералық асқын кернеу және асқын кернеуден қорғау.</p>	<p>тікелей соққысынан қорғануға есептеу жүргізу.</p>	
<p>АП 06</p>	<p>Электржабдықтарын баптау. Иске қосу және баптау жұмыстарына дайындау және ұйымдастыру; электрқондырғыларды баптау кезіндегі өлшеу техникасы; электрқондырғыларын сынау көлемі; кернеуі 1000В. дейінгі аппараттарды баптау: контакторлар, магниттік іске қосқыштар, электрмагниттік және жылу релесі, автоматты ажыратқыштар, түйіспесіз автоматты ажыратқыштар мен магнитті күшейткіштер; қосалқы станциялардың электржабдықтарын баптау: күштік трансформаторларды, күштік кабельдік желілерді, ток пен кернеуді өлшеу трансформаторларын, майлы ажыратқыштарды, әуе ажыратқыштарын, кернеуі 1000В. жоғары</p>	<p>Білімдер: - қолданыстағы электржабдықтардың іске қосу және баптау жұмыстарын ұйымдастыруды және құрамын; - жұмыс барысындағы қауіпсіздік техникасын; электрқондырғыларды баптау кезіндегі өлшеу техникасын; - электрқондырғыларын сынау көлемін. Іскерліктер: - сынау және баптау үшін жұмыс орнын ұйымдастыру; - оқушаулау кедергісіне өлшеу жүргізу; диэлектрлік шығын бұрышының тангенсіне</p>	

	<p>таратушы кондырғылар жиынтығын сынау және баптау; релелік қорғаныс сұлбасын тексеру және ретке келтіру; электржетегін баптау; электр машиналарын тексеру және сынау, асинхронды және синхронды қозғалтқыштары бар реттелетін электржетектерін баптау; тұрақты ток қозғалтқышы бар жетектерді баптау; айнымалы токтың жиі реттелетін тиристорлы электржетектерін баптау; сандық басқару жүйесін және бағдарламаланатын басқару құрылғыларын баптау.</p>	<p>есептеу жүргізу; жоғары кернеуде оқшаулауды сынау; ажыратқыштардың уақытша және жылдамдық сипаттамаларына алу жүргізу; - жоғары кернеуде күштік кабельге сынау жүргізу; күштік кабельдің бүлінген жерін анықтау; сынау хаттамасын рәсімдеу.</p>	<p>БҚ 5,7,8 КҚ 3.4.1</p>
<p>АП 07</p>	<p>Сала экономикасы. Нарықтық қатынас жүйесіндегі сала кәсіпорыны; менеджмент; басқарудың негізгі қағидалары және әдістері; маркетинг; сала кәсіпорнының өндірістік қорлары; сала кәсіпорындарының күрделі қаржы жұмсалымы күрделі құрылыстары; негізгі және қосымша өндірісті ұйымдастыру; еңбекті ғылыми түрде ұйымдастыру; сала кәсіпорындарындағы техникалық нормалау негіздері; еңбек өнімділігі; кәсіпорын саласындағы еңбекақы төлемін ұйымдастыру; нарықтық экономика жағдайындағы Қазақстан Республикасының салық жүйесі; кәсіпорынның қаржы қызметін банктік реттеу; сала кәсіпорындарындағы жоспарлауды</p>	<p>Білімдер: - өнеркәсіп және энергетика кәсіпорындарын және олардың құрылымдарын басқаруды; - кәсіпорын құрамын, мүлік қозғалысын және есепке алуды; - ұйымдастыру және еңбекақы саласында кәсіпорынды басқаруға экономикалық механизмінің ықпалын; - өнеркәсіп және энергетика кәсіпорындарындағы есепке алуды және есеп беруді; - өнеркәсіп және энергетика кәсіпорындарының өндірістік-шаруашылық қызметін талдау негізін. Іскерліктер: - техника-экономикалық негіздеме және жұмыс жобаларының сметалық құжаттарын құру үшін</p>	

	<p>ұйымдастыру; сала кәсіпорнының өндірістік-шаруашылық қызметін есепке алу және талдау негіздері.</p>	<p>экономикалық есептеулер жүргізу.</p>	<p>БҚ 5,7,8,10 КҚ 3.4.1</p>
<p>АП 08</p>	<p>Еңбекті қорғау. Еңбекті қорғаудың құқықтық және ұйымдастырушылық мәселелері; еңбек заңнамасының негіздері; өндірісте және жұмыс орнында еңбекті қорғау бойынша жұмыстар ұйымдастыру; электр қауіпсіздігі; электрлік және электрмагниттік өрістердің, электр тогының адамға әсері; электр тогымен зақымданудан, электрлік және электрмагниттік өрістердің ықпалынан қорғау шаралары; кадамдық кернеу; түйісу кернеуі; қорғаныс құралдары; түсіру-тиеу жұмыстары кезіндегі қауіпсіздік шаралары; өндірістік санитария; жалпы талаптар; сумен жабдықтау, кәріз, жұмыс аймағының ауасы; жарықтандыру; діріл; шуыл; жазатайым жағдайда дәрігерге дейінгі көмек көрсету; өрт қауіпсіздігі негіздері; энергетикадағы жанғыш заттар; жарылуы қауіпті заттар; өрт-жарылыс қауіпсіздігі; өрт дабылдары; өрт сөндіру құралдары; электрқондырғыларда және электрмен жабдықтау жүйесінде жұмыс жасаған кезде қауіпсіздік техникасына қойылатын негізгі талаптар.</p>	<p>Білімдер: - еңбекті қорғаудың негізгі міндеттерін және құқықтық негіздерін; - электрқондырғыларына қызмет көрсету кезіндегі қауіпсіздік техника ережесін; - өрт техникасы және өндірістік санитария ережелерін; - нұсқаулық түрлерін.</p> <p>Іскерліктер: - электрқондырғыларында 1000В. дейін негізгі және қосымша құралдарды қолдану; - желіде электр тогының адамға әсер ету деңгейін анықтау; - зардап шегушінің жағдайын анықтау және алғашқы көмек көрсету; - кернеу жоқтығын тексеру және тасымалданатын жерге орнату төсеу.</p>	<p>БҚ 5,7,8,9 П Қ 3.4.1 КҚ 3.4.2</p>
	<p>Есептеу техникасының негіздері.</p>	<p>Білімдер:</p>	

АП 09

ЭЕМ арифметикалық және логикалық негіздері : есептеу жүйелері; екілік арифметика; ЭЕМ логикалық негіздері; логикалық функциялар; ЭЕМ ақпаратты бейнелеу : ЭЕМ-да ақпаратты бейнелеу нысандары мен тәсілдері; есте сақтау құрылғылары: есте сақтау құрылғыларының (ЕК) жіктелуі және жалпы мәліметтер; жедел есте сақтау құрылғысы (ЖЕК); тұрақты есте сақтау құрылғысы (ТЕК); жалпы қолданыстағы ЭЕМ: сәулет, ерекшеліктері, қолданылу саласы; енгізу-шығару каналдары ; микропроцессорлар: микропроцессорлардың негізгі шектеулері, сәулет ; микропроцессорлық жинақтар ; микропроцессор командаларының жүйесі; микроЭЕМ: функционалдық шектеулер, микроЭЕМ сәулеті; микроЭЕМ-ның енгізу-шығару жүйесі; перифериялық құрылғылар: дисплей және таңба басатын құрылғылар; технологиялық процестерді басқарудың автоматтандырылған жүйесінде (ТП БАЖ) ЭЕМ қолдану: мамандық бойынша техника-экономикалық және жедел есептеулерде ЭЕМ қолдану.

- жалпы қолданыстағы есептеу машиналарын ұйымдастыру қағидасын;
- перифериялы құрылғылардың жұмыс қағидасы мен номенклатурасын;
- микропроцессорлар мен микроЭЕМ базасында есептеу басқару жүйелерін ұйымдастыру қағидасын;
- мамандық бойынша техника-экономикалық жедел есептеулерде ЭЕМ пайдалану негіздерін.
Іскерліктер:
- сандарды бір жүйеден екіншіге ауыстыру;
- қарапайым дискретті автоматтық құрылғылардың жұмыс алгоритмдерінің логикалық функцияларын құру;
- МК бағдарламалауға арналған бағдарламалар құру, бір реттік автоматтардың ақиқаттық кестелерін құру және анықтау;
- пернетақта және монитордың көмегімен ЭЕМ-мен сұхбат жүргізу;
- микропроцессорлық құрылғыларды қолдану отырып, автоматтандырылған жүйелердің құрылымдық сұлбаларын құру;
- мамандық бойынша бағдарламалар пакетін қолдану;
- мамандық бойынша техника-экономикалық есептеулерде ЭЕМ пайдалану.

БҚ 5,7,9
КҚ 3.4.3

ӨО ж КП 00

Өндірістік оқыту және кәсіптік практика

Оқу практикасы.
Материалдарды слесарлы-механикалық өңдеу; қауіпсіздік техникасы және

Іскерліктер:
- сызғышты, штангенциркульді, деңгейді, бұранда

